

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 94 (574+575) «1916»

Қолжазба құқығында

ТІЛЕУБАЕВ ШАМЕК БАЯНҰЛЫ

**Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі**

07.00.02 – отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
тарих ғылымдарының
докторы, профессор
Қойгелдиев М.Қ.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КӨТЕРІЛІСТІҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ.....	21
1.1 Жаңа тарихи деректер көтерілістің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани алғы шарттары жөнінде.....	21
1.2 Отаршыл жүйе көтерілістің ұйымдастырушы.....	40
2 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ БАРЫСЫ.....	48
2.1 Жетісу уездеріндегі көтерілістердің басталуы және барысы	48
2.2 Жетісулық зиялылардың көтеріліс тұсындағы қызметі.....	62
3 ОТАРШЫЛ ЖҮЙЕНІҢ КӨТЕРІЛІСШІЛЕРДІ РЕПРЕССИЯЛАУ ШАРАЛАРЫ. КӨТЕРІЛІСШІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ БОСҚЫНШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ.....	81
3.1 Оккупациялық режим мен қоныс аударушылардың көтерілісті басу шаралары.....	81
3.2 Көтерілісші халықты тарихи атамекендерінен көшіру шаралары.....	87
3.3 Көтерілісшілердің Қытай жеріне асуы және оларды тарихи Отанына қайтару шаралары.....	99
ҚОРЫТЫНДЫ.....	113
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	115

ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ПМ – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты

ҚР ОММ – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты

ҚР ҰҚКМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаты

ӨР ОММ – Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты

РМ ӘТМ – Ресей мемлекеттік Әскери тарих мұрағаты

РФ ММ – Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты

РМӘСТМ – Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Зерттеу жұмысында Түркістан генерал-губернаторлығы Жетісу облысы құрамындағы ортақ тағдырлы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы талданып, олардың көтеріліске шығу себептері мен барысы, билік жүйесінің бұл оқиғаға байланысты ұстанымы, көтерілістің басып-жаншылуы, босқыншылыққа ұшыраған халықтың жағдайы және Отанына қайтып оралғаннан кейінгі тағдыры талдауға алынады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Еліміз ғасырлар бойы аңсаған мемлекеттік егемендігін алған уақыттан бері оны нығайту жолында маңызды мәселелерді шешіп, күрделі өзгерістерді бастан өткеруде. Осындай жағдайларда өткен тарихымыздың күрделі кезеңдерінен сабақ алып осы заманның проблемаларын шешудің жолы қарастырылуда. Қоғамда ақиқаты айтылып әділ бағасы берілетін тарихқа деген қызығушылық арта түсуде. Осы тұста еліміздің жүріп өткен тарихи жолын объективті, идеологиялық конъюктурадан тыс көрінісін жасау тарихи жадымызды қайта қалпына келтірудің негізі, ұлттық сананы қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің аса маңызды факторларының бірі. Сондықтан да отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеті кезінде идеологиялық шектеулер сәйкес біржақты баяндалған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тың деректік материалдар негізінде ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеу. Бұл ретте ұлт-азаттық қозғалыстарды талдауға алып, одан тиесілі тұжырымдар жасаудың теориялық және практикалық маңызы зор. Оның ішінде ұлттық бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрестерінің бір белесі саналатын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің мәселелерін де объективті тұрғыдан зерттеу назардан тыс қалмағаны абзал.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, сипатын, жетекшілері мен ұлттық қайраткерлердің қызметін, ұлтаралық қайшылықтарды түсіндіруде таптық, интернационализм принциптері тұрғысынан біржақты бағалауға жол беріліп, оқиғалардың нақты көрінісі күңгірттеу қалып отырды.

Тәуелсіздік жылдары елімізде ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты бірқатар тың еңбектер жарияланғаны белгілі. Дегенменде, Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұтас күйінде қарастырыла қойған жоқ. Оның шығуына негіз болған мәселелер, отарлық әкімшіліктің көтерілісшілерге қарсы қолданған репрессиялық шаралары, шиеленіскен ұлтаралық қатынас, босқыншылыққа ұшыраған халықтың тарихи тағдыры, осы тарихи кезеңдегі қазақ-қырғыз қайраткерлерінің қызметі сияқты т.б. аспектілер әліде зерттеуге мұқтаж. Осы тұрғыдан біздің зерттеу тақырыбымыз өзекті мәселеге арналғанын байқатады.

Академик М. Қозыбаев аталған мәселені ескі ұлы державалық мүдде тұрғысынан емес, ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық мүддеге, жалпы адамзаттық

қасиеттерге негізделген жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде зерттеу қажеттігін атап көрсетеді [1].

Осылай қарағанда аталған көтерілісті зерттеу оның алғышарттарын, орын алған ұлтаралық қақтығыс мәселелерін, отарлық әкімшіліктің ұстанымын, тағдыры ортақ қазақ пен қырғыздың жағдайын, сол тұстағы ұлттық саяси қайраткерлердің ел мүддесін қорғаудағы қызметін терең түсінуге септігін тигізбек. Ұлттық тарихымызды оқып-үйренудің аясын кеңейтуде өзектілігі арта түседі. Сондықтан оны жүйелі түрде осындай бағытта зерттеу бүгінгі таңда отандық тарих ғылымының сұраныстарына сай келеді деген ойдамыз.

Осы тұрғыдан қарастырғанда Жетісудағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихын қайта зерделеу арқылы қорыта отырып сұраныстарға сай әділ бағасын беру қажеттілігі туындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Жалпы алғанда, 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстандағы көтеріліс мәселесінің түрлі көзқарастар мен пікірлер төңірегінде жазылған біршама тарихнамасы бар.

Мәселеге қатысты осы уақытқа дейін жарық көрген тарихи әдебиеттерді тарихнамалық шолуда кезеңдері мен ерекшеліктеріне қарай жүйелеп беруге тырыстық.

Көтеріліс туралы пікірлерді кезінде отарлаушы жүйенің чиновниктері ресми құжаттарында, рапорттарында, есептері мен жазбаларында баяндай бастаған. Олар 1916 жылғы оқиғаларды өздерінің отарлық саясаты негізінде кездейсоқ болған құбылыс дейді. Сонымен бірге, олардың пікірінше 1916 жылғы көтеріліс Ресейге жау кейбір шет мемлекеттердің жансыздарының, «түрік және герман тыңшыларының» арандатушылығы деп көрсеткен. Жетісудағы Нарын бөлімшесінің бастығы И.Д. Колосовский Жетісу облысының әскери губернаторына жазған мәлімдемесінде «бұл көтеріліс көрші мемлекеттермен тығыз байланыс жасап отырған ірі бай-манаптардың іс-әрекеттерінің салдарынан, сырт күштердің ықпалынан болған»- деп топшылайды [2]. Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин 1916 жылғы оқиғаларды «үлкен қайғы» -деп атайды [3]. Патша чиновниктері өздерінің өлкеде іске асырған саясатының салдарынан негізі қаланған көтерілістің тереңде жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани тамырын жоққа шығарып, Ресей империясының отарлық саясатын ақтауға тырысады.

1916 көтерілістің мәселелерін ұлт зиялылары алғашқылардың бірі болып қарастыра бастаған. «Қазақ» газетіне топтасқан зиялылардың бастамасымен 1916 ж. 7 тамызда Орынборда Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облысы қазақтары өкілдерінің 25 маусымдағы патша жарлығына байланысты туындаған мәселелерді талқылаған кеңесі өткізілді. Кеңес Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен, М. Дулатов және О. Алмасовтың хатшылығымен өтті. Кеңеске қатысушылар патша жарлығының алдын-ала жарияланбай, тосыннан берілгенін, оған халықтың дайын еместігін, жергілікті әкімдердің қиянатын атап көрсетті. Кеңеске қатысушылар қалыптасқан жағдайды талқылай келе Ресей үкіметіне 17 тармаққа негізделген талап-тілектерін ұсынды [4].

Ал негізінен 1916 жылғы көтерілістің тарихын кең түрде қарастыру, оның шығу себептері мен салдарын, сипатын, т.б., мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу 1920 – 30 жылдары белсенді жүргізілді. Осы кезеңде бұл тақырыпқа байланысты бірқатар еңбектер жарық көрді. Т. Рысқұлов: «Бұл қатыгездікпен басып-жанышталған жүздеген және мыңдаған қаналған халық бұқарасының отарлық қанауға қарсы көтерілісі» деп оның шығу себептері мен салдарларына, сипатына тоқтала отырып салмақты ой айтады [5].

А. Миклашевскийдің 1924 жылы «Былое» журналында жарық көрген «Социальное движение 1916 года в Туркестане» деген көлемді мақаласында «1916 жылғы көтеріліс сипаты жағынан ұлттық күрес түрінде патша әкімшілігіне қарсы» бағытталған деген қисынды пікір білдіреді [6].

Г.И.Бройдо өзінің «Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году» атты еңбегінде «...көтеріліс жоғарғы патша әкімшілігінің арандатуымен қырғыздарды жойып, жерін тазарту арқылы үкіметтің отарлауын одан ары жалғастыру үшін жасалған әрекет...» - деп бағалайды [7]. Ф.Божко өзінің «Восстание 1916 года в бывший Туркестане» деген шағын еңбегінде «Қырғыздар мен түркімендердің бай-манаптары, ру көсемдері, кедейлердің ықпалымен халық арасына өздерінің беделін көтеру үшін көтеріліске басшылық жасады»-деген пікір айтады [8]. Бірақ ол көтеріліске халықтың мүлік жағдайына қарамай шыққанын, мұндай азаттық күреске халықтың әлеуметтік жіктеліске қарамастан мүдделі болғанын ескермейді.

Онымен салыстырғанда Чеканинскийдің 1926 жылы жарық көрген 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліске байланысты еңбегінің маңызы зор. Чеканинский көтерілістің шығуы себептеріне, сипатына, салдарына жан-жақты ашып көрсетіп, онда көтерілістің әлеуметтік экономикалық, саяси, рухани мәселелеріне мүмкіндігінше тоқталуға тырысқанын байқатады [9].

Сондай-ақ, А.В. Шестаков пен Ә. Бөкейхановтың «1916 жылғы көтерілістің он жылдығына (1916 – 1926)» атты мақаласында атты мақаласында көтерілістің өзегінде жер мәселесі жатқанын сипаттай келе: «...Ресейде жердің бәрі байлардың, алпауыттардың қолында болған. Жерсіз мұжық алпауыттардың қолындағы жерді тартып алмақ болып неше қабат бас көтерген. Алпауыттың өзін айдап, өлтіріп, жерін тартып алып, отарын жағып жібере бастаған. Міне, осы қауіп-қатерден байларды, алпауыттарды сақтап алып қалмақшы болған, патша өкіметі ішкі Ресейдегі мұжықты қазақ-қырғыз жеріне қойдай айдаған... Бұл сықылды қозғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болды. Жер үстінде бай мен жарлы табының тартысы күн санап өрттей дулап келеді. Өрт қиырға жайылып барады. 1916-шы жылғы қазақ-қырғыздың көтерілісі осындай өрттің тамызғысы болып шығады. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды ер құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!» - деп көрсетеді [10]. Алаш зиялыларының бірі М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінде көтерілістің он жылдығына орай жазған мақаласында қазақ даласындағы 1916 жылдың мәселелеріне тоқтала келіп: «..."Сайланған сары әскер" қарсылық

кылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?!» - деп жазады [11].

Қ. Сарымолдаев: «қазақтардың жерден ығыстырылуы, су пайдаланудағы келеңсіз құбылыстар, көш жолдарының бұзылуы т.б. әр қазақтың шаруашылығына әсер етіп, оларды бұл қанаудан құтылуға ойландырып көтерілістің шығуына алып келді» деген орынды ой айтады [12].

Т. Жүргенов 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық» атты мақаласында: «...1916 жылғы қазақ көтерілісі – ұлт /бөлек ел/ көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді.» - деп орынды атап көрсетеді [13].

А.В.Шестаков 1916 жылғы оқиғаларға байланысты «Кейбір жағдайларда көтерілісті манаптардың, хандардың басқаруы феодалдық-рулық қатынастың күні өткендіктен қозғалысты артқа тартты» деп таптық тұрғыдан баға беруге тырысады [14]. Оның айтқан ойымен келісе беруге болмас, көтеріліске шыққан халықтың ауқатты топ өкілдері де, қарапайым шаруалары да отарлық қанаудан құтылуға мүдделілік танытқан болатын.

1920-шы және 30-шы жылдардың басындағы зерттеу еңбектерде 16 жылғы көтерілісті ұлттаралық қақтығыс ретінде қарастыру байқалды. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліс тарихынан құнды еңбектер жазып қалдырған қайраткер Т. Рысқұлов: «...16 жылғы оқиғалар кей жерлерде шиеленіскен сипат алып, жергілікті халықтың ашу-ызасы оқиғаға кінәлілерге ғана емес, өлкеге қоныстандырылған шаруа бұқарасына да қарсы бағытталды»-деп көрсетеді [15]. Қырғыз халқының қайраткері Ж. Абдрахманов мақаласында «көтеріліс орыстарға қарсы бағытталды» деген пікір айтты [16].

Мұндай тұжырым ресми идеологияға ұнай қойған жоқ. Сондықтан-да, мұндай «ұшқары» пікірлерді шектеу мақсатында 1931 жылы БК(б)П-ның Ортаазия Бюросы мен Революцияның Орта Азиялық ғылыми зерттеу институтының насихат бөлімінің даярлауымен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтерілістің тарихын қай бағытта жазу керектігі айқындалған тезистері жарық көрді. Онда: «Успехи социалистического строительства республик Средней Азии были завоеваны в результате многолетней, упорной революционной борьбы трудящихся масс – с империалистами, феодалами, местной буржуазией, байством, кулачеством, под руководством и поддержке российского пролетариата. Восстание 1916 г. было важнейшим этапом на этом пути.»-деп көрсетіліп, көтерілістің алғышарттары, сипаты мен қозғаушы күштерін баяндаудың «басым бағыттары» анықталды [17].

Осы тұста 1931 жылы көтерілістің 15 жылдығына орай Қазақстанда Голощекин атындағы Комвузда өткен пікірталас өтті. Ол пікірталас өзінің карама-қайшылықты, күрделі ерекшеліктерімен сипатталады. Онда көтерілістің шығу себептері, сипаты, маңызына, зиялылардың ролі мен қызметі т.б., мәселелерге қатысты С. Меңдешев, И. Қабылов, І. Құрамысов, Ж. Арыстанов,

Тәжібаев, Д. Смирнов, Савинский, Слесарев, Павлов, т.б., баяндамалар жасап, қызу талас болады. Біздің қолымызға осы пікірталастың ҚР Президенті мұрағатының қорында сақталған 20, 24 тамыздағы және 7 қазандағы стенограммалық нұсқасы түсті және ол алғаш рет ғылыми айналымға тартылып отыр.

Бұл пікірталаста негізгі баяндаманы С. Меңдешев, қосымша баяндаманы И. Қабылов жасайды. С. Меңдешев баяндамасында кара жұмысқа алынғандардың кейінгі тағдыры белгісіз, олар туралы деректер тапшы екендігін, сонымен қатар жергілікті материалдардың зерттелмей жатқанын айта келіп көтерілістің сипатына тоқталып былай дейді: «Поэтому восстание казахского населения в 1916 году необходимо отнести к движению национально-освободительному от колониальной политики царской империалистической России. С этой точки зрения это восстание следует считать составной частью назревавшей в России революции.

При оценке событий 1916 года имеет место оценка велико-державно-шовинистических элементов и элементов националистических. Шовинисты оценивают восстание 1916 года как восстание несознательной казахской массы против своих обидчиков, местных верхушечных элементов, которое для общей революционной борьбы никакого значения не имеет. Такова оценка шовинистов. Местные националисты наоборот – они даже противопоставляют восстание 1916 года пролетарской революции, говоря, что пролетарская революция никаких освободительных целей, никаких целей освобождения национальностей не имела, а 1916 год – это было исключительно национально-освободительное движение. Такова оценка этих уклонистов. Неправильно и то, и другое. Это нужно окончательно отвергнуть и сегодня, в дискуссии по этому поводу товарищи должны высказаться. Я думаю, что такие оценки ничего общего не имеют с большевистской оценкой событий 1916 года. Я уже сказал, как надо рассматривать события 1916 года. Это национально-освободительное движение – это составная часть назревавшей революции. Это восстание возникло в период кризиса империалистической России» [18].

Қосымша баяндамашы Қазақстанда большевизмді насихаттаушы маркстіл жастардың бірі И. Қабылов көтерілістің сипатына байланысты: «Восстание 1916 года, в свою очередь, являлось подготовкой Октября в Казахстане.... Восстание 1916 года было генеральной репетицией на этом пути к победе. В 1916 году впервые за всю историю национально-освободительного движения в Казахстане поднялись широкие трудящиеся массы против российского царизма и империализма и их системы угнетения и местной предательской средневековой, до средневековой знати, байства и их идеологов – алаш-орды. Восстание 1916 года не увенчалось успехом, но подготовило победоносный казахстанский октябрь и переход трудящихся казахов на путь социалистического развития, минуя мучительную стадию капитализма»- деп көрсетеді [19].

Пікірталасқа қатысқандардың бірі Ж. Арыстанов: «Поэтому я считаю, что восстание 1916 года, во-первых, восстанием национально-освободительным,

во-вторых, оно было восстанием, направленным против остатков до средневековья и средневековья в самом крае, - следовательно, оно было буржуазно-демократическим, в-третьих, поскольку оно содержало внутреннее классовое противоречие, это было движением, перерастающим из буржуазно-демократической революции в пролетарскую.» -деген пікір айтады [20].

Бұл баяндамашылардың да, олардан кейін жарыссөзге қатысқан басқалардың пікірлерінен де ұлт-азаттық көтерілістің сипатын, алаш зиялылары мен көтеріліске жетекшілік жасаған ауқатты топ өкілдерін біржақты бағалауға басымдық берілуі сол кезеңдегі үстемдік ала бастаған кеңестік идеологияның тар таптық ұстанымын байқау қиын емес. «Капитализмді айналып өтіп, социалистік даму жолына» қалай түскенімізді кейінгі тарих көрсетіп бергені белгілі... Олардың айтқан мұндай біржақты пікірлерінің дұрыс еместігін тәуелсіздік жылдары жарық көрген жаңа көзқарастағы зерттеулер айқын көрсетіп отыр. Қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы көтерілісі 1917 жылы большевиктердің жасаған Қазан төңкерісіне еш қатысы жоқ еді. Бұл көтеріліс Ресей империясының өлкеде жүргізген отаршылдық саясатының салдарынан әбден қаналып, езілген елдің ішінен буырқанып қайнап шыққан, алғышарттары пісіп-жетілген, орыс отаршылдығына қарсы бағытталған ұлттың азаттығы жолындағы көтерілісі болатын.

Пікірталасқа қатысқан Слесарев болса көтерілістің кейбір аймақтық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, Жетісудағы көтеріліске қатысты: «Если взять вторую сторону оценки восстания, то характер восстания в отдельных местах, хотя он и носил националистический характер, имеет известную разницу. В Тургайской области, где имели места репрессии со стороны правительства, восстание шло против представителей царской власти. Там, где царская власть действовала при помощи крестьян колонизаторов, - это восстание выражалось в форме противодействия против самого крестьянства, и эта форма была ужасна.

Из донесения Куропаткина видно, что была беспощадная резня как с той, так и с другой стороны.

Интересен сам факт, если со стороны русского населения в Семиречье погибло около 3 тысяч человек, то со стороны казахского населения погибло 30 тысяч человек. Если посмотреть во что это вылилось по разным участкам, то количество кибиток, которые или просто ушли, или пропали без вести, достигало 150 тысяч. Таким образом, результаты восстания в этой части были ужасны для казахов, еще и тем, что та часть казахов которая направилось в Китай, была встречена и ограблена калмыками и выгнана обратно. Это было ужасное истребление, напоминавшее истребление калмыков.» -деп көтеріліс барысындағы көтерілісші қазақ-қырғызбен келісек орыстардың арасында ұлтаралық шиеленістің орын алғанына көңіл бөліп, көтерілістің асқан қатыгездікпен басып-жаншылғанын айтып оны «қалмақтардың жойылып кетеуімен» салыстырып дұрыс пікір білдіріп, сонымен қатар көтеріліс барысында өлкеде ұлтаралық қақтығыстың орын алғаны мойындайды [21].

Келесі сөз алған баяндамашы Павлов: «Это звено одной все нараставшей волны буржуазно-демократического, национально-освободительного движения,

угнетенных колониальных и полуколониальных народов Востока. Это движение усугублялось еще и внутренними порядками...» - деп 1916 жылғы қозғалыс шамамен 1905 жылы басталған отарлық езгіден қаналған Шығыс халықтарының ұлт-қозғалысымен ортақ, ниеттес болған, ішкі тәртіптермен шиеленіскен қозғалыс екендігіне көңіл бөледі [22].

Одан кейін сөз алған Тәжібаев: «Восстание 1916 года действительно послужило на пользу тому, что трудящиеся осознали свои классовые интересы...»-деп үстемдік еткен таптық мүдде сарынында сөйлейді [23].

1931 жылдың 7 қазанында болған пікірталаста жарыссөзге қатысып 1916 жылғы көтерілістің сипаты мен қозғаушы күштері туралы баяндама жасаған Д. Смирнов бастапқы баяндамашылар мен қосымша сөйлегендердің пікірлеріне, жалпы көтерілістің сипатына тоқтала келе: «Это восстание по-своему характеру и целям было национальной революционной войной против царизма с той характерной особенностью, что это была крестьянская национальная война по преимуществу, при явно предательской роли национальной буржуазии и интеллигенции, поступивших на службу русскому империализму.

2. Восстание 1916 года было одним из звеньев в цепи гражданских и национально-освободительных войн в эпоху империализма и пролетарской революции. Следовательно, как субъективно, так и объективно это движение было глубоко прогрессивным и революционным по существу...» - деп 1916 жылғы көтеріліске «революциялық» сипат беріп, көтерілісті қолдамаған ұлт зиялыларын таптық партиялық ұстаным тұрғысынан айыптай сөйлейді. Бұл «көсемсөзшінің» пікірінің дұрыс еместігін бүгінгі таңдағы тың зерттеулер көрсетіп отыр белгілі [24].

Дискуссия материалдарында 16 жылғы көтеріліс ұлтаралық қайшылықтар көрінісі емес, басым түрде әлеуметтік-таптық мүдделер қақтығысы ретінде, соған сәйкес Октябрь социалистік революциясына қоғамды даярлаушы фактор есебінде қарастырылды.

1930-шы жылдары 16 жылғы көтерілісті ұлтаралық қақтығыс ретінде қарастырған авторлардан, әрине М. Шоқайды атаған жөн. Ол «1916 жылғы көтерілістер, «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады. ...«16-жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді» деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесі де жоқ еді.»-дей келіп «...нағыз большевиктердің өздері де 16-жылғы көтерілісті қанша зерттесе де, Түркістан халқы арасынан таптық күрестің елесін де таба алмаған болатын. ...Большевиктік пердесінің ар жағынан кейде түркістандық рухы есіп тұратын Тұрар Рысқұлов қана емес, осы көтерілісті зерттеген орыстың нағыз большевиктерінің өздері де бұл қозғалыстың Ресейге және орыстыққа қарсы жалпы халықтық сипатта өрістегенін теріске шығара алмаған еді»- деп көрсетеді [25]. М. Шоқай айтпақшы шыныменде көтерілісте ешқандайда таптық сипат жоқ еді, бұл көтеріліс отарлық езгіден құтылуға ұмтылған қазақ пен қырғыз ұлтының азаттық жолындағы арпалысы болатын.

Ыстықкөл өңіріндегі көтеріліске жетекшілік жасаған тұлғалардың бірі, кезінде Белек Солтонаев «Қызыл қырғыз тарыхы» атты кітабында көтерілістің себептері мен салдарын, барысын, босқыншылыққа ұшыраған елдің тағдыры туралы құнды пікірлер айтады [26].

1936 жылы көтерілістің 20-жылдығына орай тағы бірқатар еңбектер жарық көрді. 1936 жылы С. Брайнин мен Ш. Шафионың «Восстание казахов Семиречья в 1916 году» шағын еңбегі шықты. Бұл еңбекте: «Что касается байства и манапства, то их позиции сразу же определились, как позиции союзников самодержавия в подготовке и проведении мобилизации. ...Колониальная администрация и их преспешники внутри аула не могли скрыть от масс того, что крепнет во всей стране революционное движение, руководимое большевистской партией, ... сочувственное отношение к ним передовых революционных элементов русского населения области.»-деп орыс пролетариаты мен большевиктер партиясының «жетекшілік» ролін баса көрсетіп, біз қарастырып отырған 1916 жылдың мәселелерді баяндауға байланысты кеңестік тарихнаманың негізгі бағыттары мен тұжырымдарын, көтеріліске жетекшілік жасаған ауқатты топ өкілдері мен ұлттық зиялыларға қатысты «құстанымдарын» бекітіп берді деуге болады [27].

1940 – 1960 жылдары да 1916 жылғы көтеріліс мәселесі назардан тыс қалған жоқ. Орта Азия мен Қазақстандағы көтерілістің тарихын зерттеуде біршама жұмыстар істелді. Олардың қатарына Б.Сүлейменовтың, О. Кулиев пен А. Якуниннің, Т. Елеуовтың еңбектерін арнады. Бұлардың барлығы да 1916 жылғы оқиғалардың зерттелу шеңберін кеңейтіп, өзіндік үлес қосты [28].

1954 жылы 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында КСРО Ғылым Академиясының ықпалымен Орта Азия мен Қазақстан тарихының Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңге арналған, біріккен ғылыми сессиясы өтіп, онда ұлттық қозғалыстардың сипаты мен ерекшеліктері төңірегінде пікірталастар болады. Бұл пікірталастарға белгілі кеңестік тарихшылар А.В.Пясковский «1916 жылғы Орта Азиядағы көтерілістің сипаты туралы» баяндама жасады. Сондай-ақ әртүрлі аймақтардағы көтеріліс сипатына байланысты Т.Тұрсынов, А.Г.Зима, О.К.Кулиев, С.Н.Покровский сияқтылар баяндама жасады. Осы сессияда 1916 жылғы көтеріліске «отарлық езгіге қарсы болған ұлт-азаттық қозғалыс» деп дұрыс баға берді [29].

1960 – 1980 жылдарда 1916 жылғы көтеріліске байланысты бірталай еңбектер шықты. Атап айтқанда, Х.Тұрсыновтың «Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане», К.Үсенбаевтың «Восстание 1916 года в Киргизии», Б.Сүлейменовтың және В.Басиннің «Восстание 1916 года в Казахстане» деген еңбектері. Аталған еңбектерде авторлар көтерілісті кеңестік тарихнама шеңберінде тоқталып, талдауға әрекет жасайды [30].

1986 жылы Т.Н. Омурбеков Жетісудағы халықтардың ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысуы туралы кандидаттық диссертация қорғап, онда 1916 көтерілістің мәселелеріне тоқталады [31].

Жоғарыда аталған еңбектерде 1916 жылғы көтеріліс туралы әртүрлі көзқараста пікірлер айтылды. Олардың бірі қисынды болса, екіншісі оған қарсы болды, дегенменде олар мәселені кеңестік тарихнама шеңберінен шығармай баяндауға тырысты

1990 жылдары көтеріліс тарихына туралы жаңа көзқарастағы зерттеулер жүргізу қолға алынды. 1990 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институты «Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ)» деген тақырыпта «дөңгелек үстел» ұйымдастырып өткізді. Онда да осы 1916 жылғы көтеріліс мәселесі туралы К.Г. Шаймерденова «Ұлт-азаттық көтерілістердің себептеріне», А.Г. Сармурзин «Об участии национальной интеллигенции в национально-освободительном движении Казахского народа 1916 года» деген тақырыптарда баяндамалар жасады [32].

Біз қарастырып отырған мәселеге объективті баға беріп зерттеуге деген талпыныс қазақ пен қырғыз елі егемендік алғаннан кейінгі кезеңде жандана түсті. Тарих ғылымының маркстік-лениндік методологиясынан арылып, партиялық принциптен бас тартуы зерттеушілерге патша өкіметінің отарлық билік орындарының құрылуы мен қызметіне, ұлт азаттық қозғалыстар тарихы, т.б., мәселелерге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік берді.

1991 жылы 17-18 қазанда Бішкек қаласында 1916 жылғы көтерілістің 75 жылдығына арналған аймақтық ғылыми конференция өтіп, бұл бас қосуда қазақ және қырғыз елдерінің тарихшы- ғалымдары тың пікірлер баяндады. Конференцияда К.Қаракеев, Қ.Үсенбаев сияқты қырғыз елінің көрнекті тарихшылары «отарлық езгіге қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс» десе, Қ.А.Тоқтамышев «орыстарға қарсы» болған көтеріліс деп көрсетеді. Ал Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Н.Т.Кенжебаев Россияның протетарлық емес партияларының көтеріліске қатысы туралы біраз жаңа пікірлер айтады. Осы институтының ғылыми қызметкері А.К.Бисенбаев көтерілістің кең әлеуметтік базасына, басқару органдарына, жалпы ұлттық идеяларына сүйене отырып «ұлт-азаттық революция» деп көрсетеді. Г.А. Байболова өзінің тақырыбын Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының қызметіне арнайды. Ол мұсылман депутаттарының «патша әскерлерінің және казак-орыстардың көтерілісшілерді жазалаудағы қатыгез әрекеттеріне» ашық сын айтуын ерлік деп бағалайды [33].

Қазақ пен қырғыз елдері тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда 1916 көтерілістің тарихы жаңа қырынан зерттеліп, бұрындары белгісіз болып келген немесе айтуға мүмкіндік берілмеген кейбір мәселелер ашық айтыла бастады. Оның ішінде әсіресе ұлт зиялыларының ұстанымы мен қызметі туралы жаңа концептуалды тұрғыдан зерттеулер жүргізілді.

Қазақ пен қырғыздың егемен ел ретінде даму кезеңінде 1916 көтерілістің тарихы жаңа қырынан зерттеліп, бұрындары белгісіз болып келген немесе айтуға мүмкіндік берілмеген мәселелер ашық айтыла бастады. М.Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Ә. Тәкенов, М. Қойгелдиев, Н. Мұхаметханұлы, Д. Аманжолова, М.

Төлекова, А. Махаева, т.б., жатады. 1916 жылғы көтеріліске арнап жазған мақаласында М. Қозыбаев: «...ұлттық интеллегенцияның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды» деп көрсете отырып, қазақ зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы ұстанымына және соғыс тылындағы «қара жұмыстарға» алынған қазақ жұмысшыларына көрсеткен қызметін арнайы зерттеу қажеттігіне орынды көңіл бөледі [34]. Сонымен қатар, М.Қозыбаев: «1916 жыл оқиғаларына байланысты жаңаша ойлау және «ақтаңдақтарды» жою тұрғысынан қайта қарастыруды талап ететін көптеген мәселелер бар екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр»-деп көтерілістің зерттелмей жатқан мәселелеріне назар аударады [35].

Ұлт зиялыларының қайраткерлігін тәуелсіздік жағдайындағы тарихтану тұрғысынан қайта қарап, концептуалдық тұжырымдар жасап, қоғамда жаңа көзқарас қалыптастырған ғалымдар К. Нұрпейіс пен М. Қойгелдиевтің еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Олар 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы зиялылардың ролі мен қызметін тарихи объективтілікпен бағалап, әділеттілікті қалпына келтіріп, ұлт зиялылары туралы таным-түсінікке ұлттық концепция бағдарына сәйкес жаңа сипат берді [36]. Аталған ғалымдармен қатар, тарихшы-ғалым Д. Аманжолованың да ұлт зиялыларына арнап жазған еңбегінің зор екенін атап айта кеткен жөн [37].

Белгілі тарихшы-ғалым Ж. Қасымбаев көтерілістің 80 жылдығына арнап жазған проблемалық мақаласында 1916 жылғы 25 маусым жарлығының шығуына байланысты мәселелерге жан-жақты тоқтала отырып, оның заңсыз жарлық екендігін делелдеп «...маусымның 25-індегі II Николайдың жарлығы заңға қайшы шешім болған»-деп көрсетеді [38].

Көтерілістің 80 жылдығына орай 1996 жылы Алматыда Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтіп, онда қазақ-қырғыз елінің танымал тарихшылары М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Қ. Үсенбаев, Н.Е. Бекмаханова Ф.Н. Мийманбаева сынды т.б., ғалымдар мәселенің сипаты, қозғаушы күштері, сабақтарына, т.б., байланысты тың баяндамалар жасады [39]. Тәуелсіздік жылдары 1916 жылғы көтерілістің аймақтық ерекшеліктеріне арнап жаңа көзқарас тұрғысынан Е. Ермұқанов, Е. Құрманбеков, Ж. Ибрагимов, Ө. Бекмағанбетов, т.б., бірқатар диссертациялар да жазды [40].

Тарихшы М. Төлекова монографиялық еңбегінде Жетісу өңіріндегі халықтардың әлеуметтік-демографиялық ахуалын қарастырып, жан-жақты тоқталған [41].

Танымал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев Жетісуда үстемдік құрған Ресей билігінің тарихын жазған монографиясында отарлық биліктің 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметіне де тоқталады [42].

Ал қазіргі уақыттарға дейін бұл тақырып күн тәртібінен түспей, зерттеушілердің назарын аударуда. Белгілі қытайтанушы тарихшы-ғалым Н. Мұхаметханұлы Қытайдағы қазақтардың қоғамдық өмірін зерттеуге арнаған монографиялық еңбегінде отаршыл жүйенің репрессиялық шараларына шыдамай, жазалаушы әскердің салған ойранынан бас сауғалап Қытай жеріне өткен көтерілісшілерге байланысты мәселелерді зерттей отырып: «1916 жылы

Қазақстанда бұрқ ете қалған оқиға кездейсоқ емес, керісінше ол қордаланып қалған тарихи қайшылықтардың заңды жарылысы еді деуге болады. Ұлт-азаттық қозғалысы теңдік болмаған елде орын алатын қоғамдық құбылыс.»-деп көтерілістің шығуы туралы дұрыс пікір айтып, босқыншылыққа ұшырап адам айтқысыз қиындықтар көрген халықтың өмірін жан-жақты баяндайды. Ал, Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуына арналған еңбегінде Қытай жеріне өткен көтерілісшілердің аянышты жағдайын бейнелейтін түпнұсқалық қытай деректерін жариялай отырып: «Төменде сұрыптап аударған деректер 1916 жылғы қызыл қырғыннан жан тасалап Қытай асып кеткен қазақтардың ол жақта көрген жан түршігерлік жағдайын және Қытай мен Ресей үкіметтерінің оларға қолданған саяси шараларын еш боямасыз, қаз-қалпында жайып салады.»-деп оның құндылығын атап көрсетеді [43]. Бауырлас қазақ-қырғыздың ХҮІІІ ғ. екінші жартысымен ХХ ғ. басындағы саяси байланыстарының тарихына жаңа көзқарас тұрғысынан ғылыми монография жазып, докторлық диссертация қорғаған тарихшы-ғалым А. Махаева: «Жетісудағы 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі – ХІХ ғасырдағы орыс отаршылдығына қарсы күрестің, азаттық жолындағы бабалар күресінің жалғасы іспетті болды.

1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақтар мен қырғыздар дәстүрлі хандық билікті жаңғыртты, патшалық Ресей үкіметінің басқару жүйесін жоюға ұмтылды.

Хан сайлауда меритократиялық принцип сақталынды, яғни хан сайланар кісінің ақсүйектілігі емес, жеке кісілік, қол бастаушылық қасиеттері ескерілді. Санасында дәстүрлі билік туралы ұғым сақталған, таза көшпелілік дамыған аудандарда көтерілістің негізгі ұйымдастырушы күші ру басылары мен хандар болды»-деп 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісінің орыс отаршылдығына қарсы болған одан бұрынғы көтерілістердің заңды жалғасы екенін орынды көрсетіп, кеңестік тарихнама тұсында біржақты бұрмалауға түскен көтеріліс басшыларының еңбегін ақтай отырып, олардың қызметіне оң баға беретін құнды ой айтады [44].

Бүгінгі таңда да Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі әліде болса терең зерттеуді талап етіп, тарихшылардың назарын өзіне аудартып отырған өзекті проблема.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізін мынадай бірнеше топқа жіктеуге болады: ресми билік орындарына тән іс құжаттары, өңірдегі отарлық жүйе шенеуніктердің жазбалары мен талдаулары, баспасөз және статистика материалдары. Аталған деректік материалдардың басым бөлігі, әрине, билік орындарына тән іс құжаттары. Олар шыққан көзі және сипаты бойынша әртүрлі. Ал оны талдауға алуда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ), Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ), және Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (Өзб. ОММ) қорларында сақталған құжаттық материалдардың маңызы ерекше. Бұл топтағы құжаттық деректер ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. бас кезіндегі Түркістан өлкесі мен Жетісудағы 1916 жылғы көтерілістің тарихын белгілі дәрежеде ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Беретін мәлеметтерінің молдығы және маңыздылығы жағынан ҚР ОММ қорларының орны ерекше. Бұл мұрағаттағы «Жетісу облыстық басқармасы» (И-44 қор), «Дала генерал — губернаторының кеңсесі» (64 қор), «Уақытша үкіметтің Сырдария облысындағы комиссары. Б.П. Тризнаның жеке қоры. (1884-1920)» (№ 380 қор), «Верный округтік сотының тергеушісі» (№ 797 қор), «Верный округтік соты прокурорының көмекшісі» (№ 818 қор), «Верный округтік сотының прокуроры» (№ 76 қор), «Верный округтік соты прокурорының көмекшісі» (№ 818 қор), «Уақытша үкіметтің Жетісу облыстық комиссары қоры» (№ 9 қор), «Жетісу облыстық қоныс аудару басқармасының меңгерушісі» (№ 19 қор).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында орынды атап өткеніміз жөн. Мұндағы «Жетісу губерниялық комитеті» (№ 666 қор), «Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің саяси зерттеулер институты» (№ 811 қор), «БКП(б) Қазақ Өлкелік партия комитеті» (№ 141 қор) қорлардың материалдары маңызды болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағатының «Сотталып ақталғандар (Реабилитированных осужденных)» қорында (№ 6 қор) сақталған деректер құндылығымен ерекшеленеді. Бұл мұрағатта репрессияланған ұлт зиялыларына қатысты тергеу материалдарында патшалық отарлық билік тұсындағы қазақ даласында қалыптасқан жағдайларға байланысты мәселелер туралы маңызды мәліметтер бар.

Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының материалдары өзінің ерекшелігімен сипатталады – «КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институты» (№ 71 қор), «Ресей коммунистік партиясының Орта Азия бюросы» (№ 51 қор).

Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты тарихи материалдарға бай әрі құндылығымен ерекшеленеді. «Ішкі істер министрлігінің Бұратана бөлімі» (№ 1701 қор).

Қырғыз Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты өзіндік материалдарның топтамасымен сипатталады. «Мировые судьи Пржевальск уезінің 3 бөлімшесі 1908-1918 жж.» (№ 34 қор).

Біз зерттеп отырған тақырып бойынша деректік материалдарының құндылығы жағынан Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының орнында дұрыс айта кету керек. Бұл мекемедегі Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі (№ 1 қор), Түркістан аудандық бақылау бөлімі (№ 461 қор), қорларындағы деректік құжаттар патшалық биліктің Жетісу облысындағы әкімшілік-басқару қызметінен ғана емес, сонымен бірге оның жер және әлеуметтік саясатынан, жергілікті халықтың арасынан шыққан тарихи тұлғаларға қатысты ұстанымдарынан аса маңызды фактілік материалдар береді. Түркістан Орталық Атқару Комитеті (№ Р-17қор) 1916 жылғы көтерілістен соң босқыншылыққа ұшыраған Жетісудағы қазақ пен қырғыздарға байланысты, оларды тарихи отанына қайтарудағы Түрк. ОАК-нің қызметі туралы тың мәліметтер берумен құнды болып табылады.

Аталған қорлардағы құжаттық деректер сондай-ақ жергілікті халықтың отарлаушы биліктің шараларына қарсылығын түрлі қырынан ашып көрсетуге, сондай-ақ өлкедегі халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани өмірі жайында мол мәліметтер беріп, мәселені тереңірек түсінуге, босқын қазақ-қырғыздардың жағдайымен кеңірек танысуға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар біз қарастырып отырған мәселеге байланысты осы уақытқа дейін жарық көрген құжаттар мен материалдардың ғылыми жинақтарының маңызы зор екендігін айта кетуіміз керек.

Түркістан тарихынан құнды еңбектер жазған ғалым П.Г. Галузоның редакциясымен 1932 жылы Ф. Божко және С. Волин даярлаған «Восстание 1916 года в Средней Азии» атты құжаттар жинағы жарық көрді. Онда көтеріліс туралы құнды деректер жинақталған, оның ішінде Түркістандағы 1916 жылғы мәселелерімен танысып қайтқан Керенский бастаған комиссияның қорытындыларын талқылаған ҮІ Ресей мемлекеттік думасының 13-15 желтоқсандағы отырысының стенограммалық материалдары енгізілген. Т. Рысқұлов алғысөзін жазып, редакциясын басқаруымен Л.В. Лесной жинақтап 1937 жылы «Восстание 1916 года в Киргизстане» деп аталатын құжаттар мен материалдар жинағы жарық шықты. Бұл жинақта Түркістан өлкесіндегі, оның ішінде Жетісудағы 1916 жылғы мәселелерді жан-жақты ашып көрсететін құнды құжаттар топтастырылған. Әсіресе отаршыл әкімшіліктің көтерілісті басып-жаншу әрекеттеріне қатысты құнды деректер берілген.

1947 жылы Ф.Н. Киреев пен Ш.Я. Шафиرونның құрастыруымен «Восстание 1916 года в Казахстане» деген атпен құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді. Онда Жетісу мен Торғай өңіріндегі көтеріліс туралы деректер, патша әкімшілік орындарының жазбалары, рапорттары, оқиғаларға қатысқан куәгерлердің мәліметтері іріктеліп алынып көтерілісті әр жақты сипатта көрсетеді.

1960 жылы Мәскеуден «Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане» деген құжаттар жинағы жарық көрді. Жинаққа Орта Азия мен қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс мәселелерін әр қырынан қамтитын түрлі деректер енген. Дегенменде бұл жинаққа таптық ұстанымды айқын көрсететін материалдар іріктеліп берілгені байқалады. Соған қарамастан аталған жинақтар мәселенің деректік қорын кеңейте түседі.

1991 жылы бір топ тарихшы-ғалымдар мен мұрағат қызметкерлерінің құрастыруымен «Қарақара айбаты» атты құжаттар мен материалдар жинағы шықты. Бұл ғылыми жинаққа тарихшы-ғалым, академик Кеңес Нұрпейісовтың «Азаттық үшін айқасқан» деген көлемді мақаласы енгізілген. Сонымен қатар Сәуле Боранбаеваның «Қарқара көтерілісі» деген мақаласы енген. Оған қоса көтеріліс туралы тың тарихи деректер, көтеріліс куәгерінің естеліктері, көтеріліс кезінде туған тарихи өлең-жырлар енгізілген.

1998 жылы академик М. Қозыбаевтың редакциясымен 2 томнан тұратын «Қаһарлы 1916 жыл» атты құжаттар мен материалдар жинағы жарық көріп, оның 1-ші томына мәселені кең түрде сипаттап көрсететін тың деректер

енгізіліп, 2-ші томына қазақ даласының әр облыстарындағы 1916 жылғы көтерілісті баяндайтын куәгерлердің естеліктері қамтылған.

2004–2008 жылдары профессор М. Қойгелдиевтің жауапты редакторлығымен ұлт зиялыларының 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы және одан кейінгі қызметтерін жан-жақты ашып көрсететін «Алаш қозғалысы» деп аталатын құжаттар мен материалдар жинағы жарық көріп, мәселенің деректік қорын кеңейте түсті. Мұнда берілген мәліметтер 1916 көтеріліс мәселелерін, зиялы қауым өкілдерінің қызметін жаңаша тұрғыдан баяндауға мол мүмкіндік береді.

Қазақстанда іске асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2007–2008 жылдары «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» сериясы бойынша «Жетісу – Ыстықкөл қасіреті (1916 – 1920 жж.), «Орта Азия – Қазақстан: 1916 жыл», «Жетісу. 1916 жыл», «Байзақ Мамбетұлы и его современники» атты құжаттар мен материалдар жинағы біз қарастырып отырған проблеманың деректік қорын бұрындары белгісіз болып келген тың тарихи мәліметтермен толықтырып танымды тереңдете түседі.

Зерттеу жұмысының методологиялық негіздері.

Маркстік-лениндік методология негізін қалаған кеңестік тарихнамада тұсында Ресей империясының өзінің отар аймақтарындағы саясатын прогрестік құбылыс ретінде қарастырылғаны белгілі. Ал ресей отаршылдығына наразылық көрсетіп қарсы шыққан күрестердің ұлт-азаттық сипаты бір жақты бағаланып, олардың жетекшілері күні өткен феодалдық қатынастарды жақтаған қорғаушылар есебінде көрсетіліп, ұлт зиялыларының қайраткерлігі «буржуазияшыл-ұлтшылдардың» қызметі ретінде айыпталып, шиеленіскен ұлтаралық қатынастар туралы мүлде айтуға тиым салынып, орыс пролетариатының революциялық қозғалыстардағы «жетекшілік» ролін асыра бағалайтын пікір қалыптастырылды. Империяның жүргізген отарлық саясатын ақтауды көздейтін бұл методологиялық әдістің күні өтті деп есептейміз. Біз диссертациялық зерттеуімізде отарлық билік жүйесінің Жетісудағы қазақ және қырғыздарға қатысты жүргізген озбыр саясатын әшкерелеп, туысқан екі халықтың отаршылдық езгіге қарсы күресін талдауға алып, отарлауға ұшыраған халықтар мүддесі тұрғысынан ұлт-азаттық көтеріліс ретінде баға береміз.

Аталған тақырыптағы диссертациялық жұмысымыздың методологиялық негізін бүгінгі таңдағы тарих ғылымының қалыптастырған жаңа көзқарастағы ғылыми ой-пікірлері мен тұжырымдары құрайды. Осы жаңа бағыттардың нәтижесінде Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихын зерттеу әлемдік өркениеттік ұстанымдағы, жаңа саяси тарих, күнделіктілік, тарихилық, тарихи-мәдени тұжырымдамаларының шеңберінде жүргізілді.

Жұмысты зерттеу барысында талдау, синтездеу, салыстырмалы-тарихи және баяндау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістердің негізінде жасалынған тұжырымдар мен қорытындыларды баяндауда өзара логикалық үйлесімде болуын назарда ұстадық.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің мақсаты тарихи деректік материалдар негізінде Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске шығуының әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани себептерін, көтерілістің басталуы мен барысын, отаршыл жүйе тарапынан көтерілісті қатыгездікпен басып-жаншылуы, репрессиялық шараларға шыдамаған көтерілісші халықтың босқыншылыққа ұшырап көршілес жатқан Қытай жеріне ауа көшуі, қос империяның қыспағына түскен босқындарды тарихи Отанына қайтарып атамекеніне орналастырудағы отарлық биліктің саясатын, қазақ-қырғыз қайраткерлерінің көтеріліс тұсындағы және тағдыр тауқыметін тартқан қазақ-қырғызды құтқарудағы көрсеткен қайраткерлігін ғылыми талдауға алу. Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін мұрағат құжаттары мен материалдарын, көтерілісті көзімен көрген куәгерлердің естеліктері дерек ретінде ғылыми айналымға тартып, сондай-ақ осы уақытқа дейін жарық көрген ғылыми зерттеу еңбектерге сүйене отырып оны тарихи объективтілік тұрғыдан талдап ашып көрсету диссертациялық жұмыста басты мақсатқа қойылды. Осы айтылған ойымызға қарай төмендегідей міндеттерді шешу қажеттігі туындайды:

- Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылы көтеріліске шығуының негізгі себептері мен нәтижесін айқындау;

- қазақ пен қырғыз халықтарының 1916 жылы көтеріліске шығуындағы отаршыл жүйенің орнын анықтау;

- Жетісудағы 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісінің барысы мен салдарын көрсету;

- ұлт зиялыларының 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы ұстанымы мен қызметін айқындау;

- қазақ және қырғыз халықтарының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық көрсетудегі әрекеттерін тарихи деректер бойынша баяндау;

- қазақ-қырғыз зиялыларының 1916 жылғы көтерілістен соң босқыншылыққа ұшыраған көтерілісшілерге көмек көрсетудегі еңбегін жаңа көзқарас тұрғысынан талдау;

- көтеріліс тұсындағы ұлтаралық қатынас мәселелеріне көңіл бөлу;

- көтеріліске шығып репрессияға ұшыраған қазақ-қырғыз халықтарын атамекеніне орналастырудағы отаршыл жүйенің ұстанымына талдау жасау;

- зиялы қауым өкілдерінің қазақ-қырғыз босқындарын тарихи Отанына қайтарудағы қызметін ғылыми объективті тұрғыдан талдау.

Зерттеу жұмысының нысаны – 1916 жыл Жетісу халықтарының билікке қарсы көтерілісі, оның ерекшеліктері мен талдауға алынбаған мәселелері.

Зерттеу жұмысының пәні – Жетісу территориялық-әкімшілік құрамындағы халықтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастырып, оны жаңа методологиялық ұстаным тұрғысынан ғылыми талдауға алу.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі. 1916 жылы Жетісу өңірінде орын алған саяси билікке қарсы халық қозғалысына қатысты оқиғаларды қамтиды. Бұл ретте, әрине, көтерілістің алғышарттары мен салдарын, қорытындыларын ашып көрсету үшін XX ғасырдың басындағы, сондай-ақ көтерілістен кейінгі мезгілде қоғам өміріндегі түрлі үрдістерге үнілуге тура келгендігін атап өткен жөн.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліс жөнінде бұрын да зерттеу жұмыстары жазылған. Дегенменде, кеңестік кезеңде идеологиялық себептерге байланысты біраз деректік материалдар ғылыми айналымға тартылмады. Бұған қосымша көтеріліске қатысты кейбір оқиғалар мен процестерді түсіндіруде методологиялық шектеулік орын алды. Міне осы тұрғыдан келгенде зерттеу жұмысының мынадай жаңалықтарын бөліп атауға болады:

- Жетісу облысына қарасты тұтас бір кеңістікте, сондай-ақ өзара тығыз байланыста өмір сүрген туыс қазақ және қырғыз халықтарының отаршыл билікке қарсы қарулы көтерілісі алғаш рет тұтас күйінде қарастырылды;

- өңірдегі көтерілістің шығуына негіз болған ешқандайда шетелдік агентураның үгіт-насихат қызметі емес, кезінде К.К. Пален сияқты сенаторлық ревизияның жасаған тұжырымдарында дәл басып көрсетілгендей патшалық биліктің жергілікті халықтардың құқын аяқ асты еткен тойымсыз, ашқарақ саясаты болғандығы жан-жақты негізделеді;

- Кеңестік тарихнама Жетісудағы 1916 жылғы көтерілісті басым түрде әлеуметтік-таптық құбылыс ретінде бағалады, диссертациялық зерттеуде бұл қозғалыстың шын мәнінде ұлтаралық қақтығысқа ұласқандығы, оның мұндай мазмұн алуы патшалық биліктің халықтарды өзара қарсы қою саясатының салдары екендігі баяндалады;

- халықтардың бас көтеруін ұтымды пайдаланып қалуды көздеген отаршыл биліктің Жетісу өңірінде орыс автономиясын құру әрекеті нақты әрі тың фактілер негізінде алғаш рет айтылады (автономия құру жобасы қосымша ретінде берілген);

- көтеріліс тұсында және одан кейінгі кезеңдегі қазақ және қырғыз саяси қайраткерлерінің елді сақтап қалуға бағытталған жанкешті әрекеті, олардың тұлғалық сипаты талдауға алынды;

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін зерттеу нәтижесінде қорғауға мынандай тұжырымдар ұсынылады:

- 1916 жылғы Жетісудағы көтерілістің негізінде отаршыл биліктің жергілікті халықтың мүддесіне мүлдем қайшы келетін әділетсіз саясаты жатты, сондай-ақ көтеріліс ресейлік басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын айғақтады;

- 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсылық ретінде басталған оқиғалар ағымы жергілікті халықтың өз бостандығы және теңдігі үшін шешуші күреске даяр екендігін аңғартты;

- 1916 жылы көтеріліс барысында отаршыл билікке тәуелді халықтар өзара ынтымақтастық ұстанымын нақты әрекеттері арқылы танытты; ортақ міндеттерді анықтау мақсатында қазақ-қырғыз жасақтары өз күштерін біріктіру әрекетіне көшті;

- азаттық үшін көтеріліс тұсында және оны басу барысында билік орындары, реакциялық элементтер басым күшке сүйеніп жергілікті халықтың мал-мүлкін талан-таражға салды, оның тұрмысы мен шарушылығына зор күйзеліске ұшыратты;

- көтеріліс тұсындағы қазақ-қырғыз басқарушы тобының қызметі көрші халықтар тарихындағы түрлі кезеңдерде байқалған отаншылдық рух-жігердің кезекті көрінісі болды;

Зерттеудің теориялық және қолданыстық маңызы.

Диссертациялық зерттеу жұмысы Отандық тарихнаманы 1916 жылғы көтеріліске байланысты жаңа да тың тұжырымдармен толықтыра түседі. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәні бойынша жүргізілетін элективті курстар мен семинар сабақтарын өткізуде, «Орталық Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы тарихынан» т.б., арнайы курстар жүргізу үшін пайдалануға, оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік кешендер даярлауға кеңінен қолдануға болады.

Сонымен бірге зерттеу жұмысының тұжырымдарын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихын, жер мәселесін, ұлт зиялыларының қызметін зерттеуге арналған ғылыми еңбектерінде пайдалануға болады. Сондай-ақ жасалған тұжырымдар түркі халықтарының, оның ішінде туысқан қазақ пен қырғыз халықтарының тарихын жаңаша жазуда септігін тигізеді деген ойдамыз.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынысымен тізімге енген басылымдарда мақала жарық көрді. Сонымен қатар басқа да ғылыми басылымдарда мақалалар жарияланды. Зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес құжаттар мен материалдардың ғылыми жинағы ретінде Қазақстанда іске асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» сериясы бойынша 3 кітап (2-і авторлық бірлікте, 1-і жеке), «Алаш қозғалысы» сериясы бойынша 1 кітап (авторлық бірлікте) және Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының тапсырысымен (авторлық бірлікте) 1 кітап жарық көрді.

Диссертация қолжазбасы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантура институты Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, 3 тарау және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КӨТЕРІЛІСТІҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ

1.1 Жаңа тарихи деректер көтерілістің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани алғы шарттары жөнінде

Біз қарастырып отырған мәселе Жетісу аумағында болғандықтан алдымен көтерілістің шығуының алғы шартына негіз қалаған, осы өлкенің көтеріліс қарсаңындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелеріне тоқталып өткен жөн деп ойлаймыз. Ресей империясы жаулап алғанға дейін Жетісу өлкесінің үлкен бөлігінде қазақтар тұратын, ал, оңтүстік бөлігінде Тәңіртауы (Тянь–Шань) етектерінің Ыстықкөлге түйісетін жерлерінде және Шу мен Талас өзендерінің жоғарғы ағысында бауырлас халық қырғыздар мекендеді. Ресей жаулап алғаннан кейін Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтары бірдей отарлық езгіге түсті. Жетісу жеріндегі өз билігін күшейту үшін патша үкіметі бұл өлкеге әскер кіргізіп Сергиополь, Қапал, Лепсі сияқты бекіністер сала бастады. 1854 жылы көне Алматы қаласының жанына Верный бекінісі салынып, онда Сібір казак-орыстары мен орыс шаруалары қоныстанды. 1860 жылы генерал Колпаковскийдің басқаруымен орыс әскерлері Ұзынағаш маңындағы қоқандықтарды талқандады. Қоқандықтар жағында орыс әскеріне қарсы қазақ және қырғыз жасақтарыда ерлікпен шайқасты. Бірақ бақайшағына дейін қаруланған жүйелі әскерге төтеп беру мүмкін болмады. Орыстар 1862 жылы Пішпектегі Қоқан бекінісін талқандап, солтүстік қырғыз тайпаларын Ресей өздеріне бағындырды. Қоқан хандығы жойылған соң 1876 жылы Жетісудың оңтүстік аудандары Ресейдің толық отарына айналдырылды. 1867-1868 жылдары жүргізілген реформалардың барысында қазақтар мен қырғыздар Ресей империясының мемлекеттік басқару жүйесіне ену үрдісі аяқталды. Осыдан соң қазақ пен қырғыздың қоғамдық өміріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи да тарихи үрдістері үзіліп, оның орнына империялық жаңа үрдістер қалыптаса бастады. Мұндай құбылыс отарлық қанауға түскен халықтардың жағдайына тән болса керек. Өзге елдерге үстемдік құрған империя өңірдегі табиғи байлықтарды қазақ пен қырғыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына емес, керісінше империяның экономикасын дамытуға мүмкіндіктер жасады. Сонымен қатар отарлық басқару жүйесі екі халықтың ұлттық ұю процесінің аяқталуына емес, керісінше рулық-жүздік алауыздықтың тереңдеп шиеленісуіне түсуіне мүдделі болып, отарындағы жергілікті халықтарды ортағасырлық мешеулік шеңгелінде ұзақ уақыт ұстауға күш жұмсады.

1867 жылы орныққан бұл отарлық мемлекеттік басқару жүйесі 1917 жылға дейінгі аралықта өзін классикалық түрдегі отарлаушы билік ретінде көрсетті. Оны тарихи деректерден хабары бар адамдар жақсы білсе керек. Бірақ, соған қарамастан осы мемлекеттік жүйені отарлаушы емес, керісінше өзге халықтардың жағдайын жасаған «жарылқаушы» жүйе болды деп көрсететін

авторлар да бар. оған мысал терінде, Ресейдің қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы студенттеріне арналған «Новейшая история отечества. XX век» атты оқулығында «...Ресейде империялық теңдік принципі болды», мемлекеттің мойнына түскен барлық ауыртпалықты «...шын мәнінде орыс халқы өз мойнына алды» деп баяндайтын тарихи шындыққа сәйкес келмейтін тұжырымдар айтылған [45]. Егер шынымен де Ресей отарындағы халықтарды «жарылқаушы», халықтардың «теңдігін» дұрыс ұстаған болса біз қарастырып отырған 1916 жылғы азаттық көтерілісте, оған дейінгі наразылықтар шықпаса керек еді. Ал оның шығуына негіз қалаған, қол астындағы халықтарды қанауға бағытталаып құрылған осы әділетсіз отарлық билік жүйесі болатын.

Патша өкіметінің Түркістан өлкесін жаулап алып, ондағы басқару жүйесін империя мүддесіне сәйкес құруы, орыс қоныс аударушыларына құнарлы жерлерді тартып әперуі, рухани отарлауы міндетті түрде халық наразылығын туғызбай қоймайтын. Сондықтан да Түркістан өлкесін отарлау процесі барысында патша өкіметі – жергілікті халық тарапынан «бүліктің» шығуы мүмкін екендігін ескере отырып, ондағы әскери-полициялық тәртібін нығайта түсу жолындағы шараларын жүзеге асырып, өзінің өлкедегі саяси билігін ұстап тұруға бар күш-жігерін жұмсап бақты.

1867 жылы Жетісу облысында отарлық жүйенің әкімшілігі құрылып орталығы Верный болады да, ол Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. 1882 жылы Жетісу облысы Далалық өлке құрамына еніп, 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығына беріледі. Жетісу облысы көлемі 3 335 250 шаршы шақырымдық кең ауқымды алып жатты. [45, 22 б.]. 1897 жылғы бүкілресейлік алғашқы санақтың мәліметі бойынша Жетісуда 987 863 адам тұрды. Ал оның 80,46 пайызын 794 815 адам қазақтар мен қырғыздар құрады [46].

1867 жылғы «Түркістан өлкесін басқару туралы Уақытша Ереже» қабылданған соң қалыптасқан саяси билікке, отарлық бұғауға қарсы Жетісу өңіріндегі алғашқы наразылық 1868 жылы көктемде көрініс берді. Жетісу облысы әскери-губернаторының 1868 жылы орталық билік орындарына берген есебінде келтірілген мәліметтерге қарағанда, бұл наразылықтың шығуына осы жылы көктемде Бұхар әмірлігіне қарсы орыс әскерлерінің жүргізген соғыс қимылдары түрткі болған. Халық наразылығы барысында облыстағы қазақтар мен қырғыздар бірлесе отырып, отарлық билік жүйесіне ашық қыр көрсетуге дейін барған. Қапал және Ыстық көл (Пржевальск) уездеріндегі халық толқуларын басу үшін арнайы әскер бөлімі аттандырылды. Қырғыз манапы Осман бастаған топтың Тоқмақға уез басқармасына жасаған шабуылы әскер күшімен тойтарылған. Стихиялы түрде болған толқу көп ұзамай басылған соң, жергілікті әкімшілік "бүлікті" шығарушыларды іздестіріп, кінәлілерді жазалауды қолға алды [47].

Орыстардың өлкедегі үстемдігіне наразылықтың өрістей түскендігіне 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі дәлел бола алады. Өлкедегі дәстүрлі басқару жүйесін қалпына келтіруді көксеген Мәдәлі шаһ бастаған көтерілісшілер 1898 жылы 18 мамырда Әндіжан бекінісіндегі орыс гарнизонына шабуыл жасап, 18 орыс

солдатын өлтіріп, 22-сін жарадар етті. Мәдәлі шаһтың бұл әрекеті сәтсіз аяқталса да, Ферғана және оған іргелес аудандарда отаршылдық қысымға қарсы азаттық күресінің өршуіне ықпал етті. Сырдария және Жетісу облысы қазақтары көтеріліске ниеттестік танытқан [48]. Әндіжан көтерілісі күшпен басылған соң көтеріліске қатысқан 20 адам дарға асу жазасына кесіліп, 343 адам абақтыға жабылды [49]. Көтерілісшілерді қатаң жазалау генерал-губернатор Духовскийдің жіті бақылауымен жүрді. Духовский жөнінде М.Шоқай былай деп орынды жазған болатын: «1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін бүкіл Әндіжандағы ғұлама, дін басыларды мешітке жинап, өзінің аяғына жығып, тағзым етуге мәжбүрлеген. Аса қадірменді ғұламалардың біразының сәждеге қойған басын желкесінен басып өткен де осы Духовский. Бұл қорлықты түркістандықтар ұмыта қоймаған шығар» [50]. Генерал Духовскийдің тікелей тапсырмасы бойынша Әндіжан көтерілісіне өлкедегі басқа облыстарда қолдаушылық танытқандарды іздестіру қолға алынды. Осыған орай Жетісу облысында да "бүлікшілерді қолдаушыларды" табу науқаны басталып кетті. Мұндай адамдарды табу мақсатында жандарм мекемелері қазақтар мен қырғыздардың саяси белсенді азаматтарының арасына өз тыңшыларын жіберіп жатты. Осындай іздестіру барысында жергілікті әкімшілік орындарының көзіне іліккендердің бірі Нарындағы гарнизонда қызметте жүрген штабс капитан Ноғайбай Жетпісбаев болды. Тыңшылардың жеткізген мәліметтеріне қарағанда, Н.Жетпісбаев Әндіжан көтерілісі күшпен басылғаннан кейін орыстармен салқын араласып, "біз сендерге әлі көрсетеміз, Жетісуда 15 жылдан кейін бірде-бір орыс қалмайды" деп жиі айтатын болған. Н.Жетпісбаев тыңшылардың жеткізген осындай мәліметі бойынша "бүлікшілдікті қоздырушы" адам ретінде айыпталып, оның үстіне қылмыстық іс қозғалды [51].

1898 жылы 18 қарашада Верный уезінің азаматы Шаяхмет Мустафин деген қазақтың үстінен дәл осындай қылмыстық іс қозғалды. Ш.Мустафин Михайловка селосына келіп, орыстармен әңгімелесу барысында "мұсылмандар әлі сендерге өздерінің кім екендігін көрсетеді" деген сөзі үшін жауыпқа тартылды [52]. Верный уезінің София станицасында казактарға жалданып жұмыс істеп жүрген Ж.Медетбекев, Д.Есіркепов және Д.Игіліков деген азаматтар Әндіжан көтерілісі туралы әңгіме құрғандары үшін көтеріліске қолдаушылық танытушылар ретінде айыпталып, олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды [53]. Осылайша отаршыл әкімшілік халық наразылығын ауыздықтауды мақсат тұтып сан қилы әрекеттерге барды.

Әндіжан көтерілісінен кейін патша өкіметі өлкедегі әскери-полициялық тәртіптің басты тірегі санаған орыс шаруаларын қаруландыруды қолға алды. Орыс шаруаларын қаруландыру мәселесін алғаш көтерген Сырдария облысының әскери-губернаторы Гродеков болатын. 1891 жылы 15 қыркүйекте Соғыс министріне жолдаған ұсынысында орыс шаруаларын қаруландыру арқылы өлкедегі әскердің санын қысқартуға болатынын айтып, мұндай қаруландыру нәтижесінде «әрбір орыс қонысы әскери батальонға пара-пар келеді» деген пікірін білдірген болатын [54].

Гродековтың орыс қоныс аударушыларын қаруландыру туралы ұсынысы орталық билік орындарында пікірталас туғызған еді. Пікірталас барысында үкімет тарапынан таратылып берілген қаруды орыс шаруалары қалай қолданады, қаруланған шаруалар өкіметке қауіп төндірмей ме деген мәселе көтерілді. Осыған қарамастан қоныс аударушыларды қаруландыру туралы ұсыныс қолдау тапты.

«Орыс қоныстарын қаруландыру туралы» заң жобасы 1891 жылы 29 қарашада Министрлер Кеңесінде қабылданып, патша тарапынан бекітілді. Мұның артынша қоныс аударушыларға таратылып берілген қаруды айырбастауға, сыйға тартуға және түземдіктерге сатуға қатаң тиым салған арнайы "Ереже" қабылданды. "Ережеге" сәйкес қару алған әрбір қоныс аударушы өкімет өкіліне "мен бұл қаруды түземдіктерге сатпаймын. Жай да бермеймін" деп қолхат беруге тиіс болды [55].

Орыс шаруаларын қаруландыру керек деген шешім қабылданғанымен, оны жүзеге асыру Әндіжан көтерілісінен соң іле-шала қолға алынып, 1898 жылы Сырдария облысындағы орыс қоныстарына 1134 винтовка, Жетісу облысына 3000 винтовка таратылды. Жетісу облысында таратылған винтовканың 1000-ы казактардың, 2000-ы орыс шаруаларының үлесіне тиген-ді [56].

Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарын қаруландыру ісі бұдан кейінгі кезеңде де жалғасын тапты. 1911 жылы 26 қаңтарда Жетісу облыстық әскери-губернаторы уез басшыларына құпия түрде нұсқау хат жолдап, онда орыс қоныстарындағы әрбір 8 үйге бір винтовкадан келетіндей етіп қару таратуды қолға алуды талап еткен болатын. Осы кезде уез басшыларының қарауындағы қоймаларда 7257 винтовка, 412 089 ок-дәрі (патрон) сақталып тұрған еді. Оның ішінде Верный уезінде 2223, Қапал уезінде 441, Лепсі уезінде 1161, Жаркент уезінде 119 винтовка болды [57].

Жетісу облысы әскери губернаторы жоғарыда айтылған нұсқау хатында уез басшыларына қаруды таратып болған соң орыс қоныстарында қарулы жасақтар құруды да ұйымдастыруды тапсырған еді. Әскери-губернатордың нұсқауы бойынша мұндай қарулы жасақтың міндетіне қоныстардағы тәртіпті сақтау, төңіректегі қазақ-қырғыздардың көңіл-күйін қадағалау, бүлік бола қалған жағдайда қоныстарды қорғап, бүлікшілдерге тосқауыл қою жүктелді [58].

1914-1915 жылдары соғыс майданында қарудың жетіспеуіне байланысты кезінде Түркістан өлкесінде орыс қоныстарында таратылып берілген қаруды жиып алу мәселесі көтерілген болатын. Алайда жергілікті билік орындарының өтініш білдіруіне орай Түркістан өлкесіндегі орыс қоныстарынан қару жиналып алынбайтын болды. Бұл жөнінде Соғыс Министрі жергілікті билік орындарының өтініштерін ескере отырып, Министрлер Кеңесі төрағасы атына жолдаған қатынас хатында: "Таратылып берілген қарулардың кейбір түрлері соғыс майдандарына аса қажет емес. Ресейдің азиялық бөлігіндегі кейбір аудандар үшін саяси мәнге ие. Сондықтан Түркістан өлкесіндегі орыс шаруаларына таратылып берілген қаруларды жинастырып алудың қажеттігі жоқ деп санаймын,"-деп жазған-ды [59].

Отарлық билік орындары орыс қоныс аударушыларын қаруландырумен қатар жергілікті халықтарды қарусыздандыру саясатын жүргізеді. 1891 жылы 27 қарашада жергілікті халықтарға оқпен атылатын қару ұстауға тиым салған бұйрыққа Түркістан генерал-губернаторы қол қойды. Осы бұйрық негізінде облыстық және уездік әкімшілік жанынан жергілікті халықтың қолынан оқпен атылатын қаруды жинастырып алу үшін арнайы топ құрылды [60]. Мақсат жергілікті халықты қарусыздандыра отырып, оның отарлық билік орындарына қарсылық көрсету мүмкіндігін барынша әлсірете түсу болатын.

XIX-шы ғасырдың соңына қарай Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындарының халық наразылығын басып жаншуына 1881 жылы 14 тамызда патша бекіткен "Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау шаралары туралы Ереже" кең жол ашып берген-ді. "Ережеге" сәйкес генерал-губернатор өзінің қарамағындағы территорияның кез-келген жерінде "күшейтілген" және "төтенше" жағдай жариялау құқына иемденді. "Күшейтілген" күзет белгілі бір елді мекенде мемлекеттік құрылысқа қарсы және жеке адамдардың өмірі мен мүлкіне қауіп төнгенде, ал "төтенше" күзет тұрғындардың көңіл-күйінде қалыпты тәртіпке қарсы өрекеттер байқалғанда жарияланатын болып белгіленді [61].

"Күшейтілген" күзет жарияланған жағдайда жергілікті әкімшілік пен полициялық жазалау функциясы барынша кенейтіле түсетін. Жергілікті билік орындарына мұндай жағдайда кез-келген жиналыстарға тиым салуға, мерзімді басылымдардың шығуын бір ай мерзімге тоқтатуға, оқу орындарының қызметін доғара тұруға құқық берілді. Сондай-ақ әскери-губернатор күшейтілген күзет жағдайында "қоғамдық тәртіпті сақтау жолында" әскери күштерді қолдану үшін жоғары билік орындарынан ешқандай нұсқау күтпейтін болды.

Патша өкіметі отар аймақтардағы әскери-полициялық тәртіпті нығайта түсу мақсатында 1892 жылдан бастап уез басшыларына көмек көрсететін бөлімшелік приставтар институтын енгізу бастады. Бөлімшелік пристав қызметіне патша өкіметі армиясының саптағы офицерлері тағайындалды. Приставтарға салықтардың жиналуын қадағалау, уез бастығының қаулы және шешімдерінің жүзеге асуын қамтамасыз ету, тұрғындардың "қоғамдық тәртіпті" сақтауын бақылау жүктелді. Олар күдікті деп танылғандарды тергеуге, 3 күнге абақғыға жабуға құқылы болды [62].

Жетісу облысында приставтар қызметі бірінші орыс революциясы тұсында барынша қуат ала түскен-ді. Жергілікті билік орындарына әсіресе оппозициядағы саяси партиялардың үгіт-насихат жұмысын өрістете түсуі аса жайсыз тиді. Осыған орай 1905 жылы желтоқсанда Түркістан генерал-губернаторы Соғыс министріне берген рапортында: "Верный, Жаркент және Пішпек уездерінде бұдан бірнеше ай бұрын басталған үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қарқын алып, ауқымы кеңейе түсуде. Аталған уездердегі тұрғындар мен әскерлерді билік орындарына қару алып қарсы шығуға шақырған ұнпарақтар таратылуда,"- делініп, Жетісу облысы уездеріне күшейтілген күзет енгізуді сұраған болатын [63].

Түркістан генерал-губернаторының өтінішіне сәйкес Верный және Жеркент уездерінде күшейтілген күзет жағдайы енгізілген кезде бөлімшелік приставтар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқан орыс саяси партияларының өкілдерін қара тізімге алып, олардың үстінен қылмыстық іс қозғауға аса белсенділік танытты. Мәселен, Верный уезіндегі 1-бөлімше приставының көрсетуімен Верный қаласындағы эсерлер ұйымы әшкерленіп, оның белсенді мүшелерінің бірі болған Л.Н.Румма сотқа тартылды. Сөйтіп, өз мақсаттары жолында террорлық әдістерді қолдаған эсерлер партиясының Верныйдағы ұйымының уездегі қазақтарды да өздерінің ықпалына тартуды көздеген әрекетінен нәтиже шықпай қалған еді. Л.Н.Румманың сот процесі барысында эсерлердің Шамалған болысы қазақтарына қару-жарақ үлестіріп беруді, сөйтіп қазақтардың қарулы көтерілісін ұйымдастыруды жоспарлағаны белгілі болды [64]. Эсерлер партиясының мұндай талпыныстарына қарамастан Жетісу өңіріндегі қазақтарға социал-демократиялық ұйымдардың ықпал ету дәрежесі мардымсыз болды. Олардың жүргізген үгіт-насихат жұмыстарына қазақтар арасында үн қатушылық байқала қоймады. Бірақ бұл бірінші орыс революциясы тұсында қазақ пен қырғыз халықтарының арасында азаттық қозғалысы өрбімеді дегенді білдірмесе керек. Жалпы бұл кезеңдегі қазақтардың саяси күресі ең алдымен патшаға, отарлық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді.

Бірінші орыс революциясының бастапқы кезеңінде отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам қол қойған. Жетісу облысына орыс шаруаларын қаныс аударуды доғаруды, Түркістан өлкесі мұсылмандарының діни істерін жергілікті әкімшілік қарамағынан алып, оны жеке діни басқармаға қарату қажеттілігін және бастауыш мектептерде ана тілінде білім алуға кедергі жасамау керектігін талап еткен бұл петиция, Министрлер Кеңесінің төрағасы атына жеделхат арқылы жіберілген болатын. Осыған орай Жетісу облысы қазақтарының петициясы туралы М.Тынышпаев: "Онда үкіметтің пасық саясатына ашық наразылық білдірілді," - деп атап көрсеткен еді [65].

Отар аймаққағы патша өкіметінің саяси билігіне қарсы күрестің өрістей түсуіне байланысты полиция департаменті "қоғамдық тәртіпке іріткі салушыларды" іздестіріп, "бүліктерді" алдын алу үшін Түркістан өлкесінде 1907 жылы тамызда өзінің Ерекше бөлімін құру туралы шешімін қабылдады. Жергілікті полиция Ерекше бөлімге өлкедегі қоғамдық саяси қозғалыс жайлы барлық мәліметтерді жеткізіп тұруға міндетті болды. Ерекше бөлімге жергілікті полиция қызметін бақылау құқығы берілді. Өз қызметіне кіріскен Ерекше бөлім көп ұзамай осы жылы желтоқсанда Түркістан аудандық күзет бөлімі болып қайта құрылды [66].

Ташкент қаласында орналасқан Түркістан аудандық күзет бөлімінің Ашхабат пен Верный қалаларында іздестіру бөлімшелері ашылды. Іздестіру бөлімі тыңшылар арқылы халықтың көңіл-күйіндегі өзгерістер жайында,

халықтың арасында "іріткі" туғызушылар туралы мәліметтер жинаумен, ол мәліметтерді билік орындарына жеткізіп тұру міндетін атқарды.

Жетісу облысында Түркістан аудандық күзет бөлімінің 10-ға жуық тыңшылары болды. Оның ішінде "Бала", "Қара", "Грамотный", "Красивый", "Служащий" деген бүркеншік есімдегі тыңшылары қазақ азаттық қозғалысы жетекшілерінің және облыстағы өзге де түркі-мұсылман халықтарының белсенді азаматтарының іс-әрекеттері жайында мәлімет жинаумен шұғылданды. Осындай тыңшылар ұстау арқылы патша өкіметі жергілікті халықтың азаттық қозғалысы жетекшілерінің әрекеттерінен хабардар болып отыруға белгілі дәрежеде қол жеткізді. Мәселен, Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының 1910 жылы 21 қазанда жасырын түрде өткізген съезі жайында отарлық билік орындары "Қара" деген бүркеншік есімді тыңшының мәлімет беруі нәтижесінде хабардар болған [67].

Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының бұл съезі орыс әскерлерінің Қоқандықтармен Ұзынағаш түбінде болған шайқастағы жеңісінің 50 жылдығын жергілікті әкімшілік орындарының салтанатты түрде атап өтуі кезінде ұйымдастырылған болатын. Осы салтанатты атап өтуге орыс халқының өкілдерінен басқа облыстағы қазақ және қырғыз халықтарының қадірменді азаматтары да шақырылған еді. Сол жиынның кезінде жергілікті белгілі қайраткерлер: облыстық басқарма қызметкерлері Б.Сыртанов пен Ы.Жайнақов Верный уезі Шамалған облысының басқарушысы М.Смаилов, Үлкен Алматы облысының өкілі Б.Әшекеев, Пішпек уезінің қырғызы Д.Сауранбаев, белгілі қырғыз манапы Ш.Жантаев және т.б. белсенді азаматтар жасырын түрде съез өткізуді ұйымдастырған-ды.

Ұзынағаш съезі атанған қазақтар мен қырғыздардың 50 шақты өкілі қатысқан бұл жиын 21 қазан күні кешкісін Казанско-Богородский селосында өтті. Онда қазақ-қырғыздардың отаршылдық саясат нәтижесінде бастан кешіп отырған тауқыметі талқыланып, жергілікті әкімшілік орындары тарапынан қазақ пен қырғызға жасалып жатқан қысымшылыққа орталық билік орындарының назарын бұру үшін Петербургке арнайы өкіл жіберу мәселесі қаралды. Көпшіліктің ұсынысы бойынша Петербургке жіберілетін өкіл ретінде Барлыбек Сыртанов белгіленді. Сондай-ақ съездің кезінде Б.Сыртановтың Петербургке баруы үшін деп 500 сом ақша жиналды. Мұндай қаржы съездің ұйғарымы бойынша облыстағы уездерден де жиналатын болып келісілді [68].

Осыған орай Верный қаласындағы Іздестіру бөлімі Түркістан аудандық күзет бөліміне Б.Сыртановтың Петербургке баруына деп қазақ-қырғыз ауылдарында кімдердің қаржы жинап жатқандығын анықтау үшін өз тыңшыларына тапсырма бергенін хабарлайды. Іздестіру бөлімі тыңшыларының осы мәселе бойынша түсірген мәліметтеріне қарағанда Верный уезінде Ы.Жайнақовтың ұйымдастыруымен әр болыстан 100 сомнан жиналып, Б.Сыртановқа бұл қаржы тапсырылған. Сондай-ақ Пішпек және Пржевальск уезі қырғыздары әр болыстан 200 сомнан жинап, Петербургке Б.Сыртановпен бірге Д.Сауранбаевты да жібергелі жатқаны жайында тыңшылар арқылы жергілікті әкімшілік орындарына мәлім болады [69].

1910 жылы 26 желтоқсанда Верный қаласында Б.Сыртанов, Ы.Жайнақов және т.б. қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік думаға қазақ-қырғыздар атынан тапсырылатын талап-тілектерді талқыға салып, оның мәтінін құрастырған болатын. Қазақтар мен қырғыздар атынан тапсырылатын бұл талап-тілекте жер, оқу-ағарту, сот ісі және дін мәселелері қамтылды. Онда жер мәселесі бойынша қазақтар мен қырғыздар жерге орналасып болғанша Жетісу өңіріне орыс шаруаларын қоныстандыруды доғара тұру керектігі, оқу ағарту ісі бойынша қазақ-қырғыз балаларының ана тілінде білім алуына мүмкіндік беру және оқу ағарту ісін бүркемелеген орыстандыру саясатына тиым салу қажеттігі, сот ісі бойынша болыстардағы билер сотының өкілеттілігін кеңейту, дін мәселесі бойынша Түркістан өлкесіндегі діни істердің жергілікті әкімшіліктің қарауынан алынуы, Түркістанда өз алдына бөлек мұсылмандық діни басқарма құрылып Жетісу облысы қазақ-қырғыздары соған қарау керектігі көрсетілгенді [70].

Б.Сыртановтың Петербургке сапарының нәтижелі болуына қазақтар мен қырғыздар ғана емес сонымен бірге облыстағы татар, ұйғыр халықтарының алдыңғы қатарлы азаматтары да мүдделілік танытты. Сондықтан Б.Сыртановтың сапарына деп татарлар мен ұйғырлар арасында да қаржы жиналды. Бұл іске, күзет бөлімі тыңшыларының жинастырған мәліметтеріне қарағанда, Верныйдағы белгілі татар көпесі Ә.Ғабдулвалиев жетекшілік еткен. Осыған орай Верныйдағы Іздестіру бөлімінің меңгерушісі 1912 жылы 9 қыркүйекте Түркістан аудандық күзет бөліміне жолдаған қатынас хатында Ә.Ғабдулвалиевті «қырғыздың, татар мен тараншылардың белсенді азаматтарын біріктіруші және оларға жетекшілік жасаушы адам ретінде көзге түсуде» деп баяндап, Б.Сыртановтың Петербургке сапарынан «панисламизмнің» көрінісі байқалады деген ойды жеткізеді [71].

Бұл кезеңде патша өкіметі империядағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімнің оянуынан және олардың өзара ынтымағының нығаюынан сескенгендіктен түркі-мұсылман зиялыларын саяси қудалауға түрлі себептер қарастыра бастаған-ды. Полиция департаменті осыған орай аудандық күзет бөлімдері мен губерндік жандарм басқармаларының басшыларына: «Соңғы жылдары империяның мұсылман тұрғындары арасында, сондай-ақ шетелдерде панисламизм деп аталатын идеядан туындаған ашық толқулар көрініс табуда. Ресейде мұндай фанаттық қозғалыс жас түріктер мен жас парсылардың комитеттері тарапынан жан-жақты қолдау табуда.

Бұл панисламшылдық қозғалыстың негізгі мақсаты бүкіл мұсылман әлемін саяси және экономикалық жағынан Түркияның қол астына біріктіріп, болашақта бүкілтүріктік республика құру. Түріктер мен орыс мұсылмандарының әйгілі публицистері соңғы уақытта өздерінің түбі бір екенін дәлелдеуге тырысуда. Олар мұсылмандардың Ресейге өшпенділігін қоздырмақшы. Сондықтан панисламизмді мұсылмандық қозғалыс ретінде империяның бүгінгі мемлекеттік құрылысына қарсы бағытталған құбылыс деп тұжырымдауға болады,»-деген мазмұндағы нұсқау хат жолдай отырып, "панисламистердің" қастандық әрекеттерін әшкерелейтін және олардың

ұйымдары жайлы тыңшылар арқылы мәліметтер жинаудың тиімді шараларын қарастыру, мұсылмандық оқу орындарындағы мұғалімдердің және мұсылман дін иелерінің қызметтеріне бақылау орнату, "панисламшылдық" рухтағы басылымдардың таралуына жол бермеу қатаң тапсырылды [72]. Түркістан аудандық күзет бөліміне мұндай нұсқау түсісімен өлкедегі түркі-мұсылман халықтарының белсенді азаматтарына қатаң бақылау орнатылып, олардың іс әрекеттерінен "панисламшылдықтың" көрінісін іздестіру қалыпты жағдайға айналды. Сондақтан 1910-1912 жылдары Түркістан өлкесінде 170-ке жуық адам "панисламизмге" қатысы бар деген күдікпен тіркелген [73].

Олардың қатарында Верныйдағы медресенің оқу ісінің меңгерушісі, татар зиялысы Зайнетдин Тазетдинов та бар еді. З.Тазетдиновқа тағылған айыптардың бірі оның 1906 жылы Жетісу облысы мұсылмандарының съезін өткізуге талпынғаны болды. Күзет бөлімі келтірген мәліметтерге қарағанда, З.Тазетдинов бұдан кейінгі кезеңдерде де Верныйдағы мұсылман кітапханасында облыстағы татар, ұйғыр, қырғыз және қазақ зиялыларының жасырын түрде бас қосқан жиналыстарын өткізген. Мәселен, 1911 жылы өткен жиналыста "3 маусым" жарлығына сәйкес Түркістан мен Қазақстан халықтарының Мемлекеттік думаға сайлау құқынан айырылуы орынсыз деп бағаланып, өлке халқына сайлау құқын қайыру мәселесі талқыланады. Сөйтіп, Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясына бұл жөнінде өтініш білдіру керек деген шешім қабылданған-ды [74].

XX ғасырдың басында Жетісу облысы алты уезден тұрды: Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек және Прежевальскі. Уездер болыстарға бөлініп, оларды сайланбалы болыстар биледі. Ал болыстар әкімшілік ауылдарға бөлініп, сайланбалы ауыл старшындары басқарды. Әкімшіліктің төмен деңгейіндегі болыстар ауыл старшындарына жергілікті халықтың ауқатты топ өкілдері сайланды. Болыстар мен ауыл старшындарына сайлау үш жылда бір рет үлкен талас-тартыс үстінде патша чиновниктеріне пәре беру арқылы өтетін. Бұл жөнінде Алаш зиялыларының бірі – М.Тынышбаев Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында: - «Сайлаудағы парақорлық шеттен шықты. Әрбір сайлау алдында үміткерлер егер өзін сайласа барлық заңсыздықтарға тыйым салынып, қой үстінде бозторғай ұя салған заман орнайды деп нандырды. Қазақтар үміткерлердің сайлауда жеңе қалған жағдайдағы жалақысы 900-1500 сомнан аспайтынын біле тұра неліктен жомарттық жасап 5,10, 20, 30, не 40 мың сомнан таратып беріп жүргеніне түсінбеймін. Ал үміткер болыстыққа немесе халықтық сотқа қол жеткізе қалса әлгі шығынды 10, 20 есе орайтындай пайда түсірер еді.....1897 немесе 1898 жылғы сайлауда Қапалдағы уезд бастығы Петров өзіне қазақтың жас қызын әкелуді бұйырды. Ол бұйрық орындалды да: қыздардың бірі көрген азапқа шыдамай дүниеден қайтты, екіншісі ұзаққа созылған аурудан әрең жазылды. Петровтың бұл жайтқа байланысты Верныйдағы бір досына астамсып мақтанышпен жазған хаты, марқұм Тұрлыбек Сыртановтың қолына түсіп, жұртқа жайылды. Соңынан қылмыстық іс қозғалып, ол іс маңызды тапсырмалар орындаушы

чиновниктері Пантусовтың көмегімен жабылып тасталынды» - деп ашынып жазады [75]. Осы тұста қазақ халқының ұлы ойшылы Абайдың: «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» дегені еріксіз есіне түседі. Десек те, бұл ауқатты адамдардың арасынан заман ағымын дұрыс түсінетін көзі ашық халықты басқара алатын адамдар да шыққанын дұрыс айта кетуіміз керек. Олар кейін 1916 жылғы көтеріліске жетекшілік жасап, елді азаттық күресіне бастағаны белгілі. Ал жоғарыда айтылған келеңсіз құбылыстарға құйтырқы саясат жүргізіп отырған отаршыл жүйе кінәлі болса керек. «Бөліп ал да билей бер» деген саясатпен патша чиновниктері сайлау кездерінде сайлауға түсетін үміткерлерді бір-біріне айдап салып, ру мен руды қырқыстырып, сонымен қатар Түркістанды мекендеген мұсылман халықтарын бір-бірімен таластырып, халық арасында от тастап пайда табуға отырды. Мұндай сұрқия саясат өлкедегі жергілікті халық арасын аздырып, болыстық билікке үміткер адамдарды азғындалуға дейін жеткізген еді. Бұл жөнінде Алаш ардақтыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының 1910 жылы түрмеде қамауда отырып империяның Ұлы мәртебелі Ішкі істер министрінің атына жазған хатында былай деп көрсетеді: «Я сижу седьмой месяц в тюрьме, во первых - потому, что киргизская кляуза у местных представителей административной власти удостоились такого доверия, каким она никогда не пользовалась, и во вторых, потому, что по свойству и форме обвинения, я лишен возможности доказать свою невиновность: доказать небытие фактов. Не будучи в состоянии убедить в своей невиновности местных представителей власти, но не желая безмолвна нести незаслуженного мною наказания, я пытаюсь изложить пред Вашим Высокопревосходительством те условия и обстоятельства, которая сделали меня без вины виновным.

Известно, что киргизская степь, вследствие постоянных партийных раздоров, достигла апогея своей деморализации: кляуза, сутяжничество, лжеприсяга, лжесвидетельство и т.п. в степи в полном процветании. Обличая, киргиз в кляузе, чтобы самому не оказаться в положении кляузника, я позволяю себе перевести в подтверждение своих слов высказанные, по поводу деморализации степи, мнения других: «... Наше делопроизводство требовало свидетельств и доказательств, и в них недостатка не стало. Явились ложные и подставные свидетели, для которых принятие ложной присяги все равно, что выпить чашку кумыса. Опытные дельцы чиновники обучали киргиз искусству хоронить концы, указывали им обходные движения в делах, познакомили их канцелярщиной и законами ее. Учение это шло в прок; редкий из киргиз не сумеет запутать и поставить дело так, что сам Соломон не разберется в нем. Почти каждый богатый киргиз и непременно предводитель партий или ими же адвокатствующий киргиз имеет в городе, где сосредоточивается русское управление, своих благоприятелей, советников. С нами – то они ведут постоянные советы во всех делах, доходящих до русской администраций, через них же «обтяпывают» свои делишки. (Адвокатов развелось для киргиз, как негодных галек в песках) ... Сутяжничество и подача прошения у таких людей

все равно, как вино у пьяниц, карты у картежников; без удовлетворения этой страсти скука смертная! 9/10 киргизских подаются зря, по научению сутяг от нечего делать подателям...» (Алекторов А.Е. указать. кн. журнал и газетн. статей и заметок о киргизах).

Этот очерк положения степи относится к началом 90 г.г. с тех пор прошло около 20-ти лет. Так как против деморализации степи никаких мер принято не было, а выборная горячка у киргиз год от году все усиливаются все ожесточеннее, то деморализация степи, не в стегая никаких препятствий на пути своего развития, достигла кульминационного пункта....» [76]. А. Байтұрсынұлы Қарқаралыдағы орыс-түзем училищесінің меңгерушісі болып тұрған кезінде 1909 жылы жандармерияның ұйымдастыруымен жалған жала жабылып түрмеге түскен еді. Оған 1908 жылы «үкіметке қарсы үндеу таратты» деген айыппен ұсталып жер аударылған алаштың тағы бір көрнекті зиялысы Ж. Ақпаевты босатуға хат жазып оған қол жинады, салық төлемеуге, халықты орыс үстемдігіне қарсы көтеріліске шығуға үгіттеді, т.б., айыптар таққан болатын. Ол жөнінде А. Байтұрсынұлы: «...В конце декабря 1908 года административным порядком выслан из пределов степного края киргиз Акпаев, вследствие поступивших на него доносов, как говорили слухи, от 6-ти киргизских волостей, обвиняющих его в противоправительственной пропаганде среди киргиз. Способ обвинения (противоправительственная пропаганда) и способ наказания (без суда) показали моим недоброжелателям самым верным и целесообразным способом для удовлетворения затаённого их чувства мести. И стали они обвинять меня: и в составлении приговора о возвращении Акпаева из ссылки, и в собрании к нему подписей, и в учении о неплатеже податей, и в возбуждении киргиз к восстанию против владычества. Русского с обещанием им, в случае восстания, помощи Китая и Афганистана, и в учении, возбуждающим вражду между киргизами и русскими, словом, обвинители хотели изобразить из меня: либо одухотворенного пропагандиста, мечтающего воссоздать из киргизской степи самостоятельное государство, либо мальчика немеющего представления о русской империи, ни о киргизской степи. Первое могло бы быть близко к истине, если я страдал бы манией. Второе могло бы соответствовать действительности, если бы мне было не 37 лет, или если я не получил образования; хотя небольшого, но вполне достаточного для понимания разницы между Российской Империей и киргизскою степью...»-деп жазады [77]. Ал шын мәнінде отаршыл жүйе ел арасындағы көзі ашық, оқыған зиялы қауым өкілдерін қоғамнан аластау үшін де осындай неше түрлі айла-тәсілдер қолданғанды. Ж. Ақпаев, А. Байтұрсынұлы, т.б., сияқты ел мүддесін ойлаған озық ойлы тұлғалардың халықтың санасын оятуынан қорыққан патша чиновниктері осындай «істер» ұйымдастырып отырды.

Түркістан өлкесіндегі көтерілістің мәселелерін талқылаған Ресей Мемлекеттік думасының 1916 жылғы 13-15 желтоқсандағы отырыстарында баяндама жасаған депутаттардың бірі князь Мансыров Ресей отаршылдығы тұсында өлкеде қалыптасқан келеңсіз құбылыстарды: «...Бывали случаи в мое пребывание там, что волостной управитель, получающий по закону жалования

не больше 500 руб., должен был истратить до 30 тыс. рублей для выбора своего в должность волостного управителя, а срок его службы трехлетний, и следовательно, можете себе представить, сколько он должен был вернуть с местного населения, чтобы уплатить эти 30. 000 р, затраченных им при выборах. Взятничество уже здесь достаточно было описано прежде говорившими депутатами, я только подтверждаю с своей стороны все то, что они сказали, но кроме неудачного состава административного, русского, и судебного, самую пагубную роль в управлении местного края играло архаическое, совершенно неприноровленное к действительным условиям жизни, устаревшее и безграмотно написанное положение об управлении Туркестанским краем,...»- деп атап айтады [78].

Тек сайлау науқандарында ғана емес басқа уақыттар да патша чиновниктері ойына келген озбырлығын істеп, небір сорақылықты жасап, халықты айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізіп, адам айтқысыз ауыр халге түсірген патша өкіметінің отаршыл саясаты ХХ ғасырдың басында гүлдеу шегіге жеткен еді. Ол туралы Алаш зиялысы М. Дулатұлы ОГПУ тергеушісіне берген жауабында: «Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның мұндай халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылары және басқалары өз «үлестерін» қосты; ауыр салық, зорлық-зомбылық, паракорлық, өсек айту үйреншікті жағдайға айналды; қазақ әйелдері күң жағдайында өмір сүрді, ең құнарлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып беріліп, ал қазақтар болса шөлді-шөлейтті жерлерге ығыстырылды; патша өкіметі мектептер ашуға қамқоршы болудың орнына, қазақтарға өздері жинаған қаржыға да мектеп салуға тиым салды; ...Қазақ елі, міне, осындай түнекте ғұмыр кешті. Патша өкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіге жетті.» - деп көрсетеді [79].

Отандық тарих ғылымында аталмыш мәселелерді жаңа көзқарас қалыптастыруда М. Қойгелдиевтің "Алаш қозғалысы" атты еңбегінің орны ерекше екенін атап айтуымыз керек. Онда автор ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде патшалық биліктің Қазақстанды отарлау саясатын талдап, қазақ облыстарындағы отаршыл әкімшіліктің қызметіне тың тарихи деректер негізінде кең түрде көңіл бөле отырып: "Шамамен екі ғасырға жуық мерзімде қалыптасқан басқару жүйесінде жергілікті халықтың билікке тартылуы мемлекеттік аппараттың ең төменгі болыстық басқаруымен шектелді. Бұл қазақ елін саяси биліктен аластату ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамын іштей ірітуге қадам да еді. Өйткені, бұл жүйе, біріншіден, мемлекеттік басқарудан аластанған халық санасында өзін-өзі басқару туралы сенімді біржола жойып, басқару аппараты, оның негізгі иесі ұлыдержавалық ұлттық билеуші топтары алдында құлдық сана қалыптастыруға тиіс болатын. Екіншіден, бұдан былайғы уақытта жергілікті халықтың күнделікті тіршілігінде туып отыратын мәселелермен тікелей айналысатын ең төменгі әрі негізгі басқару буыны — болыстық управитель қызметі мен оның көмекші орындары отаршы әкімшіліктің тікелей шебер қолдауымен түрлі топтар мен күштердің

арасындағы таусылмас талас объектісіне айналды. Бұл талас қазақтардың өз арасында рулық негізде бөлініп-жарылуына тікелей жол ашып, ұлттық тұтастыққа көшуіне үлкен нұқсан келтірді"-деп қорытынды жасап, әділ баға береді [80].

Отаршыл аппараттың жергілікті халықпен арақатынасының мұндай болуы 1916 жылғы көтерілістің шығуының негізгі әлеуметтік-саяси себептерінің бірі болды.

Мұндай әлеуметтік-саяси өмірдегі қайшылықтар күннен-күнге тереңдеп, жергілікті халықтың отаршыл жүйеге деген наразылығын күшейте түсті. Оған қоса өлкеде отарлық билік тұсында қалыптасқан саяси-экономикалық жағдайларда шиеленісіп, Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылы көтеріліске шығуға итермелеген мәселелердің негізіне айналды.

1916 жылғы көтерілістің шығуының ең басты себептерінің бірі Жетісудағы жер мәселесі болатын. Бұл мәселе 1916 жылдың қарсаңында тіптен шиеленіскен еді.

1891 жылғы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереженің 119 бабы бойынша, яғни «көшпенділер иеленген жерлер және ол жерлерге қатысты нәрселердің барлығы, оның ішінде орман да мемлекеттік меншік болып танылады»-деп бекітілді [81]. Осылайша отаршыл жүйе ғасырлар бойы иеленіп келе жатқан қазақ пен қырғыздың жерлерін маған не істей аласың дегендей мемлекет меншігі, яғни, Ресей империясының меншігі деп жариялады. Ал осы ереженің 120 бабында «Көшпенділер отырған жерлер осы ереженің тәртіптері негізінде көшпенділерге қауымдық пайдалануға мерзімсіз қалдырылады»-деп халықтың өз жерін өзіне «қайыр» етіп бергендей көрсетеді. 120 бабында «Қыстақтар және өңделетін жерлер әрбір болыстық және ауылдық қауымның жеке пайдалануына мерзімсіз беріледі. Егер келіспеушілік болса, онда мал басының санына және шаруашылық мөлшеріне қарай пайдалануға беріледі» – деп жергілікті халыққа «жағдай» жасағандай болады [82]. Бірақ бұл халық арасында келіспеушілік болатынын біле тұра әдейі жасалған шара болды. Сөйтіп, тағы да халықты бір-біріне айдап салып араздастыру еді. Төрелікке келгенде біріне «басу» айтып, екіншісіне «қасу» айтып жүргізіп отырған сұрқия саясаттың бір ұштығы екенін айқындай түседі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында ықпалы күшейе түскенін жергілікті халықтың жайылымдары мен шабындықтарын иесіз жатқан жер ретінде тартып алып, күш көрсетуін байқата Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың 1853 жылғы: «Ресей бодандығындағы қырғыздардың жері олардың меншігі емес, сол жерді шет елдіктерден әскермен қорғап, қырғыздарға мұрсат беріп отырған үкіметтің иелігіне жатады» [83] - деген болжамын осы 1891 жылғы Ереже шындыққа айналдырып, Қазақстанның толық Ресейдің отарына айналуын «заңдастырып» берді. Жетісу Ресейге қаратылғаннан кейін бұл өлкені тез арада отарлау шаралары жүргізіле бастады. Осы мақсатта Жетісуға бірінші болып қоныс аударып келген Сібір казак-орыс әскерлері болды. 1867 жылы

орталығы Верный болған өзіндік Жетісу казак-орыс әскерлері құрылды. Казак станцияларының өсуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың басына дейін созылды. 1900 жылы Жетісуда 11 казак станциясы және 17 селосы, ал 1913 жылы 18 станицасы және 16 селосы болды. Жетісу казактарының ерлер мен әйелдер саны 1880 жылы 20206 болса, 1890 жылы 23791, 1900 жылы 29398, 1910 жылы 38557 адамға дейін жетті [84]. Казактардың саны жылдан-жылға есіп қана қоймай, оларға сонымен қатар ерекше әскери сословиелік артықшылықтар мен құқықтар пайдалануға берілді. Әрине осындай қарқынмен өсіп, артықшылықтар беріліп отырған Жетісу казактарын жермен қамтамасыз ету де ерекше болған. Оларға жер жергілікті халықты ең жарамды, құнарлы жерлерімен ығыстыру арқылы бөлініп отырды. Мұндай әрекеттердің кең етек алып отырғанын Жетісу әскери губернаторының ресми жазбаларында жасырылмайды. «Казак станцияларына жер қырғыздардың ең жақсы жайылымдары мен шабындықтары есебінен беріліп отарды. Ал жергілікті қазақтар мен қырғыздарға шығын болған жері үшін аралық болыстардан жер қарастыру шаралары да іске асырылмады [85]. 1913 жылы Жетісу казак-орыс әскерлерінің иелігінде 662092 десятина көлемінде жер болды [86]. Олар негізінен стратегиялық маңызы бар аймақ деп саналатын Верный, Лепсі, Жаркент және Қапал уездерінен алынған. Ал Пішпек және Прежевальск уездеріне казак станицалары мен поселкелері болмады.

Казактар мен отарлаудың бірінші кезеңі негізінен стратегиялық пунктер, яғни станицалар мен селолар түрінде болса, ал екінші кезеңінде селолар негізінен осы пункттердің жол қатынасы бойына салынды. Осылайша болашақта орыс шаруаларымен отарлаудың саяси-әскери мақсаты көзделген. Сонымен қатар патша әкімшілігі жергілікті халық тарапынан болатын қауіптен де сескенген-ді. Генерал Колпоковскийдің пікірінше «Казачество тиімді әрі қажет. Олар көшпенділердің барымталары мен тонаушыларынан қорғануға былайша айтқанда қазақтар мен қырғыздардың жаугершілік қозғалыстарына қарсы тұруда үлкен роль атқарады» [87] дегенінде үлкен мән бар. Өйткені әскери күштер қазақтар мен қырғыздарды отарлауға қарсы шыққан әрбір қозғалысын басуға, сөйтіп орыстардың қазақ даласына еркін ішкерлей енуіне жағдай жасайтын сенімді тірек болды. Патша әкімшілігінің қоныс аудару саясаты бойынша ХІХ ғасырдың екінші жартысында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман және Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский казачествомен отарлаудан да переселен шаруалармен отарлау тиімдірек деп есептеді. 1869 жылы Колпоковский Кауфманның нұсқауымен Жетісу облысын отарлаудың жоспарын жасады. Ол бойынша облыстың бес уезіне 1345 семьялық 33 поселка оған қосымша переселендердің төңірегінде 10 семьядан 475 семьялық 47 бекет құру белгіленді [88].

Барлығы 1815 семьялық орыс шаруа переселендерінің 80 пунктін орнықтыру жоспарланды. Бұл жоспар 1882 жылы артығымен орындалған жалпы 1868 жылдан 1882 жыға дейін 1875 семья қоныс аудару керек деп

жоспарланса, оның орнына 13617 адамнан тұратын 1718 семья көшіп келген [89].

Колпаковскийдің жоспары 80-жылдардың басында-ақ орындалғанымен 1883 жылдан 1885 жылға дейін облыста басқа орыс елді мекендері құрылмады. Бұл кезеңдерде шаруалардың қоныс аударуы баяулаған. Бірақ 90-жылдардың басындағы Россиядағы болған ашаршылықтан кейін Жетісудағы өз еркімен қоныс аударушы орыс шаруалардың қарқыны күшейе түсті. Осы жылдардан кейін Жетісуды шаруалармен отарлау басқаша сипатқа ие болды. Алғашқы жоспарды «артығымен» орындағаннан кейін, енді жоспардан «тыс» келген шаруаларды орналастыру патша әкімшілігіне біраз қиындықтар тудырды. Осыдан кейін патша әкімшілігі өлкеден басы артық жер іздей бастады. Ал оған дейін 1896 жылы Жетісуға өз бетімен келушілер үшін жол жабылды, бірақ бұл шаралардан кейін де Жетісуға «өз бетімен келуші» орыс шаруаларының (крестьяне самовольцы) толқыны тоқтамады. 1896 жылдан 1909 жылға дейін Жетісуға тағы да 17911 орыс шаруа өз бетімен келді. 1910-1914 жылдар аралығында 47 610 шаруа, барлығы 65 521 шаруа қоныс аударды [90].

Кейінгілер 1911 жылы Жетісуға қайтадан қоныс аударуға рұқсат етілгеннен кейін келе бастады. Оған дейін отаршыл әкімшілік тарапынан өлкеден «басы артық жер» табу үшін біраз шаралар істелінген. Сондай үлкен шараның бірі – орыс шаруалары үшін әлеуметтік-экономикалық негіз дайындаған Шербина экспедициясы болды. Одан кейін жер-жерлерде қоныс аудару басқармалары мен партиялары құрыла бастағаны белгілі. 1905 жылы «Жетісу переселендер учаскесін дайындау партиясы» құрылды. Ол қазақтар мен қырғыздарды отырған жерінен ығыстыру арқылы қоныс аудару қорына жер игере бастады. 1908 жылғы деректерге қарағанда Жетісудағы көшпенділерден 955 қыстау алынып қоныс аударушы орыс шаруаларына берілген. Сонымен қатар су көздері, ормандар да алынып отырған [91]. Тек 1906-1914 жылдар аралығында Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардан 2 миллион 703 мың десятина жер алынды [92]. Бұлар әрине өңдеуге пайдалы, ең құнарлы жерлер болатын.

Жер мәселесіне арналған еңбектердің арасында отарлық билік орындарының жергілікті халықтың пайдалануындағы жерлерді орыс шаруаларына тартып әперудегі зорлық-зомбылықтары мен айла-әрекеттерін айыптау да кездеседі. Мәселен, О.А. Шкапский мен Т. Седельниковтың еңбектерінде [93] қоныс аудару мекемелері шенеуніктерінің қазақтар иелігіндегі құнарлы жерлерді тартып алуына жергілікті билік орындарының еш қарсылық көрсете алмауы, керісінше, оларға ізгі ниеттілік танытылуы айтылған.

Осыншама мөлшерде жарамды жерлерді көп қиындықсыз иеленіп отырған соң, қазақтар да, қоныс аударушы шаруалары да жерді қалай болса, солай пайдаланып құртып жіберуге дейін барған. Бұл жөнінде мына деректерде анығырақ айтылады «Жетісуды қазақтармен отарлаудың келеңсіз

зардаптарының бірі олардың тез арада жарамды жерлер мен алқаптарды және аяқ жетер жерлердегі ормандарды құртып жіберуі еді» [94].

Бұдан отарлаушылардың өлкені басып алғанымен тұрмай, жерді және жер байлығын ысырапсыз пайдаланғанын байқаймыз.

Қалыптасқан мұндай келеңсіз құбылыстарды Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин патшаға жазған мәлімдемесінде: «Среди других народностей, населяющих Туркестанский край, киргизское население, составляющее до 2 615 тысяч душ, является наиболее бесправным относительно пользования землею. По существующему закону, земли, которые ныне обеспечивают существование киргизского населения при кочевом образ жизни, признаются государственною собственностью и излишки их могут поступать в распоряжение казны. Слишком широкое толкование о размере этих излишков, особенно с 1904 года, повело к тому, что у киргизского населения были отобраны огромные площади земли, частью ему жизненно необходимые, для образования русских селений, казенных скотоводческих участков и казенных лесных дач – единственного владения казны. Это явление было отмечено уже при ревизий сенатора графа Палена, но на его не было обращено должного внимания. Но и на той земле, которая оставлена киргизскому населению в постоянное пользование, это население стеснено в распоряжении этою землею лесною стражею. Многочисленно, дурное материально обставленная и лишенная должного контроля, эта стража является бичом населением. По всем областям при объезде края мне принесены на лесных объездчиков многочисленные жалобы. Старшие чины лесного ведомства признают наличность этих злоупотреблений, но без улучшения материального положения этой стражи, увеличения числа ее и точного определения границы казенных дач не видеть возможности прекратить притеснения и поборы, чинимые лесною стражею даже на землях, оставленных в пользовании кочевого населения.» - деп өзі де мойындаған болатын [95].

Осындай келеңсіздіктерге қарамастан Жетісуға қоныс аударушылардың келе бергендігінен оларды жермен қамтамасыз ету де, барған сайын күрделілене түсті. Олардың бәрін жермен қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан шаруалар жер алу үшін кезекке тұра бастады. 1913 жылдың ақпанында 1214, 1914 жылдың ақпанында 9080, 1915 жылдың ақпанында 4901 қоныс аударушы орыс шаруаның отбасы кезек күткен еді [96]. Осы кезеңде жарамды жерлермен қамтамасыз етіліп отырған орыс шаруаларының жағдайы осындай болғанда қазақ пен қырғыздың жағдайын мүшкіл халінің қандай екенін айту да қиын. Осы айтылған мәселелер қазақтар мен қырғыздардың 1916 жылы көтеріліске шығуына негіз қалады.

Ендігі тоқталатын үлкен мәселенің бірі 1862-1876 жылдары маньчжурларға қарсы көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Солтүстік Батыс Қытайдан Жетісу территориясына қоныс аударып келген дүнгендер мен ұйғырлар мәселесі болып табылады. Олардың басым көпшілігі Шығыс Түркістаннан келіп, Жетісуға орналасқаннан кейін Ресей бодандығын қабылдады. 1871 жылы Ресей империясының генерал Колпаковский бастаған

әскерлері Іле сұлтандығын жаулап алды. Оның орталығы Құлжа қаласы болды. 1881 жылғы келісім шарт бойынша Іле өлкесі Қытайға қайтарылып берілді. 1884 жылы бұл өлкеден Жетісуға 45373 ұйғыр және 4682 дүнген қоныс аударды [97]. Анығырақ айтқанда Верный уезіне 26124 ұйғыр, және 1126 дүнген Жаркент уезіне 19209 ұйғыр және 1347 дүнген барлығы 47346 ұйғыр мен дүнген келді [98].

Екі мәліметтің айырмашылындағы 2473 адам 1884 жылдан кейін келген болатын. Жалпы бұл қоныс аударушыларды екі толқынға бөліп қарауға болады. Бірінші келушілер негізінен шаруашылығы нашар кедейлер еді. Ал екінші толқында келушілер біріншісіне қарағанда ауқаттырақ көрінеді. Біріншілерінде 1,171 бас мал болса, екіншісінде 3,165 бас мал болды. Бұлардың ішінде малы көптері де болды, немесе соқа басын сүйретіп келгендері де болды. Жалпы 1880 жылдардың аяғына дейін Жетісуға қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендердің 45918 адамдық 9431 отбасына жергілікті қазақ пен қырғыздың есебінен жер бөлініп берілді. Олардың иелігінде 181 318 десятина жер болған [99]. Ұйғыр мен дүнгендер де өлкенің «бұратана» халқының қатарына қосылып, отарлық езгіге түсті. Алайда патша әкімшілігінің оларға жерді байырғы халық есебінен беріп, халықтар арасында қайшылық туғызуға тырысты. Бұл жағдай да жер мәселесін қиындатты. Осылайша Жетісуды отарлаушы жүйенің орыс қоныс аударушылары мен қоса ұйғырлар мен дүнгендерді әкелуіне байланысты ұлтаралық қатынас мәселесі де қиындай түсті. Мал шаруашылығымен айналысатын қазақ пен қырғыз шаруашылығының жағдайы барған сайын нашарлады. Өлкеде Верный уезінің 84,17 проценті, Қапал уезінің 71,8 проценті, Лепсі уезінің 79 проценті, Жаркент уезінің 96,4 проценті, Бішкек уезінің 84,9 проценті мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан мал өрісі де шабындық жерлердің көлемі де өте тарылды. Соның салдарынан мал басы көп шығынға ұшырап, малмен күн көріп отырған халықтың жағдайы күрт нашарлай түсті. Сондықтан халық енді жер өңдеумен де айналыса бастады. Жалпы Жетісуда егістік жерлер 1900 жылы 300 399 десятина жер болса, 1913 жылы 662 475 десятинаға дейін өсті. Оның ішінде қазақ пен қырғыз халықтарының үлесіне 183 866-дан 341 812 десятина жер тиесілі болды [100]. Бірақ осы жерлерден түскен өнім өте төмен деңгейде болды. Мал шаруашылығымен салыстырғанда түсетін өнімнің ара қатынасы мынадай еді: Верный уезінде мал шаруашылығынан 53,7 процент, жер өңдеуден 25,5 процент, Қапал уезінде мал шаруашылығынан 61 процент, жер өңдеуден 24,3 процент, Бішкек уезінде мал шаруашылығынан 56,7 процент, жер өңдеуден 16,6 процент өнім түсетін [101]. Бұдан байқайтынымыз қазақ пен қырғыз тұрғындарының жер өңдеуге икемделе қоймағаны, әлі де болса дәстүрлі мал шаруашылығын дамытып отырғандығы. Сонымен қатар екінші бір айта кететін нәрсе ол жер өңдеуге қажетті құрал-сайман тапшылығы да көрініс тапқан болатын. Өңделген жерден өнімнің аз түсуіне әсер еткен фактор жердің басым көлемінің құнарсыздығы болды. Өйткені оның себебі

жоғарыда айтып өткендей жердің жарамды құнарлы бөлігінің орыс қоныс аударушыларының үлесіне тиесілі болуында еді. Көтерілістің шығуына түп-тамырында осындай шиеленіскен жер мәселесі жатты.

Жетісудағы 1916 жылғы көтерілістің шығуына себеп болған мәселелердің қатарында салық пен сауда қатынасын да айта кетуге болады.

1867 жылы енгізілген «Уақытша ереже» бойынша қазақ пен қырғыз көшпелі тұрғындарына 2 сом 75 тиын, ал 1891 жылғы «Ереже» бойынша 4 сом мөлшерінде түтін салығы салынды. Салық оны төлеушінің шаруашылық жағдайына, әлеуметтік мүмкіндігіне қарамастан алынатын болды. Негізінен Жетісудан сыртқа тасымалданатын өнімнің түрі мал мен астық өнімдері болатын. 1908 жылғы мәліметтерге сүйенсек Жетісудан 38 644 жылғы, 105 212 бас ірі қара және 1 миллион 596 мың 375 тұяқ қой-ешкі сыртқа шығарылған. Ал астық өнімдерінен 1 миллион 34 мың пұт бидай, 75 мың пұт арпа, 85 пұт мың күріш шығарылған [102]. Мұның бәрі әрине жергілікті жерден арзан бағаға сатып алынып орталықтағы Ресей халқын асырауға жөнелтіліп отырды.

1914 жылы Ресейдің қатысуымен басталған бірінші дүниежүзілік соғыс ішкі Ресей халқының да, шет аймақтардағы «бұратана» халықтың да жағдайына қатты әсер еткені белгілі. Шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның өнімі күрт төмендеді, мал саны кеміді. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды, тағы сол сияқты материалдық игілікті қажет етті. Өлкеде жергілікті өнімдер арзан бағаға қала отырып, сырттан тасымалданатын өнім қымбаттап халықтың шаруашылығы күйзеліп, әл-ауқаты нашарлай түсті. Сырттан келетін тауарлардың бағасы өте қымбат болған. Импералистік соғыс жылдарында өлкеде экономикалық күйзеліс пен қатар халықтарды саяси езуде күшейе түсті. Соғыстың алғашқы күндері-ақ патша үкіметі өлкеде «төтенше жағдай» енгізді. Далалық генерал-губернатордың ерекше қаулысымен Сібір темір жолының бойында «жиналыс, ереуіл, жұмыстан бас тартуға салатын әскери жағдай» енгізілді. Патшаға қарсы шығып ереуіл жасауға және оған шақыруға, жалпы патша әкімшілігінің қызметкерлеріне қарсы шыққан кінәлілер өлім жазасына кесілетін болды. 1914 жылдың әскери министрдің арнайы жарлығымен Далалық генерал-губернаторға ерекше құқылар беріліп, басылымдарға әскери цензура қойылды [103].

Соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен өте көп мөлшерде мақта мен мақта майы, 474 мың балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 38 пұт мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй алынды [104]. Уақыт өткен сайын халықты майданға байланысты тонау, қанау саясаты күшейе түсті. Халықтың әл-ауқаты күннен-күнге нашарлай берді. Мұндай жағдай әрине, Жетісудың жергілікті халқына да тән. 1914 жылы Жетісу облысынан 34 миллион сомның малымен шаруашылық өнімдері алынды [105]. Сонымен қатар, әскерге мобилизацияланғандардың семьясына көмек ретінде жергілікті халыққа міндетті түрдегі еңбек міндеткерлігі енгізілді. Ал Жетісудан 1914 жылы 22 мыңнан аса, 1915

жылы 52 мыңға жуық, 1916 жылы 35 мыңнан аса адам әр түрлі құрылыс жұмыстарына мобилизацияланған болатын. 1916 жылы Жетісу әскери губернаторы Фольбумның бұйрығымен қазақтар мен қырғыздар ешқандай ақы төлемсіз жер жыртуға, егін егуге міндеттелді. Жәнеде халықтың иығына ауырлық түсіретін әскери салық салынды. 1914 жылмен салыстырғанда 1916 жылы ұнның бағасы 218 процентке, еттің бағасы 225 процентке өсті [106].

Жетісу халқы қанаудың ең ауыр түріне түсіп әр түтінге салынатын салықтың мөлшері 3 сомнан 8 сомға өсті. Азық-түлік басқа да халық тұтынатын заттардың бағасы үздіксіз қымбаттай берді. XX ғасырдың басымен салыстырғанда ұнның бір пұты 94 тиыннан 1916 жылы көктем айларында 40 сомға дейін көтерілді [107].

Соғыстың салдарынан Жетісудың елдің орталық аудандарымен шаруашылық байланыстары нашарлады, халық тұтынатын тауарлардың жетіспеушілігі, өңірдегі қымбатшылық өткір сезілді. Ол туралы Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов: «...Жетісу облысына ұлы соғыстың әсері басқа жерлерге қарағанда бұрынырақ әсер етті, 1916 жылдың ортасына қарай тұтынуға бірінші қажетті заттар: ауылшаруашылық машиналары мен құрал-жабдықтар, басқа да тауарлардың жетіспеушілігі қатты сезілді. Малшаруашылығының және де басқа жергілікті /астық, шикізат, жүн, т.б./өнімдердің бағасы сол төмен күйінде қалды да, ал сырттан әкелінетін тауарлардың бағасы күн санап емес, сағат санап өсіп отырды...» -деп көрсетеді [108].

Сонымен бірге соғыс кезінде ұлттық-отарлық езгіде күшейе түсті. Патша чиновниктері жергілікті халық өкілдерін тәлкек етіп өздерінің әрқашанда үстем болу мақсатында екенін көрсетті. Ондай бір айғағы Түркістан генерал-губернаторы міндетін атқарушы Ерофеевтың Жетісу әскери губернаторына жолдаған телеграммасынан көруге болады: «Түземдіктерге орыс билігінің алдында бас идіру белгісі ретінде барлық ведомстволық чиновниктері мен офицерлері алдында түземдіктер бас иіп құрметпен сәлем беруі керек» [109]. Бұл патша чиновниктерінің ойына келгенін істейтін озбырлығының бір қыры ғана еді.

Патша чиновниктерінің Түркістанның жергілікті халықтарының намысына тиетін небір сорақылығы мен жасаған озбырлығы Мұстафа Шоқайдың естеліктерінде де жақсы суреттеледі [110]. Отарлық жүйе қол астындағы елдерді қанап, езіп, жаншып ұстауға мейлінше мүдделі болды. Сонымен қатар үкімет жергілікті халықтың тілі мен ділін, ұлттық сана – сезімін тұншықтырып, рухани құлдық арқылы өлкені орыстандыруды көздеді.

Елдің басқа аудандары сияқты Жетісу өлкесінде де патша үкіметі жүргізіп отырған әділетсіз соғысқа, отарлық жүйенің ұлттық және әлеуметтік езгіні күшейтуіне қарсы жергілікті халық бұқарасының наразылығы күннен-күнге арта түсті.

1916 жылғы көтеріліс қарсаңында патша үкіметі ұзақ жылдар бойы жүзеге асырып, орыс шаруаларымен казак орыстар үшін қазақ-қырғыз

жерлерін зорлықпен тартып алып, құнарлы егіндігінен, шұрайлы шабындығынан айрылған көшпелі халық тау-тасты және шөлейт жерлерге ығыстырылғаны жайлы жоғарыда айтылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылының ішінде-ақ тек Жетісу өңіріндегі қазақтардың 1800 мың десятина жерлерін тартып алынды [111].

Осы айтылған оқиғаларды көзімен көріп, куә болған Жетісу өңірінде өмір сүрген ақын Албан Асан патша үкіметінің отарлық саясатының қасіретті нәтежесін өз аймағының мысалында былай деп өлеңге қосады:

“Күннен – күнге Албаным,
Заманың сенің тарылды.
Өр көкірек кең қоныс,
Дәуірің сенің қалған – ды.
Кең қоныстан айырылып,
Ұшып кетер жерің жоқ.
Қанатың сынып қалған – ды.
Екі көзің телміріп,
Мойныңа шынжыр салған – ды.
.
Қайсы бірін айтайын,
Ішімде толған арман – ды [112].

1.2 Отаршыл жүйе көтерілістің ұйымдастырушысы

Көтерілістің шығуына негіз болған отаршыл жүйенің өлкеде жүргізген отаршылдық саясаты салдары болатын. Осы саясаттың шиеленісуі нәтижесінде 1916 көтеріліс шыққан еді. Оның әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани себептері тереңде жатты. Ол жер мәселесі, отарлық жағдайда қанауға түскен елдің әл – ауқаты, экономикалық күйзеліс, саяси құқықсыздық, рухани отарлану т.б., мәселелер.

Бұл жөнінде жергілікті жағдаймен жақсы таныс патша әкімшілігінің Жетісудағы жандармериясы жеке корпусының ротмистры Юнгмейстер көтерілістің барысына шолу жасай келіп оның себептерінің бірнешеуін атап көрсетіп былай дейді:

– **«ПРИЧИНЫ ВОССТАНИЯ:** 1) *Земельные отношения:* у киргиз были отобраны лучшие земли, они были оттеснены к горам и принуждены были арендовать землю у крестьян, которые сдавали её испольно. Если взглянуть на карту Пржевальск[ого] уезда, издания Переселенч[еского] управл[ения], то видно, что русские поселки сгруппировались в долинах вокруг озера Иссык-Куля и в богатых долинах на восток от него, а киргизам были оставлены безлесные горы и т[ак] наз[ываемые] Сырты.

2) *Отношение русских переселенцев к киргизам:* сюда пришли всякие отбросы из европейской России. При всяком удобном случае отбирали у киргиз киргиз, якобы за потраву, а затем сами-же взыскивали за это деньги, грозя не выпускать его, не давая ему пищи и питья. В то время, как киргизы никому не

отказывали в гостеприимстве, новоселы по отношению к киргизам этого не делали.

3) *Отношение местных русских властей к киргизам:* Они смотрели на киргиз, как на источник постоянн[ых] доходов "Чигин" /незаконный сбор между киргизами для подкупа нач[альни]ка постоянно увеличивался [113].

Отаршыл жүйенің өкілі көтерілістің түп-төркінінде не жатқанын жақсы түсініп білгені байқалады. Қалыптасқан мұндай жағдайда қазақ және қырғыз халықтарының көтеріліске шыққаннан басқа амалы қалмаған еді. Көтерілістің алғышарттары жан-жақты пісіп-жетіліп тұрған тұста 1916 жылғы 25 маусым жарлығы шықты. Патша бұл шығарған жарлығы көтеріліске тек түрткі ғана болды. Маусым жарлығы «қурап тұрған шөпке» от тастағандай болды.

Бұл жарлықтың жергілікті жерлерде халық тарапынан күшті қарсылыққа тап болары анық еді. Ондай қарсылықтың болатынын кей жерлердегі жоғары билік өкілдері жақсы сезіп-білген екен. Патша өкіметінің мұндай ұшқары, үстірт шешімдер отар аймақтарындағы халыққа қатты әсер ететіні, сондықтан бірқатар дайындық пен уақыт керектігін жақсы түсінген. Мысалы, Кавказдағы наместник, патшаның бауыры Николай Николаевич патшадан бұл жарлықтың өзіне сеніп тапсырылған өлкеде іске асырылмай өзгертілуін талап еткен. Онда ол: «...мұсылман тұрғындарына қатысты кез-келген шара, оны іске асырғанға дейін бірқатар дайындық шараларын және белгілі бір уақытты талап етеді»-деген уәж айтқан [114]. Оның айтқан уәжі орынды болатын, өйткені 25 маусым жарлығы жер-жерлерге телеграф арқылы жіберіліп тез арада орындалуы талап етілген. Мұндай күрделі де қауырт шараны тез арада орындап іске асыру мүмкін емес еді. Онсызда отарлық жүйенің жүргізген озбыр саясатынан әбден запы болған, әлеуметтік-экономикалық күйзеліске, саяси-рухани езгіге түсіп сiңiрi шығып қаналған халықтың мынадай жарлық жарияланғанда көтеріліске шыққаннан басқа амалдары қалмаған еді, жарлық тек соған түркі болды.

1916 жылғы көтеріліс тарихынан құнды еңбек жазып қалдырған Тұрар Рысқұлов оның шығу себептеріне қатысты: «...Түркістанның жергілікті халқын патшалық отаршылдық өктемдікке қарсы көтеріліске итермелеген ең басты себептердің әлдеқайда елеулі негіздері бар еді. Бұл негіздер патша өкіметі өзі билеп-төстеген 50 жыл ішінде Түркістанды отаршылдық қанауы салдарынан орын алған терең экономикалық, саяси қайшылықтарында жатқан еді. Сондықтан, әбден шыдамы таусылған жергілікті халықтың жан төзгісіз езгісіне жаппай қарсы шығуынан басқа амалы қалмады» -деп көрсетеді [115].

Осы айтылған терең қайшылықтардың Жетісудағы қазақ пен қырғыз халықтарының да көтеріліске шығуына негіз болып, көтеріліс қарсаңында өзінің шарықтау шегіне жеткен саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің бірі отаршыл биліктің жергілікті жерлердегі әкімшілігінің қызметіне де қатысты еді.

Жетісудағы қазақ пен қырғызды көтеріліске итермелеген басты себептердің бірі – патшалық Ресейдің өлкені жаулап алған кезден бастап 1916 жылғы көтерілістің шығып және оның шиеленісуі тұсында отаршыл әкімшіліктің жергілікті халыққа қатысты жүргізген өте дөрекі, келеңсіз

әрекеттері мен саяси ұстанымдары болатын. Бұл жөнінде сол отаршыл жүйеге қызметкері, Жетісуда болып жатқан барлық жағдайлардан жан-жақты түрлі мәліметтер алып отырған Верный қаласы және Жетісу облысы бойынша жандарымдық жеке корпустың бастығы ротмистр Владимир Железняковтың 1916 жылғы көтеріліске байланысты берген көрсетуінде былай дейді: - «... Русская власть в области в лице администрации и участковых начальников управляла своими районами при посредстве нагайки и вообще физического воздействия...» [116]. Бұл пікір облыстағы жағдайларды жеті бақылап халықтың тыныс-тіршілігінен жақсы хабардар болып отырғын жандармерия бастығының өлкедегі орыс билігінің жергілікті халыққа қатысты көзқарасы мен ұстанымдарына берген әділ бағасы еді. Орыс билігінің мұндай озбырлығын Жетісудағы қазақ пен қырғыз халықтарының көтерілісін басып «тыныштандыруға» Самарқаннан келген 6 - құрама жасақ корпусының Штаб бастығы да көтерілісті басуға қатысқан аз уақыт ішінде байқап үлгерген екен. Ол кейінірек Түркістан генерал-губернаторы А. М. Куропаткинге көтеріліске қатысты 1917 жылы 4 қаңтарда жазған құпия мәлімдемесінде: «...одной из главных причин восстания, на сколько я мог разобраться, было и не нормальное отношения между местной администрации и киргизским населением. Киргизы по моему народ крайне мирный, чуждый фанатизма...»- деп жазады [117]. 1916 жылы көтеріліс кезінде Жетісудағы оқиғалардың куәгері болған, осында біраз жылдар сот саласында қызмет жасаған Г. И. Бройдо 1916 жылдың 3 қыркүйегінде Ташкент сот палатасының прокурорына көтерілістің шығу себептерін талдай келе берген жауабында: «...көтеріліс барлық отарлық билік орындарының арандату жұмыстарының нәтижесінде туындады, отарлық билік орындары көтерілісте қазақ - қырғыз халқын қырып-жойып және үкіметтің жерді босату үшін одан әрі отарлау әрекеттеріне бағытталды» -деген пікір айтады [118]. Осыған ұқсас: «...Қырғызбен соғыста орыс әскерінен де тышқан мұрын қанапты: 3 әскер басы, 53 әскерлік өліпті, 77-сі дерексіз жоғалыпты. Осындай соғыс бола ма? Бір жағы жасаулы әскер, екінші жағы қарусыз ел. Патша өкіметі қарусыз елді жеңеді, Батыстан көрген қорлықтың өшін қырғыздан алады. Қырғызды құртып тастап, келімсек орысқа жерді босатпак болады...»-деген пікірді 1926 жылы көтерілістің 10-жылдығына орай жазған мақалаларында А. Шестаков пен Ә. Бөкейхановта айтады [119].

Т. Рысқұлов көтерілістің 10-жылдығына орай жазған «Қазақ және қарақырғыздардың 1916 жылғы көтерілісі туралы» атты мақаласында: «Самый факт мобилизации казак-киргизских рабочих, при, том без надлежащей к тому подготовки, явился одним из эпизодов обычной провокационно-угнетательской деятельности царизма на окраинах;сам по себе этот случай не мог еще не вызвать такого серьезного, по своему политическому значению, восстания населения.» - деп жазады [120].

Мұндай пікірлердің айтылуында жеткілікті негіз бар еді. Өйткені, жалпы жоғары деңгейдегі отаршыл билік көтерілістің шығатынынан жақсы хабардар болған, біле тұра әдейі арандатушылық саясат ұстанғаны байқалады. Олай дейтініміз жоғары билікке әркез жергілікті халықтың көңіл-күйі, оларды

мазалайтын, алаңдататын мәселелерге қатысты түрлі мәлеметтер жинап жеткізіп отырды. Жергілікті билік орындары, полиция, жандармерия тарапынан да түрлі тыңшылар арқылы да мәліметтер алынып, оның барлығы да тексеріліп, жоғары жаққа хабарланып отырған. Бірақ, жоғары билік тарапынан көтерілісті алдын-алуға, оны болдырмауға ешқандай әрекет жасалмағаны байқалады. Оған байланысты қызмет дәрежесі жоғарыда айтылған ротмистр Железняков 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін қамауға алынып, оның қызметіне қатысты тергеу жұмыстары жүлгізіліп түрмеде отырған тұсында Ресей Мемлекеттік Думасының әскери фракциясына 19 сәуірде жолдаған хатында: «...принял все меры для предотвращения мятежа туземцев и последствия его, по случаю набора рабочих от них, который считал и считаю по его условию провокации сверху»-деп жазады [121]. Өлкедегі жағдайдан жақсы хабардар жергілікті чиновниктер мен көтерілісті басуға келген жазалаушы отряд басшыларының өздері қызмет еткен отарлық жүйенің іс-әрекетіне қатысты айтқан сыни пікірлері өте орынды деп ойлаймыз. Өйткені, жергілікті жердегі патша шенеуніктерінің Железняков сияқты кейбіреулерінің жергілікті халыққа деген көзқарастары дұрыс болғанын байқаймыз. Олай дейтініміз олардың айтқан пікірлері және оған байланысты Жетісу облыстық қазақ комитетінің 1917 жылғы қыркүйектегі № 106 қаулысында Железняковтың тергеу ісіне қатысты мынадай пікірлер айтылады: «...некоторыми гражданами киргизами, как из состава членов областного киргизского комитета вопрос о нежелательности выражения доверия бывшему заведывающему Розыскным Пунктом в Верном и Семиречинской области ротмистру В. Ф. Железнякову в благодарность за то в высшей степени справедливые и гуманные отношения его к киргизскому населению, которые проявлялось им с самого прибытия его на службу в Верный и особенно – же во время и после прошлогодних печальных событияи» [122]. Жоғарыда айтылған мәліметтерге қарағанда, патша әкімшілігі көтерілістің шығатынынан жақсы хабардар болды, бірақ оның алдын алуға, оны болдырмауға еш әрекет жасамаған.

Патша әкімшілігінің көтерілістің шығатынынан алдын-ала хабардар болғанын және оны біле тұра алдын-алуға еш әрекет жасамағаны Жетісу облысының әскери губернаторы генерал Фольбаумның көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Түркістан генерал-губернаторына жіберген мәлімдемесінен де көруге болады: «...ашық көтеріліске алып келетіндей халық бұқарасының негізгі көңіл-күйі ретінде, қазақтардың риза еместігі бұрыннан-ақ байқалды...» [123]. Осындай «көңіл-күйді» біле тұрғанымен көтерілісті болдырмау мақсатында алдын-алмай, керісінше оны одан әрі шиеленістіре түскен. Осы мақсатта Ташкенттегі жоғары басшылықтан көмекке әскер сұрап, өңірде бар әскерді көтеріліс шыға қалған жағдайда тез арада басатындай етіп орналастыруға тырысқан. Жетісу облысының губернаторы аталған мәлімдемесінде былай деп көрсетеді: «Необходимо отметить, что администрация, предвидя возможность недоразумения и волнений на почве призыва рабочих, просила военной помощи из Ташкента еще в июле, а имеющиеся незначительные военные силы распределила по области в

определенных центрах, откуда было удобно оказывать помощь при возникновении беспорядков; поэтому на Каркаре к началу мятежа была рота дружины под командой Нарынкольско-Чарынского участкового начальника ротмистра Кравченко, и скоро прибыла сотня казаков из Джаркента; этот отряд затем энергично стал восстанавливать порядок в районе Исыккуля и Текеса. К Нарыну прибыли войска из Андижана, а в Пишпек и Токмак – 20-21 августа из Ташкента, после чего началось усмирение мятежников военной силой...» [124]. Жетісу облысының сол кездегі бірінші басшысы көтерілістің болатындығынан хабардар болған, оның алдын-алуға еш шара қолданбаған, керісінше оны ушықтырып, басып-жаншуға әрекетіне кіріскен. Соған қарағанда империяның жоғары билік өкілдері көтерілістің шыққанына қарсы болмағаны байқалады. Оның өзіндік есептері болған сияқты. Ол туралы «Қазақ» газетінің 1918 жылғы 1 қаңтардағы санында жарияланған «Орынбор, 1 январь» атты редакциялық мақалада былай деп көрсетеді: «1 январь Россия мемлекетінде ескі жыл өтіп, жаңа жыл кіргенге есептелетін күн. Бүгін 1917 жыл өтіп 1918 жыл кірді.» - дей келіп өткен жылдарға қысқаша шолу жасай келіп, «...Европа соғысы дүние жаратылғаннан берлі жер жүзінде болып көрмеген зор соғысы болды. Дүние жүзіндегі мемлекеттер екі жарылып, екі жағына я көріне кірісті, я көрінбей кірісті. Зор соғыстың салмағыда зор. Оны көтеруге күш керек. Романов үкіметі састы. Жайшылықта керек қылмайтын халық күшін, халық ісін керек қыла бастады. Әншейінде ауылда таласып жүрсе де, қасқыр шапса ауылдағы иттің бәрі қосыла кететіні сияқты арадағы өшін, өкпесін, партиялық алалыған тастап үкімет демей, жұрт демей, бір жағадан бас, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарғандай, күшін қосып жауға қарсы жұрт жұмыла іс қылмақ болды. Қару-жарақ, киім-кешек сияқты соғысқа керек қандай зат болса, бәрін жұрт бөліп жұмыла істеп, тауып беріп тұрды. Сондай халық тауып беріп тұрған керек-жарақты да Романов үкіметі ұқсатып орындай алмады. Асылында орындағысы да келмеді. Соғыс ісінің көбін земстволар қолға алып, үкімет далада қалып қоятын болды. Мұны көріп, тіпті керексіз болып босқа қалармын деген үкіметке қауіп кіре бастады. Халықты соғыс жұмысына қатыстырмаймын десе, соғыс керек-жарағын үкімет өзі үлгіре алмайтын болды, қатыстырмаймын десе, жұрт жұмыстың бәрін қолына алып кетіп, үкімет далада қалып қоюдан қорықты. Үкімет былай тартса, өгіз өледі, былай тартса, арба сынатын күйге түсті. Халықты керек қылып отырғаны соғыстан болған соң, үкімет соғысты тоқтатпақ ниетке кірісті. Бірақ, соғысты тоқтату оңай бола қоймады. Соғыс басталған жылы август ішінде Англия, Франция һәм Россия араларында жасалған, онан кейін Жапония мен Италия қол қойған уағда бойынша аталған патшалардың еш қайсысы жаумен бөлініп шығып бітім жасамасқа тиіс, ішінен бүліншілік шыққан патша ғана одақтарынан бөлек өз бетімен бітім жасауға ықтиярлы.

Ол уағда тұрғанда Романов үкіметі елінен бүліншілік шықпай тұрып, қанша бітіскісі келсе де неміспен бітісе алмайтын болды. Уағданы бұзса, Одақтары Россиямен соғысып кетуі ықтимал болды. құтылмаймын дегені соғыс болған соң, уағданы бұзып неміспен бітім жасауға болмады. Сүйтіп бітім

жасайтын жалғыз-ақ шарасы болды. Ол мемлекет ішінен бүліншілік шығарып, соның сылтауымен бітім жасау. Соғысты тоқтатуға олай да, былай да жол қарап Романов үкіметінің ақырында тоқтаған шарасы іштен бүліншілік шығару болды. Бүліншілік өте зор болып кетсе, басу қиын болар деп ол жағынан да қорықты. Ептеп шамалап бүліншілік шығару жаһұтымен бұратаналарды соғыс жұмысына алмақ болып, 25 июнь жарлығын шығарды. Ол есептері бұртана соғыс жұмысынан қорқып, жарлыққа көнбейміз, адамдарын бермейміз деп, бунт шығарып, бүліншілік жасар дегені еді. Бұратаналар ол ойынан табылмады. Басында шошынып аз-маз мінез шығарса да, соңына көбі көніп, соғысты тоқтатуға дәлел болғандай жарытымды бүліншілік шықпады. Романов үкіметінің ылажы құрып, не қыларын білмей, олай да, былай да соғысты тоқтатуға жол қарап жүргенде, ол сыры сезіліп қалды.

Германияны мұқатпай соғысты қоймау керек деген пікірдегі орыстың бас адамдары Романов үкіметінің сырын сезген соң, мемлекет ісінің тізгінін өз қолдарына алып, соғыстан шыққысы келген үкіметті шығарып тастау бағытында іс қылып, пікір тарата бастады. 1917 жыл Россия былтыр сондай күйде тұрған шақта кірген еді...» [125].

Бұл жағдайлар өлкедегі отарлық биліктің дағдарысқа ұшырағанын көрсетсе керек. Олай дейтініміз Түркістан өлкесіне 1916 жылғы оқиғалардың себеп-салдарларын зерттеп тексере келген Ресей Мемлекеттік дума депутаттарының биік мінбесінен айтқан пікірлері де нақтылай түседі.

1916 жылы қыркүйек айының ортасында Мемлекеттік думаға түсірілген депутаттық сауалға сәйкес патша жарлығын орындау барысында жіберілген заңсыздықтарды, көтеріліске байланысты туындаған оқиғалармен болған жерінде танысу үшін Дума мүшелері А.Ф.Керенский мен Қ.Тевкелев, мұсылман фракциясының бюро мүшесі Ш.Мұхаммедияров, бюроның хатшысы М.Шоқай Түркістан өлкесіне келіп жергілікті жерде көтерілістің шығу себептерімен, оның салдарымен жан-жақты танысып қайтады [126].

Төртінші шақырылымдағы Ресей Мемлекеттік думасының 5 сессиясының 16 отырысының 1916 жылғы 13-15 желтоқсанында өткен жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған көтеріліс мәселелерін талқыға салады. Дума мәжілісінде бұл мәселе бойынша депутаттар А.Ф.Керенский, Джафаров, князь Мансыров т.б., баяндамалар жасады. Депутаттар 1916 жылғы 25 маусым жарлығының заңсыз екендігін, сол кездегі ресей заңдарының патша өкіметі тарапынан өрескел бұзылғандығын атап айтып, отаршыл жүйенің жергілікті халыққа көрсеткен озбырлықтарын ашық баяндады.

Мұсылман фракциясының атынан сөйлеген депутат Джафаров: «...позволю себе от имени мусульманской фракции изложить наш взгляд на эти события и указать попутно на те причины, на те обстоятельства, которые вызвали эти события. Высочайшее повеление, опубликованное 6 июля открыло целую эру в жизни инородческого населения восточных окраин России - Кавказа, Туркестана, Сибири и Степных областей. В процесс великой мировой войны оказались втянуты непосредственно сотни, тысяч инородческого населения, живущего до сей поры особым экономическим укладом, занимающего и

общегосударственном строе особое положение граждан, ограниченных в правах. Казалось, это должно было заставить правительство отнестись к этому акту поголовного призыва инородцев с особой осторожностью и вдумчивостью. Однако, в действительности мы видим обратное: призыв инородцев состоялся в порядке, нарушающем Основные Законы Империи и воплощен был в жизнь и форме, вызвавшей ничем не оправдываемые потрясения хозяйственной жизни инородческого населения. Незаконмерные действия агентов высшей власти сопровождались безграничным произволом местных властей. Незаконмерность как самого акта издания повеления о призыве инородцев, так и незаконмерность проведения этого акта в жизнь - прямой результат выработанной веками и традициями инородческой политики, политики игнорирования как мнения самого населения, так и его жизненных интересов.»-деп, бұратаналарды алу туралы жарлықтың заңсыздығын, мұндай жарлықтың іске асырылуы, жергілікті халықтың пікірімен және олардың өмірлік мүдделерімен санаспаудың өзі империяның бұратаналарға қатысты ғасырлар бойғы және дәстүрлі саясатының тікелей нәтижесі екендігін атап көрсетеді [127].

Князь Мансыров көтерілістің шығу себептеріне тоқталып, өлкенің бір кездері өлкенің жағдайы жақсы болғандығын, ал орыс өкіметі үстемдік құрғанға тұста жағдайдың нашарлап кеткендігін: «...Итак, первое впечатление было то, что за много веков до присоединения края к России этот край уже обладал большими и прекрасно оборудованными ирригационными сооружениями, которые оказались заброшенными при господстве русского правительства. Край, когда-то бывший житницей Средней Азии, край, когда-то производивший громадное количество хлеба и всяких других продуктов земледельческих, оказался заброшенным и вымершим;»-деп көрсетіп, отарлық жүйенің өлкеде жасаған келеңсіз әрекеттерін «...Когда я туда приехал, через 30 лет слишком после присоединения края к России, то я на месте чиновничества тамошнего застал касту, касту отдаленную как от русского чиновничества, так и от местного населения и даже от пришлых чиновников, командируемых туда со специальными какими-либо поручениями, касту замкнутую в самой себе, самодовлеющую и самодовольную, которая смотрела на себя как на настоящих и единственных хозяев в крае, перед коими край должен трепетать и воздавать почести и мзду. Взятничество развито было до архи-возможных пределов, и под всяким благовидным или неблагоприятным предлогом, натурой или деньгами, оно всюду и везде практиковалось, как необходимое подспорье к получаемому содержанию и зачастую превышая его. Поборы производились по всякому поводу всякого административного исправления обязанностей. Наряду с этим, признаком хорошего административного тона считалось постоянное крайнее отчуждение от местного населения, выражение всяческого ему презрения и недоверия, взгляд на туземное население как на низшую расу, не способную ни мыслить, ни чувствовать...»-әшкерелеп көрсетеді [128].

А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жылғы көтерілістің шығуына негіз қалаған өлкеде жүргізілген отарлық саясаттың салдары екенін, ең негізгісі

шиеленіскен жер мәселесінде жатқанын, сонымен қатар отарлық биліктің жергілікті билікке қатысты ұстанымының дұрыс еместігі, т.б., мәселеріді айтып 1916 жылдың ойранын ұйымдастырған да және болған бүкіл жағдайға кінәлі орыс билігі екенін, ар-ожданымда кінәсіз ондаған мыңдаған адамдардың өлімі бар қылмыскерлердің жауапқа тартылуы қажет айтып: «Мы должны, сказать, что вся вина за события падает исключительно на русскую власть, совершившую не допустимое, невероятное беззаконие. Мы должны сказать, что кроме возмездия, которое должны понести преступники, на совести которых десятки тысяч невинно убитых, мы должны еще немедленно потребовать и поставить на очередь проведение новых форм управления Туркестана и других наших окраин»-деп тұжырымдап, отарлық жүйені өзгертіп Түркістан өлкесі мен империяның басқада шет аймақтарында жергілікті халықтың мүддесімен санасатын жаңа басқару жүйесін енгізу қажеттігін ұсынады [129].

Депутаттардың жасаған бұл мәлімдемелері Түркістан өлкесіндегі отарлық билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік дума мінбесінен ашық мойындауы болатын.

Осылайша, тек Түркістан өлкесінде ғана емес жалпы Ресей империясындағы саяси биліктің дағдарысы 1917 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетіп, күйреу қарсаңында тұрды. Ал, 1917 жылы Ақпан революциясының нәтижесінде патша өкіметінің құлауын қазақ пен қырғыз қоғамы қуанышпен қарсы алды. Қазақ-қырғыз елін тәуелділікке ұстаған отаршыл жүйенің тарих сахнасынан ығысуы ұлттың көзі ашық азаматтары мемлекеттік бостандыққа қол жеткізетін сәт ретінде қабылдады.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске шығуының алғышартын отаршыл жүйе өзі қалыптастырып көтерілістің негізгі «ұйымдастырушысы» болды деген ой түйеміз.

2 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ БАРЫСЫ

2.1 Жетісу уездеріндегі көтерілістердің басталуы және барысы

Өлкеде әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай шиеленісіп, ұлттық езгінің күшейе түскен шағында патша үкіметі 1916 жылғы 25 маусымда Қазақстан мен Орта Азия халықтарының азаматтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлық шығарды. Россия империясының заңдары бойынша шет аймақтағы отар өлке халықтары әскерге алынбайтын. Себебі патша үкіметі олардың қолына қару беруге сенбейтін. Дүниежүзілік соғыс патша үкіметін шет аймақтағы халықтарды майданның қара жұмысына оқоп қазуға, ағаш кесуге, майдан шебіне жақын аудандарда жол салуға тағы басқа шақыруға мәжбүр етті.

Патша жарлығы бойынша Орта Азия мен Қазақстаннан 19 бен 43 жастың аралығындағы азаматтар алынуға тиісті болды. Бұл өлкелерден 400 мың адам, сол сияқты оның ішінде Жетісу облысынан 87 мың адам майданның қара жұмысына алынбақ болды.

Отарлық жүйені чиновниктері қазақ ауылдарының ауқатты топтарының балаларын майданның қара жұмысынан алып қаламыз деп пара алып байыған үстіне баюды көздеді. Майдан жұмысына алатындар тізімін жасай бастағанда олардың бұл ойлары жүзеге аса бастады. Мұндай әрекеттер Түркістан өлкесінің көптеген аймақтарына тән нәрсе болды. Жаппай тізім жасала бастаған кезде халық майданға барып қырылғанша, одан да қолға қару алып күреске шығуға ниет білдірді.

Патша жарлығына қарсы көтеріліс Орта Азия мен Қазақстанның барлық аудандарында бір мезгілде 1916 жылғы шілде айының алғашқы күндерінде басталды.

Бұл қарсылық өлкенің әртүрлі аудандарында стихиялық бас көтерулерден ұйымдасқан қарулы көтеріліске барып ұласты. Көтерілістің негізгі себебі отаршылдық езгінің күшеюі, қазақ шаруаларының жерін тартып алу әрекетінің кең өрістеуі, алым-салықтың еселеп көбеюі, ұлттық, рухани езгінің шектен тыс дәрежеге жетуі болды.

Маусым жарлығы жер-жерлерде халық арасында талқыға түсіп, халықтың басым көпшілігі бұл жарлыққа наразылық білдіріп ашық көтеріліске шықты.

Жетісудағы ірі көтерілістер осы кезде Жаркент уезіне қарасты Қызылбөрік, Сөгеті, Шелек, болыстарында, Қарқара және Асы жайлауларында, Нарынқол-Шарын бөлімшесінде, Верный уезіндегі Қорам, Ұзынағаш, Ботпай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыс болыстарында, Лепсі және Қапал уезінің Мақаншы, Садыр, Мәмбет-Қысқаш, т.б., болыстарында, Пржевальск, Пішпек уездерінде болды. Жетісудағы көтеріліс өзіне тән ерекшелігімен сипатталады. Оның басты қозғаушы күші халық бұқарасы. Көтеріліске мүліктік жіктеліске, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан ауқатты топ өкілдері де бірдей шығып басым көпшілігі жетекшілік жасады. Оған қазақ пен қырғыз қауымының басқа да әлеуметтік

топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық сипат алды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің елдің жаппай жерін алуына, ұлттық, саяси-әлеуметтік, рухани езгіге қарсы бағытталды. Көтеріліс барысында ұлтаралық қақтығыс орын алды. Ондай жағдайдың орын алуы патшалық отарлық биліктің жүргізген саясатының бір бағыты халықтарды бір-біріне қарсы қоюының нәтижесі болатын.

Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің тарихын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) шілде айы стихиялық наразылық білдіру кезеңі;

2) тамыз-қыркүйек айының басы – оның қарулы көтеріліске ұласуы; 3) қыркүйек-қазан айлары көтерілістің басып-жаншылуы және жеңіске ұшырау; 4) көтерілісшілердің босқыншылыққа ұшырауы және тарихи Отанына қайтару кезеңі.

25 маусымдағы жарлық елге тарағанда Жетісудағы Қарқара өңірінің халқы игі-жақсыларының басшылығымен Қарқара жәрменкесінің күн шығыс жағындағы Ереуіл төбеге жиналып 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қатысты мәселені талқыға салған болатын.

Бұл туралы жиынға қатысқан көтерілісшілердің бірі Жазылбек Серібайұлы өз естелігінде: - «... Бас бастаушы адамдар мына төмендегілер:

Түз көл болысынан: Саза Топылұлы; Ұзақ Саурықұлы, Кәрібоз Қантарұлы, Сыбанқұл Арғынұлы;

Баянқол болысынан: Қазыбек Шорманұлы, Құдиярбек Шотаманұлы;

Иванов болысынан: Жәмеңке Мәмбетұлы;

Албан болысынан: Нүке Істібайұлы, Біләл Разақұлы;

Кеген болысынан: Әбдіхалық Байсеңгірұлы, Жайшыбек Бектенұлы, Құрман Әділбекұлы, Жанпейіс Отыншыұлы, Нұрбек Әйкенұлы;

Меркі болысынан: Әубәкір Сұлтанбекұлы, Досжан Тұрсынбекұлы, Оразай Қожагелдіұлы, Бекбен Боранбайұлы;

Шелек елінен: Серікбай Қанайұлы;

Қоңырбөрік болысынан: Жаңабай Құдайбергенұлы, Молдабай Қонақбайұлы, Сарбас Байарыстанұлы, Алмабек Сәрсенбекұлы, Әмір Тайбағарұлы;

Қожмамбет елінен: Айтбай Дәркембайұлы, Мергенбай Ерденұлы;

Бөдендіден: Тұрғынбай Әймембетұлы;

Сары Тоғайдан: Сауранбай Беренұлы, Бірімтайұлы болып бастатқан үш мың шамалы адамдар бас қосып, кеңес қылынды.

Сол жиналыста барлық болыстар да болды. Жиналған сол жиналыстағы көпшілікке болыс Рақымбай Сұлтанқұлұлы сөз бастады:

Ұлық болыстарға бұйырған еді. Бүгінгі күні Албан руының барлық бастықтарымен қара бұқараларының басын қосып, патшаның сұраған адамдары жөнінде жауап бересіздер деген еді. Бұған көпшілік не айтасыздар, – деді.

Сол жерде Ұзақ Саурықұлы жауап айтты:

Біз бала бере алмаймыз. Сен не дейсің – деді ?

Жоғарыдағы аталғандар бір дауыспен «біз бала бермейміз» - деп шу ете түсті....» - деп көрсетеді.

Естелікте айтылғандарға қарағанда осы талқылаудан кейін жиынның шешімімен бірнеше адам жәрмеңкеде орналасқан патша әкімшілінің өңірдегі кеңсесіне барып, ондағы отаршыл жүйенің өкілі ел ішінде «Ақжелке» аталып кеткен ұлықпен (*Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы Подворковпен – Ш.Т.*) кездеседі. Кездесу барысында ұлықтың қойған талабына кездесуге барған беделді тұлғалардың бірі Серікбай Қанайұлы былай деген: - «...Сонда Серікбай Қанайұлы жауап айтты:

Көпшілік кеңесті, көпшіліктің жауабы мынау – біздер ақ патшаға қарағалы 50 – 55 жыл шамасында болған екен. Содан бері патша оқу; өнер үйретпеді. Не әскер қызметіне алып, әскер білімін үйретпеді. Қараңғы, білімсіз болдық. Құр қол ұрысқа тас сына ма? Патшаның сұраған рабочиын бере алмаймыз – деді. Патша біздерді тәрбиелейді дейсің, біздер үшін салдырған мектебі, әртүрлі өнер – білім орындары қайсы?...» [130].

Қарқара көтерілісінің басшылары Ұзақ Саурықұлы, Серікбай Қанайұлы, Жәмеңке Мәмбетұлы т.б., өз пікірлерін ашық айтып, наразылық білдіріп, халықты патша жарлығын орындамауға шақырып, көтеріліске шығуға үндеген еді.

Жәмеңке Мәмбетұлы болса: - «...Берсек бала өледі, бермесек шал өледі. Бала өлгенше шал өлсін, патша жарлығын орындамаймыз...» - деп ел мүддесі үшін ерлікпен жауына қасқайып қарсы тұрды. Енді осы Жәмеңке батырға біршама тоқтала кетсек.

Жәмеңке Мәмбетұлы 1838 жылы Жетісу облысы Верный уезінің Сегіз Сары (кейінгі деректерде Шонжы болысы) болыстығында дүниеге келген. Жетісудағы 1916 жылғы Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі. Жастайынын өткірлігімен, шешендігімен көзге түсіп, 18 жасынан билікке араласып, әділдігімен елге танылған. 19 жасында Қарқара өңірінің игі-жақсыларымен бірге Тезек төремен кездеседі. Жәмеңке Қарқара қазақтары мен Ыстықкөл қырғыздарының арасында ақылгөй ел ағасы атанған. Туысқан екі елдің татулығы мен достығын, бірлігі мен бейбітшілігін сақтап, нығайтуға көп еңбек сіңірген тарихи тұлға.

Жәмеңке Мәмбетұлы 1898 жылы болған Әндіжан көтерілісі кезінде де Жаркент уезінде белсенділік көрсеткені мұрағат құжаттарында сақталған. 1898 жылы Жаркент уезінің барлық болыс билеушілері күзде орыс поселкелеріне шабуыл жасау туралы келісімге қол қойған. Олардың арасында Текес болысының болыс басқарушысы Жәмеңке Мәмбетұлы да болған. Кейін тергеуге алынған Ж. Мәмбетұлының айтуына қарағанда, маусым айында да Айт болысының болысы Тұрқожа Жансеркеұлы, Қоңырбөрік болысының болысы Жаңғұты Төлегенов, Түзкөлдік Мүлкібай Әбдірашев, Кегендік Байымбет Бұржин, Байынқолдық Жауғаш Есенғұлов және т.б., албан руы болыстарының беделді азаматтарының тапсыруымен Кеген болысының қазақтары Таубалды Нұрайымов және Үмбетжан Өстеміров Жәмеңкеге келіп, Қарқарада болатын жиынға шақырып, сонда қабылданатын үндеуге мөрін қоюды өтінеді. Елді «қасиетті» соғысқа шақыратын үндеуге қол қоюдан Жәмеңке өзінің алғашында бас тартқанын, келесі күні ақмолалық қазақтар

Ахмет Байчурин мен Жауғаш Есенғұлов келіп, қол қоюын тағы өтінеді. Бұл жолы Ж.Мәмбетұлы келісім беріп, мөрін басады. Тергеу барысында Ж. Мәмбетұлы қол қойып, мөр басылған қағаздың кімде екенін және өзінен басқа кімдер қол қойғанын білмейтінін айтады [131].

Жәмеңке Мәмбетұлы 1904-1909 жылдар аралығында қатарынан екі рет Текес болыстығына қарасты № 1 ауылдың биі болып сайланған. Жәмеңкенің басшылық жасау, ұйымдастырушылық қабылеті, дарынды дара тұлғалық қасиеттері 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында айқын ашыла түседі. Патша үкіметінің 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығына орай туындаған жағдайға байланысты Нарынқол-Шарын өңіріндегі елдің беделді басшылары «Қабан Қарағай» жайлауындағы Ұзақ батырдың ауылында бас қосып, кеңес құрады. Ұзақ батыр ата салтқа орай жиынға әдейі арнап, ту боз бие шалады. Жәмеңке тоғыз құнан қой сояды. Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын 4 бөлімше сотының қылмыстық іс қозғау туралы 1916 ж. 26 тамыздағы І820 қаулысында: «Мәжілісте Иванов болысының беделді адамы Жәмеңке Мәмбетов бірінші болып сөз алып, адам бермейік деген үгітті ортаға салды...» деп көрсеткен [132]. Осы мәжілістен кейін халық бұқарасы патша үкіметінің билік орындарында бағынудан бас тартты. 11 шілде күні Қарқара жәрмеңкесінде жиналған халықтың алдында Жәмеңке Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы Подворковқа қазақ халқы ресми түрде патша жарлығын орындамайтынын мәлімдейді. Жәмеңкеге Ұзақ Саурықұлы, Жаңабай Құдайбергенұлы, т.б. ұлт-азаттық қозғалысы ұйымдастырушылар қолдау көрсетті. 22 шілде күні бөлімше бастығы Подворков Жәмеңке мен Ұзақты 10 күннен кейін 11 шілдедегі жиынға қатысып, белсенділік көрсеткен бір топ адамды тұтқынға алып, Қарақол түрмесіне айдатады. Түрмеге түскеннен кейін уезд бастығы полковник Иванов олардан патша жарлығын орындауды талап етеді. Жәмеңке бастаған қозғалыс жетекшілері бұл талаптан бас тартады. Осыдан кейін патша жендеттері тамағына у қосып бергендіктен, 10 тамыз күні Жәмеңке жау қолынын қайтыс болады. Ұзақ батыр қайтыс болған Жәмеңкені құшақтап отырып: «Жан жолдасым Жәмеңке» - деп басталатын жоқтау айтады.

Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліске қатысып, көтерілісті басуға келген жазалаушы әскердің қысымына шыдамай көрші Қытай жеріне ауа көшіп босқыншылыққа ұшыраған елмен бірге қиын – қыстау кезенді басынан кешкен молда Қойшыбай Қосалыұлының сол заманды бейнелеген «Мұң зарында» - Қырылды Қарақолдың түрмесінде

Бастығы Жәмеңке, Ұзақ кеменгерім.

Далада көр киімсіз, бекер қалды

Маңдайын күн шалмаған өңкей ерім» - деп жырлаған еді [133].

Жәмеңкенің денесі Қырғыз Республикасы Қарақол қаласындағы мұсылмандар зиратына жерленген. Қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданының Қақпақ ауылындағы орта мектеп Жәмеңке Мәмбетұлының есімімен аталады.

25 маусымдағы жарлықпен танысқан Жайылмыс болыстығының бұрынғы болыстары Сәт Ниязбекұлы мен Бекболат Әшекейұлының басшылығымен

Жайылмыс, Шамалған мен Шапырашты болыстықтарының ортасындағы Үшқоныр тауының етегінде 7-8 шілдеде үш болыстықтың халқын жиып төтенше жиын өткізіп, онда жарлыққа байланысты мәселені талқылайды. Жиналғандар «майданның қара жұмысына жігіттер жіберілмесін, оған жіберілуге дайындалған адамдардың тізімдері жойылсын» деген шешім қабылдайды. Бұл жөнінде полиция штабс-ротмистрі Поротиковтың 12 шілде де Жетісу әскери губернаторына жолдаған рапортында: - «...Сәт Ниязбековтың басқаруымен Үшқонырда 7-8 шілде күні Жайылмыс, Шамалған, Шапырашты болыстықтарының қазақтары жиын өткізіп, алғашында майданға жігіт беруді ақшамен сатып алуды көздейді. Осы мақсатта Шамалған болыстығының 12 старшындығы мен Жайылмыс болыстығының 17 старшындығынан 580 сом қаржы жиналды. Бірақ та бұған дейін майданды азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырған болыстықтар бұдан бас тартып, «майданға жігіт жіберілмейміз» деп «Құран» атымен ант қабылдады. Сондай-ақ, орыс селолары мен әскерлері орналасқан жерлерге шабуыл жасауды, Верный, Ташкент, Қапал қалаларын жалғастырып тұрған телеграф бағаналарын қиратуды жоспарлады. Жиын аяғында Сәт басқада болыстықтарды қарулы көтеріліске шақырған үндеулер таратты. Үшқонырдағы жиыннан кейін Верный уезінің Ұзынағаш болыстығындағы Үлкенсаз жайлауында 8 болыс – Күрті, Ұзынағаш, Қарғалы, Бидалы, Ботпай, Шығыс Қастек және Батыс Қастек, Тайторы болыстықтары бас қосып дәл осындай шешім қабылдады. 10 шілдеде Кіші Алматы болыстығының қазағы Шоқа молда осы болыстықта «Ақсарбас» айтып елді көтерілуге шақырды. Осындай жиындар бұл күндері Жаркент, Пржевал уездерінде де өтуде. Верный қаласында тұратын ұйғырлар қазақтарды қолдап, оларға көмек көрсетуге дайын екендігі анықталды. Сондықтан да біз орыс әскерлері орналасқан жерлер мен қару-жарақ қоймаларына өте сақ болуымыз керек» - деп жазады [134].

Көтеріліс барысын халық арасындағы тыңшылары арқылы жіті бақылап отырған полиция жандармдары Үшқоныр көтерілісін ұйымдастыруға атсалысқан белсенділер ретінде Жайылмыс болысынан Сәт Ниязбекұлы бастаған 23 адамды ұстап Верныйдағы түрмеге әкеп жабады. Алғашында «үш ай мерзімге» деп қамаған Сәттің сот процесі ұзаққа созылады. 1916 жылы 28 қыркүйекте Верный уезі 4 учаскелік судьясы Сәт Ниязбековтен көтеріліске байланысты қойған сұрақтарының барлығына «жоқ» деген жауап алады [135]. Сәт қамауда жатқан кезде әйелдері Тоқбала мен Зейнеп Түркістан генерал-губернаторы мен Жетісу әскери губернаторына өтініш хат жолдаған. Онда: - «...күйеуінің 16 шілдеден бастап қамауда екендігін айтып, көтеріліске қатысты тағылған айыптардың қаншалықты анықтығын біле алмаймыз, бірақ Жоғары мәртебелі мырзадан рақымшылық жасап күйеуімізді қамаудан босатуыңызды сұраймыз» - делінген [136]. Бірақ, сот Сәтті жазасының ауырлығына байланысты қамаудан босатпайды. Осылайша Сәт 1917 Ақпан төңкерісіне дейін қамауда отырып, Ресей патшасы тақтан құлаған соң қамаудағы мындаған қазақтармен бірге тергеуден босатылады. Сәт Ниязбеков кейін Кеңес өкіметі тұсында да бай – кулак ретінде қамауға алынған. Қорыта айтқанда, Жетісудағы

1916 жылғы көтерілістің басшысы ретінде қудаланған Сәттің туған елінің азаттығы мен бостандығы үшін ерлікпен күрескен тұлға екендігін тарихи құжаттар кеңінен айғақтайды.

Жетісудың Үшқоңыр өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне басшылық жасап ерлігімен елге танылған тұлғалардың бірі, осы өңірде бұрын бірнеше мерзім болыстық қызмет атқарған, би болған Бекболат Әшекейұлы. Ол халықты Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығына қарсы шығып, майданның қара жұмысына адам бермеуге шақырады. Верный уезі, Жайылмыс болысының № 4 ауылының азаматы 73 жастағы Бекболат 1916 жылы 7 шілдеде Үшқоңыр тауының етегіне Жайылмыс болысының қазақтарын жинап, патша жарлығы туралы мәселені талқылайды.

1916 жылы 2 қыркүйекте Верный уезі 2-ші учаскесінің сотына берген жауабында ол былай деп мәлімдеген: «Армияның тылына қара жұмысқа адам алуға байланысты Үшқоңырға Жайылмыс болысының қазақтарын жинадым, қолымызға қару алып, жұмысқа алуға қарсылық көрсетуді ұйғардық. Жастар жұмысқол бермейміз деп келісімге келді, мен жігіттердің шешіміне қосылып, оларды қолдадым» [137].

Бекболат Жайылмыс болысының халқын жиып қара жұмысқа жігіттерді бермеуді, патша өкіметі орындарына ашық қарсылық көрсету мақсатымен әрбір киіз үйдің жанына ат, сойыл байлап қоюды ұсынады. Телеграф байланысын үзу, істен шығару жоспарын ойластырады. Көтерісшілер Бекболатты қолбасшысы, хан етіп сайлайды. Бекболат Үшқоңыр жиынында Пішпек уезіне шабарман Серікбай Аманжоловты жіберіп, қырғыз ағайындардан көтеріліске көмекке 500 адам келетіні туралы хабар алады. Ақшиге Кәрібай Аламанов жіберіліп, № 3, 7, 17 ауылдарының жігіттері көтеріліске шақырылады. «Мұндай шақырудың себебі сол жерде жастар жиналған болатын. Бөлшектенбей және бір шешімге келу үшін Кәрібай Аламанов жіберілді, оның төңірегіне 70 шақты жігіттер жиналды. Ақшиде Кәрібай Аламановпен бірге Байғазы Мәмбетов, Сатал Құрабаев болды» - деп мәлімдеді Бекболат сотқа берген жауабында [138]. Сот тергеушісі Бекболат «өзін хан деп жариялады» - деп жазды. Бұл мәліметті 1916 жылы 24 қыркүйекте Верныйдағы Жандармерияның іздестіру бөлімшесінің Ташкенттегі Түркістан өлкесінің Жандармерия бөліміне жіберген құпия мәліметіндегі тізімінде Жетісудағы көтеріліске қатысқандар Бекболат Әшекеевті Жайылмыс болыстығындағы көтерілісшілер хан деп жариялады деп көрсетеді [139].

1916 жылы 10 шілдеде Үлкенсаз жерінде Шығыс және Батыс Қастек, Ұзынағаш, Бидалы, Қарғалы, Ботпай, Тайторы, Ырғайты және Күрті болыстарының 5000 адамы қатысқан үлкен жиыны өтіп, 9 болыстың халқы «жұмыс қолын бермейміз шешімге келеді» [140]. Әрбір болыстан екі адамнан өкіл сайлап патша жарлығына бағынбау, қара жұмысқа шақыруды тоқтату жайындағы қабылдаған шешімдерін солар арқылы губернаторға жолдағылары келеді. Жиынға қатысушылар «оқ астында атылуға барғанша, осы жерде өлгеніміз жақсы»- деген ауызбірлікке тоқтап, патша үкіметімен күресуге бел байлады [141].

1916 жылы 13 тамызда Ошақты бойында Бекболат өз үйінің төңірегіне 1000-ға жуық адамды жинап, оларды көтерілісті ұйымдасқан түрде бастауға шақырады және патша үкіметінің дегеніне бағынбаймыз қарсы көтерілеміз деген мәмлеге келіседі. Сол күні-ақ мылтық, сойылмен, ашатаяқпен қаруланған атты көтерілісшілер подполковник Базилевскийдің казак-орыс әскери отрядына қарулы қарсылық көрсетеді. Осы ұрысқа Бекболаттың баласы Әбділда да қатысып, әкесімен бірге көтеріліске қолбасшылық жасайды. Бірақ бақайшағына дейін қаруланған жүйелі жазалаушы әскерге көтерілісшілер төтеп бере алмай шегінуге мәжбүр болады.

16 тамызда Бекболатты жанындағы он төрт адамымен тұтқынға алып, алдымен бөлек киіз үйде ұстайды да, 18 тамызда конвоймен Верный уездік басқармасына жеткізіп, жергілікті әскери гауптвахтаға қамайды.

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин 1916 жылғы 11 тамызда жіберген «Жетісудың барлық жазалау отрядтарына жергілікті халықтың көтерілісіне қатысты істерді қарау үшін Әскери дала соттарын құру туралы» [142] нұсқауына сәйкес Жетісудың әскери губернаторы Фольбаум «айыбы анықталғандардың тергеуін жүргізбей-ақ, оны дереу Әскери дала сотына беру керек» - деп бұйрық береді [143]. Верный гарнизоны жанынан құрылған Верный отряды сотының прокуроры міндетін атқарушы 1916 жылғы 30 тамызда Жетісу облысының әскери штабына «Әшекеев Бекболаттың осы көтерілісті ұйымдастырудағы айыбы толық анықталды, оның ісін екі күндік мерзімде қарауды отряд сотына тапсырамын»-деп жазды [144]. 1916 жылы 31 тамызда Верный гарнизонының бастығы міндетін атқарушы генералдың берген бұйрығымен 1 қыркүйекте Бекболаттың ісін отряд сотына жібереді. 1916 жылдың 2 қыркүйегінде Верный уезінің 2 участкелік сотына берген жауабында Бекболат батыл түрде: «Армия тылына жұмысшылар алу туралы указдардың орындалуына кедергі жасау мақсатында қолға қару алып, қарсылық көрсетуге келісімге келіп, Үшқоңырда елді жинауым, 13 тамызда әскери отрядқа қарсы көтеріліске қолбасшылық жасауым рас. Өз туымның төңірегіне мылтық, сойылмен қаруланған өз болысымның жастарының көтерілісін жасақтадым, жазалаушы отряд мүшелерін жою мақсатында оларға қарсы үйір-үйір жылқыларды шаптырдым» - деп көрсетеді [145].

1916 жылы 7 қыркүйекте Верный гарнизонының отряд соты өзінің жабық мәжілісінде «Бекболат Әшекеевке көтерілісті ұйымдастыру үшін Жайылмыс қазақтарының «заңсыз» съезін шақырды. Верный уезі бастығының міндетін орындаушы подполковник Базилевский басқарған отрядқа қарулы қарсылық көрсетті»- деген айып тағып, оны «өлім жазасына кесіп, дарға асу туралы» - үкім шығарады [146].

1916 жылы 9 қыркүйекте Бекболат Әшекеевті және «өздерін айыпты емеспіз» деп есептеген оның жақын серіктері: Есікбай Ейкебаев, Әбілеш Бекбатыров, Серікбай Аманжолов, Екейбай Сатқынов, Сармамбет Әшекеев, Дүйсембай Қасымбеков, Надырбек Қараскин, Сатқын Әбішев, Боранбай Қашкин, Жарылғап Нұрбаев, Ахмет Аманбаев, Ахмет Әбдірешев, Оспан Бүгімбаев және Сарықзақ Сұлтанаевпен қоса Боралдай жотасында дарға

асылып өлтіріледі [147]. Бекболат 14 серігімен бірге Боралдай жотасында дарға асылып тоғыз күн тұрған, оныншы күні Бекболаттың денесін көтерілісшілер түнде келіп алып кетеді де, Ұзынқарғалы бойындағы жазыққа апарып жерлеген екен.

Ақын **Иса Дәркембаев** өзінің «Бекболат» дастанында:

«Сонымен өліп кетті Бекболатың,
Туысқан жақтап кетті азаматың.
Қанша қинау болса да сөзден таймай,
Елі үшін құрбан болды асыл затым.

Қайтпады бір сөзінен азаматың
Жиылған жылап тұрды жас пен қартың.
Бұрын дарды көрмеген Жетісуда,
Жиылған қайран қалды жамағатың», [148].— деп жырлады.

Елінің ертеңін ойлаған есіл ер Бекболат Әшекеевтің Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы жүргізген азаттық күресі осылай аяқталады. Ал, баласы Әбділдә Бекболатов сот шешімімен 20 жылға Сібірге каторгіге айдалды. 1920 жылдары Боралдай төбесіне 1916 жылғы көтеріліс қаһармандарына арнап ескерткіш қойылды.

Осы тұста айтарымыз, Жәмеңке Мәмбетұлы, Сәт Ниязбекұлы, Бекболат Әшекейұлы, т.б., тарихи тұлғалардың Елдік пен ерлік дәстүрі ұрпақ жадында сақталып ұлттық санамызды қалыптастыруға қызмет жасауы тиіс.

Жетісу өңірінде басталған көтерілістің жетекшілері ретінде Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар танылды. Жаркент уезіндегі көтерілісшілерге басшылық еткен Ж.Мәмбетовтың ұйымдастыруымен 6 шілде күні 16 болыстың өкілдері бас қосқан жиын өтіп, "ақ патшаның жарлығына мойынсынбау," билік орындарына қарулы қарсылық көрсету жөнінде шешім қабылданды. 7 шілдеде Верный уезі қазақтарының Үшқоңыр шатқалында өткен кеңесінде де тура осындай шешім қабылданып, жергілікті билік орнына мәлімделген болатын.

1916 жылы 17 шілдеде Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша өкіметі өлкедегі әскери гарнизондарды нығайтып, қырғыз және қазақ көтерілісшілерін жазалау мақсатында қоныс аударған орыс шаруаларынан қарулы отрядтар құрды. Түркістан генерал-губернаторының Жетісудағы "бүлік" жөнінде патшаға жолдаған мәлімдемесінде: «Қырғыздардың бүлігі жайындағы алғашқы хабар 6 тамызда түсті. Осы күні Верный уезінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі екі болыс тыл жұмысына алынушылардың тізімін жасауға келген уез бастығының орынбасарына қарулы қарсылық көрсеткен. Сондай-ақ Верныйдан 80 шақырым жердегі Самсы елді мекені маңында қырғыздардың бір тобы телеграф бағаналарын қиратып, пошта байланысына нұқсан келтірді. Олар 9 тамызға қарай Верный мен Қордай арасындағы пошта станцияларын толығымен қиратты. Пішпек, Пржевальск және Жаркент уезінің таулы аймақтары көтерілістің негізгі ошағына айналды. Бұл жерлердегі орыс

поселкелері қиратылды. Ондағы тұрғындар Тоқмақ поселкесіне, Пішпек және Пржевальск қалаларына келіп паналауда. Тек бір ғана Пржевальск уезінде орыс қоныс аударушыларының 6024 отбасы зардап шегіп, бар мүлкінен айырылды. Жетісу қырғыздарын тыныштандыру үшін 3 дружина, 7 атқыштар ротасы, 14 зеңбірекпен қаруланған 5 казак жүздігі аттандырылды. Оның үстіне Семейден Сібір казактарынан 9 полк Верныйға жіберілді,»- дей отырып, тамыз-қыркүйек айларында орыс тұрғындарынан Верный уезінде-16, Жаркент уезінде- 32, Пішпек уезінде-98, Пржевальск уезінде-2179 адамның өлгенін, облыс бойынша 1384 адамның хабар-ошарсыз жоғалып кеткенін айтады [149].

Осылайша көтерілісшілер орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан мәселен, Пржевальск уезінде жиырма село түгелдей өлтіріліп, мал мен мүліктері талан-таражға түсті [150]. Мұның өзі өз кезегінде өңірдегі ұлтаралық қатынастың шиеленісіне түсуіне алып келді. Жеркенттегі қоныс аудару мекемелерінің меңгерушісі жазған қатынас хатында көтерілістің ұлтаралық сипат алып бара жатқанын мойындап: «Көтерілістің орыс тұрғындарына деген жаулығы тура Әндіжан көтерілісіндегідей анық байқалып отыр»- деп жазды [151].

Жетісу облысының әскери-губернаторы Фольбаум 18 қыркүйекте генерал Куропаткинге жолдаған жеделхатында: «Орыс қаны төгілген жерлердің бәрі де түземдіктердің қолынан алынады. Мұндай кек алу орыстар тарапынан айқын көрінуде. Бірақ нақтылы нұсқау керек. Мәселен, Ыстық көл жағалауы, Кебен аңғары, Қастек алқабында орыс қаны молынан төгілген. Осы жерлердің бәрі қырғыздарға болашақта орналасуға тиым салынған кеңістікке айналады деп ойлаймын» - деп жазып [152], көтерілістің шығуын пайдаланып, қазақтар мен қырғыздарды өз атамекенінен ығыстырып шығуды көздейтіндігін білдірді.

Осындай мақсатпен шыққан жазалаушы отрядпен Жаркент уезіндегі Асы жайлауында, Қарқара таулы алқабында, Шарын, Нарынқол елді мекендерінде, Лепсі уезінің Садыр-Матай болыстығында көтерілісшілердің ірі қақтығысулары болды. Бірақ, нашар қаруланған, бытыраңқылық жағдайындағы көтерілісшілер жазалаушы отрядтың соққысана төтеп бере алмай жеңіліс тауып жатты.

Жазалаушы әскер мен орыс қоныс аударушыларының қарулы жасақтары жасаған ойран Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300 мың адам Қытай жеріне барып паналауға мәжбүр болды немесе қуып тасталынды [152]. М.Тынышпаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі 44 болыста тұратын 47 мың 759 түгіннің 40 мың 250 түгіні Қытай асқан [153]. Бір ғана Верный уезіндегі Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен өзгесі Құлжаға ауып кетті [154].

1916 жылы Жетісуда болған қазақ қауымның ұлт-азаттық қозғалысының ірі ошағының бірі - Қарқара көтерілісі. 1916 жылы екінші

шілдеде Қарқара жәрмеңкесінің орталық алаңында пристав Подворков патшаның жарлығын жұрт алдында мәлімдеп, бес күн ішінде мобилизацияға жататын жігіттердің тізімін өткізуге болыстарға әмір берді. Бұл сұмдық хабар барлық ауылдарға лезде таралып кетті.

1916 жылы 6-шы шілдеде Ақбейіт тауының шығыс етегінде 16 болысқа қарасты тұрғындардың алқа тобы бас қосқан мәслихаты болды. Онда патша жарлығына байланысты мәселе талқыланды. Жиналғандар майданның қара жұмысына жігіттер жіберілмесін, оған жіберуге дайындалған адамдардың тізімін жою керек деп шешім қабылдады. Бұл маслихатта кейінірек көтеріліс басшыларының бірі болған Жәмеңке Мәметов “Бала өлгенше шал өлсін, патшаның жарлығын орындаймыз” деп сөйледі. Оны Ұ. Саурықов, С. Қанаев, Қ. Шорманов, Ж. Құдайбергенов, К. Әділбеков, Ыстыбаев, Қ.Шотаманов қуаттап өздерінің патша жарлығына қарсы пікірлерін білдірді. Бұл пікірге қарсы назарлық білдіргендер Таңатар Саурықов, Рақымбай Сұлтанқұлов, Сатай Мұқаев сияқты болыстар болды. Олар патша жарлығын орындамауға болмайтындығын, патша үкіметіне қарсыласу мүмкін емес екендігін, қарсы шыққан жағдайда халықтың босқа қырылатындығын айтып бақты. Бірақ олардың айтқанын ешкім тындамады [155].

Осы топтың қаулысы қабылданған соң халық бұқарасы үкімет орындарына бағынудан үзілді-кесілді бас тартты. Ж. Мәмбетов, Ұ. Саурықов, С. Қанаев, Қ. Шорманов Патша жарлығын орындауға келіспей қозғалысқа басшылық етті. Олардың басшылығымен барлық Нарынқол-Шарын өңіріндегі болыстар кеңселерінде мобилизацияға жататын жігіттердің тізімін жойылды.

11-ші шілдеде Жаркент уезіндегі Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы полиция жандармы, пристав Подворковтың үйінің алдында жиналған бір мыңға жуық қазақтар «майданға адам бермейміз, адам беруге жүргендердің, көмектескендердің жазалай отырып, бір адам қалғанша өлуге әзірміз» деп мәлімдеп, барлық кеңселердегі қара жұмысқа шақырылғандардың тізімін өртеп жіберді. Бұл көріністер туралы патша чиновниктерінің мәліметтері былай дейді: «1916 г. Июля 11. Рапорт писаря Альжановской волости Жаркентского уезда Коморова начальнику Нарынкольского участка о выступлении казахских трудящихся против мобилизации. Доношу вашему бысокобладарию, что, согласно предписанию господина Жаркентского уездного нач.от июля 1916 г. за № 1337, мною с 8-го июля с.г. по настоящее число были составлены списки в 1экз, по всей волости, каковые необходимо было проверить с должосными лицами, т.е. ауыльными старшинами и пятидесятниками, которые были вызвани на 11июля. Одного киргизское население все единогласно заявило в Вашем призутствии, что оно высочай его распоряжение исполнить не желает. Говорили: «Умрем здесь, дома, но не на чужой стране. Хотя перестреляйте всех, но на роботу идти не желаем

и никого не отпустим» Кричали во всеуслышание о выдаче им составленных списков и требовали не задерживать волостных управителей.

После возвращения из вашей канцелярии в свою явился мой волостной управитель Абдрали Утевлиев с толпою киргиз нашей Альджановской волости. Утевлиев потребовал от меня составленные списки. Я его спросил, для чего они ему нужны. Утевлиев ответил: “Требует население волости – давай и более ничего. Списки я выдал Утевлиеву, а он передал их населению, которые, как я вижу возвратить их не желает» [156].

Осыған ұқсас тағы бір деректе қара жұмысқа шақырылғандардың тізімін күшпен тартып алып, жойылып жіберілгендігі туралы айтылады: «Доношу вашему высокоблагодарю, что список киргиз, подлежа их наряду на тыловые работы в действующую армию, согласно высочайшему повелению от 25 июня с.г. составлен быть не может.

Население волости, не желая дать людей, арестовало управителя и других должностных лиц, кои могли дать сведения о наличии требуемых людей. Составленные раннее списки у меня отобраны силой и уничтожены толпой ворвавшейся в канцелярию. 1916 г. июля 11 Рапорт писаря Ивановской волости Джаркентского уезда начальнику Нарынкольского участка того же уезда о выступлении казахского населения против должностных лиц...» [157].

Мұндай алғашқы наразылықтар басқа болыстарда да болып жатты. Мысалы, 12-ші шілдеде Жаркент уезінің Қорам болысының бір топ тұрғындары кеңсеге барып болыс Арып Абдурасиловпен хатшы Григорий Соколовтан майданның қара жұмысына баратындардың тізімін көрсетуін талап етті. Соколов «тізімді қазір көрсетем» деп кеңсеге кіреді, оның артынан Абдурасиловта қорқып кеңсеге кіріп кетеді. Сонда ызаланған 20 шақты адам кеңсеге баса-көктеп кіріп, жасырынып қалған болыс Абдурасиловты тауып алып өлтіреді де тізімді жойып жібереді [158].

11-ші шілде де Қарқара жәрмеңкесіне жақын жатқан төбе басына жиналған қарсылық қозғалысының белсенді ұйымдастырушылары, олардың ішінде Жәмеңке Мәмбетов, Қазыбек Шорманов, Ұзақ Саурықов, Серікбай Қанаев бар патша жарлығын орындамауға үгіт жүргізіп, отарлық саясаттың зардабын, халықтың жағдайының нашарлап кеткендігін, онымен тұрмай енді патшаның адам сұрап жатқандығының әділетсіз екендігін жиынға түсіндіріп айтады. Және де оларға алдағы болар ашық күреске дайындау жағдайын жан – жақты сөз етеді. Сол күннен бастап осы жиын өткен жер “Ереуілтөбе” аталып, халық есінде сақталып қалады. Мұндай жағдай Жаркент уезіндегі қазақтардан басқа ұйғыр, дүнген халық өкілдерінде де болып жатты. Олар туралы Жаркент уезінің бастығы Н.Н.Ступиннің 1916 жылы 6-шы шілдеде Жетісу облысының әскери губернаторы М.А.Фольбаумға жолдаған телеграммасынан байқауға болады: «Лично присутствовал при составлении списков рабочих для тыла армии в с. Городском Джаркентско-Таранчинской волости. Разъяснил дополнительно распоряжения, данные ранее лично должосны и почетным лицам. Часть

общества демонстративно удалилось со схода с выборными, последние скрылись. Выборных уволил с должностей. Трое задержаны и арестованы до особого распоряжения. Настроение туземцев к этому распоряжению правительство враждебное. Прошу указаний и распоряжений...

...В этот же день прибыли представители и от дунганской волости с членами от девяти обществ, около 100 человек. Я им лично разъяснил суть дела и показал, как составить списки: прибывшие дунгане, за исключением представителей, повернулись и ушли, а из толпы слышны были слова: «Умрем лучше, но туда не пойдём» [159].

Осындай телеграммалар барлық уездерде жіберіліп жатыр еді. Олардың кейбіреуі халықтың көңіл – күйінен шошынып, көмекке әскер жіберуді сұрап та жіберіле бастады.

22-ші шілдеде пристав Подворков «Ереуіл төбедегі» жиынға қатысқандарды орталықтан келген казак-орыс әскерлерінің көмегімен тұтқындап, оларды Пржевальск түрмесіне айдатады. (Пржевальск Қарқарадан 100 шақырымдай жерде). Мұнда Пржевальск уезінің бастығы полковник Иванов тездеп Қарқараға қайтып, патшаның жарлығын сөзсіз орындаңдар деп тұтқындар алдына шарт қойды. Егер осы шарт орындалмаса, оларға қатаң шара қолданылатыны ескертіледі. Бірақта, Қарқара-Кеген және Шәлкөде-Текес аймағы бойынша тұтасқан ұлт-азаттық қозғалыстың Жәмеңке Мәмбетов бастаған басшылар полковник Ивановтың қойған шартын орындаудан үзілді-кесілді бас тартады. 1916 жылғы 7-ші тамызда полция жендеттері Жәмеңке Мәмбетовке у салған тамақ береді де, бірнеше сағаттан соң дүниеден қайтады.

1916 жылы тамыз айының бас кезінде Пржевальскінің айналасында және қаланың төңірегінде топтасқан қырғыз жасақтары бой көрсете бастайды. Олардың көбісі қалаға кіріп, қамауда жатқан саяси тұтқындарды босатып алуға әрекет жасайды. Бірақта қалада тұрған әскери бөлімдер мен жандармдар Жетіөгізден, Шатқалдан, Ақсудан, Жырғалаңнан, қалаға өтетін төрт жолдың бойындағы өсіп тұрған ағаштарды құлатып, жолды бөгеп, мыңдаған салт атты қарулы жасақтардың шабуылын тоқтатты.

Осы кезде көтерілістер ұйымдасқан сипатқа ие бола бастаған еді. 1916 жылы 10 тамызда қырғыз халқының Бұғы тайпасының ұйымдасқан қарулы көтерілісті бүкіл Ыстықкөл өңірінде таралған болатын.

Көтерілістің жаппай өріс ала бастауынан шошынған уезд төрелері полковник Ивановтың бұйрығымен түрмеде қамауда жатқан тұтқындарды жабық камераның терезесінен ешбір тергеусіз-сотсыз атқызды. Атылған ереуілшілердің ішінде Кәрібоз Қаңтаров, Суанқұл Арғынов, Қазыбек Шорманов, Ұмеке Бестібаев, Біләл Разақов, Құрман Әділбеков, Бекайдар Сұлтанқұлов, Құдиярбек Шотаманов, Жанпейісов Отыншиев сияқты боздақтар шейіт болды [160].

Түрмеде болған аласапыран кезінде Ұзақ Саурықов, Әубәкір Сұлтанбеков, Жайшыбек Бектенов, Тұрлығожа Жансеркеев қашып құтылып

кетеді. Қатты жаралы болған Ұзақ Саурықов жендеттер қолына қайта түсіп, дүниемен қош айтысады.

Бұл арада Қарқара өңіріндегі бас көтерулер де тез арада ұйымдасқан сипатқа ие бола бастайды. 28-ші шілдеде пристав Подворковтың нұсқауымен 65 адам абақтыға жабылды. Тұтқындардың ішінен Қанаев Серікбайды, Байсегіров Әбдіхалықты, Қойшыбеков Алдабергенді және тоғыз ұйғырды Жаркент түрмесіне айдатады. Тұтқындарды алып жүруші үш солдат жолда қазақ аылдарына көтеріліс болып жатыр деген сыбыс естиді. Көтерілістен қорыққан солдаттар Сарыжаздың теріскей бетіндегі Ақшоқыға таяу «Жалманды» деген жерде барлық тұтқындарды атып тастап, өздері қашып кетеді. Атылғандардың ішінен Қойшыбеков Алдаберген жаралы болып өлмей қалады [161]. Кейіннен есін жиып, жаяу жүріп елге жетіп, өзгелердің қаза болғанын естіртеді.

Ал 3-ші тамыз күні Қарқара жәрменкесі бұрынғысынша дулы-думанды базар болып жатады. Кешке қарай Шағаман аулынан келген бір топ жігіттер полицейлердің назарына түседі. Олар топ ішінде жанжал шығарады, полицейлер жанжалға аландаған кезде Дина Тастыбаева деген келіншек Қарқара тамақ үйінің есігіндегі құлыпты балтамен қиратып, ондағы тұтқындарды босатып жібереді. Тұтқындардың ішінде оның күйеуі Тұрысбек те бар еді. Бұл әрекетті бірген пристав Подворков жанжалға қатысқан жігіттерді атуға бұйрық береді, бірақ ол кезде жігіттер қашып кеткен болатын.

Көтерілістер ұйымдасқан сипат алып бара жатқан кезеңде Жетісудағы патша әкімшілігі айлаға көше бастайды. Осыған байланысты Жетісу әскери губернаторы Фольбоум облыстың уезд басшыларына төмендегідей бұйрық жібереді: «Партияны екі жікке бөлуге тырысындар, бүлікке қатысушыларды өз жақтарына тартуға күш салындар және жеңілдік жасаймыз деп уәде етіндер. Үкім шығаруға күш сала бермеңдер. Бірақ араздықты қоздырып, өздерінді жақтаушыларды қолдандар» [162]. Неше түрлі айла-шарғыларды ойлап тауып, халық арасына от тастап, бір-бірімен қырқыстыру арқылы көтерілісшілердің қарқынын бәсеңдетуге тырысқан патша әкімшілігінің бұл ойы ертеден келе жатқан сұрқия саясатының жалғасы екенін көрсетті.

Сонымен қатар, көтерілісті басу үшін көмек сұраған телеграммаларда жіберіліп жатты. Өйткені, көтерілісшілердің бет алысы күннен-күнге күшейіп, қарқыны үдеп барады.

1916 жылы тамыз айында көтерілісшілердің қимылы барлық ауылдарда кеңінен өрістейді. Осы айдың ортасында олардың қозғалысы Қарқараның барлық түкпірінде үдей түсті.

8-ші тамыз күні Монай Ұзақбаев және Мұқан Ұзақбаев бастаған көтерілісшілердің қарулы жсағы патшаның сенімді тірегі және жергілікті халық үшін өте қауіпті күш Нарынқолдық казачествоны талқандады. Арада болған шайқаста Дәлденбаев Іргебай, елубасы Текебаев Айдарлы,

онбасы Қозиев Байбосын, Елебаев Шағалақ және Қазыбеков Оразымбет айтарлықтай ерлік көрсетеді.

11-ші тамызда Тұзтаудың оңтүстік және солтүстік беткейінде Жанпейісов Діқанбайдың, Сұлтанқұлов Жақыпбердінің, Сауранбаев Қабылбектің, Жарылқасынов Қожакенің, Сімтіков Қайыпбердінің, Ұзақбаев Мұқанның, Бекбосынов Тайлақтың, Біләлов Дәркенбаевтың қарулы жасақтары қатарларын біріктіріп, бас қосады [163]. Бұл үлкен жасақты Ұзақбаев Монай басқарады. Оның басшылығымен көтерілісшілер ұйымдасқан түрде мыңбасы, жүзбасы, елубасы, онбасы болып топталады. 16-шы тамызда олар Қырғызсайды, ал 20-шы тамызда Сүмбені және Қалжатты босатады. Осы шайқастар барысында көтерілісшілер орыс шаруалармен де қақтығысқа түскен еді. Оларды селоларынан қуып шығып, басып алған селоларын өртеп жіберіп отырды. Бұл көріністерді Чеканинскийдің 1926 жылғы көтерілістің 10 жылдығына орай осы көтерілістің материалдарына сүйеніп жазған еңбегінде былай дейді: «... 12 августа они сделали нападение на мельницу крестьянина Нечевкина в ущельи Чет-мерка, затем, разделились на два отряда, и повели наступление на казачью станицу Джаланаш и расположенное в верстах 12 к востоку от нее переселенческое селение Ново-Афонское. Джаланашцы дали знать об этом находившемуся в верховьях реки Челика отряду прапорщика Бейка. Оставив Джаланаш, повстанцы сожгли село Ново – Авонское, жители которого поздно вечером, под прикрытием отряда Джаланашских казаков, бежали в станицу. Киргизы же, разорив по дороге хутора, заимки и небольшое в Кегенской долине селение Спицевское, соединились с кара – киргизскими отрядами, оперировавшими в районе Каркаринской ярмарки и в селениях Нарынкольско – Чарынского участка, часть жителей которых бежала в станицу /выселок/ Подгорненскую, расположенную у северных уклонов Кетменских гор на реке Кыргыз – сай.

Селение до прихода воинских отрядов отбивались в течении 2-х суток, а подошедшим отрядом жители селений были выведены в город Пржевальск, за исключением селения Челокая, оставшегося в полном распоряжении повстанцев.

До этого жители Челская отбивались течение 6-и суток. 12-го августа Каркаринская ярмарка была осаждена повстанцами. В это время в ней находился отряд Кравченко 14-го августа отпустил в город Пржевальск, захватив по дороге население поселков Нарынкольского участка.

Каркаринская ярмарка подвергалась, со стороны повстанцев разгрому и была сожжена, разгрому и была сожжена и селения...» [164].

Мұндай ұлтаралық қақтығыстар көтерілісшілердің барлық орыс халқына деген өшпенділігінен тумағаны белгілі. Десекте, оған итермелеген біраз себептер бар еді. Ол біріншіден – патша үкіметінің озбырлық саясатына деген ашу-ыза, екіншіден – жергілікті жерлердегі патша чиновниктері халықты бір-біріне айдап салуы болды, үшіншіден – қоныс

аударып келген орыс шаруалардың жергілікті ұлт өкілдеріне үстемдік көрсетуі отқа май құйғандай жағдайда еді.

Патша әскері мен орыс қоныс аударушыларының қарулы жасақтары жасаған ойран Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300 мың адам Қытай жеріне барып паналауға мәжбүр болды немесе қуып тасталынды [165]. М.Тынышпаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі 44 болыста тұратын 47 мың 759 түгіннің 40 мың 250 түгіні Қытай асқан [166]. Бір ғана Верный уезіндегі Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен өзгесі Құлжаға ауып кетті [167].

2.2 Жетісулық зиялылардың көтеріліс тұсындағы қызметі

Қазақ-қырғыз зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы қоғамдық-саяси қызметі арнайы зерттелтелуі қазақ пен қырғыз елі егемендік алғаннан кейін ғана дұрыс қолға алына бастады.

«1913 жылдан «Қазақ» газетінің төңірегіне біріге бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси ұстанымы империядағы, қазақ облыстарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге жоғарғы билік оппозициялық күш ретінде танып, жергілікті отаршыл әкімшілік бітіспес жауы ретінде қуғынға алған ұлт зиялылары өз халқы тарапынан да түсінушілік пен айтарлықтай үлкен қолдау таба қоймады. Мұндай ауыр жағдай оның саяси көзқарасы мен ұстанған бағытына да өз әсерін тигізген еді. Ұлт зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қоғамдық-саяси қызметін дұрыс түсіну үшін, міне, осы аталған факторларды есепке алмай болмайды.

Кеңестік тарихшылар «С.Брайнин мен Ш.Шафиро өздерінің еңбектерінде бұл мәселенің алғашқы бөлігін айналып өтіп, ал екінші бөлігін баяндауда ашықтан-ашық ғылыми әдіске жат, таза саяси конъюнктураға ұрынды. Оның себебі түсінікті еді. Өйткені алаш зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты қызметін баяндау үшін олардың қолында қажет деректік материалдар жоқ болатын. Ондай материалдарды «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінен ғана алу мүмкін еді, ал ол басылымдарды Брайнин мен Шафиро оқи алған жоқ. Ал көтеріліске қатысты деректерге келсек, олардың да біразы қазақ басылымдарында берілді, ал мұрағат материалдарының ішінен тек өз тұжырымдарына үйлесімділерін ғана теріп алды. Міне, осындай деректік сұрыптаулардан соң жасалынған «ғылыми» тұжырымдардың қаншалықты нанымды екендігі түсінікті болса керек»-деп орынды көрсетеді тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев [168].

Қарастырып отырған мәселеге байланысты ұлттық тарихты баяндауда 1930-шы жылдардың ортасында іргетасын Брайнин мен Шафиро қалап кеткен кеңестік тарихнама ұстанымы тәуелсіздік алған жылдарға дейін өзгеріссіз келді. Бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томында құрамында бірде-

бір қазақ болмаған большевиктер партиясының соғыс жылдарындағы қызметі арнайы баяндалып, ал қазақ зиялыларының осы мезгілде атқарған қоғамдық қызметі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығын байқаймыз. Оның есесіне «феодалдық-патриархаттық, жоғарғы топ патша үкіметімен және орыстың империалистік буржуазиясымен ауыз жаласып, бұл үшін Мемлекеттік Думаның мінбесін (мұсылман фракциясы арқылы), сондай-ақ өздерінің баспасөз органы - «Қазақ» газетін пайдаланды» немесе «байлар, болыстар, ауыл старшындары мен олардың буржуазиялық-ұлтшыл интеллигенция қатарынан шыққан құйыршықтары патша указын орындауды жақтап шықты» деген сияқты қандай тұрғыдан болсын негізсіз тұжырымдарды кездестіруге болады [169].

Мәселені тың деректік материалдар бойынша және ғылыми-әдістемелік негізде қарау тек 1990 жылдардан бастап қайтадан қолға алынып зерттеле бастады. Академик М.Қозыбаев 1916 жылғы көтеріліске арналған проблемалық мақаласында «ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды» деп көрсетіп, қазақ зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ұстанымын және соғысқа алынған қазақ жұмысшыларына көрсеткен қызметін арнайы зерттеу қажеттігіне көңіл аударды [170].

Жоғарыда көрсетілгендей, кеңестік тарихтану қазақ-қырғыз зиялыларының 1916 жылғы көтеріліске байланысты ұстанымын баяндауда тарихи шындықты ашуды мұрат тұтпай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыттағы күш ретінде көрсетуді көздеді. Шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделірек болатын. Бұрын азды-көпті мәлім, сондай-ақ зерттеу жұмыстарына әлі тартылып үлгермеген тың деректік материалдарға сүйене отырып, қазақ-қырғыз зиялыларының көтеріліс тұсындағы қызметіне тоқталайық.

Көтерілістің шығуына түрткі болған жағдай қазақтан соғысқа солдат алу емес, қара жұмысшы алу екендігі белгілі. Қазақтан солдат алу мәселесінің жай-жапсарын «Қазақ» газеті арқылы Әлихан Бөкейхан бастаған саяси топтың 1914—1915 жылдардан бастап-ақ көтеріп, қоғамдық пікір қалыптастырып, бұл мәселеге байланысты үкімет орындарының шешімдеріне ықпал жасауға тырысқаны жөнінде кеңестік тарихнамада айтылмай келді. Түсінікті болу үшін мәселенің қойылу тарихынан бастайық.

1914 жылы Ресей дүниежүзілік соғысқа енген соң, әскер қатарын жаңа күштермен толықтырып отыру қажеттігіне байланысты қазақтан солдат алу мәселесі қайтадан қойыла бастайды. Оны көтерген Мемлекеттік Думада екінші разрядты атты әскер жасақтарын құру туралы заң жобасын талқылау барысында мұсылман депутаттар фракциясының өкілдері Акмола, Семей, Жетісу, Торғай облыстары мен Түркістан өлкесіндегі қазақтардан атты әскерге солдат алу туралы ұсыныс жасаған. Мемлекеттік Дума бұл мәселе бойынша заң жобасын талқыламастан бұрын әскери министр Сухомлиновке істің жағдайымен танысып шығуды тапсырады. Сухомлинов 1914 жылы шілдеде Мемлекеттік Дума атына мынадай мазмұндағы баяндама түсіреді: қазақтар көшпелі, көшпелілік пен мемлекеттік бір-біріне үйлеспейтін ұғымдар; қазақтардың мәдениеті төмен, орысша білмейді, жазу танымайды, солдат

тамағын тамақсынбайды, әскер қызметіне шыдамайды; бұларға қосымша, қазақтар соңғы кезеңде панисламизм рухында тәрбиеленіп отыр [171].

Сухомлиновтың орнына келген әскери министр Поливанов қазақтан солдат алу мәселесін қайтадан көтереді. Бас штабтың бастығы генерал Михневич «Биржевые ведомости» газеті тілшісімен өңгімесінде бұл туралы заң жобасы дайындалып, басқа мекемелердің пікіріне жіберілгендігін хабарлайды [172].

Деректердің көрсетуіне қарағанда, әскери министрліктің ұсынысы бойынша бұл мәселе Омбы және Торғай генерал-губернаторлықтары кеңесінде талқыланған. Ол кеңестердің қабылдаған құпия шешімін 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін Петербургте шығатын «Известия Всероссийского Мусульманского Совета» газеті жариялайды [173].

Орталық биліктің бұл мәселе бойынша шешім қабылдауына негіз болған бұл құжатта мынадай тұжырымдар бар еді.

Торғай кеңесінің пікірінше, біріншіден, қазақтарды орыс патшалығының сенімді қарашысы деуге болмайды, өйткені бұларда дұшпандық пиғыл бар. Соңғы жылдары қазақтардың арасында да панисламизм идеясы, яғни бүкіл мұсылман халықтарының бірігуі туралы пікір жайылып келеді, сондықтан қазақтар солдат болып әскер арасына кірсе, біздің дұшпандарымыз көбейеді. Қазақ жігіттері 3-4 жыл әскерлік қызметте болғанымен Ресейге шын ықыласымен қарашы бола қоймас, керісінше, қару-жарақ ұстап үйренеді, ал ол біз үшін тиімсіз. Екіншіден, қазақтардың мәдениеті төмен, орыс тілін білмейді, әскер өнерін үйренуге ақыл-парасаты жетілген жоқ. Сондықтан бұларды түзу жолға салудың жалғыз-ақ жолы – арасына жақсы орыс учителі мен орыс тәртібін енгізу. Сонда ғана 15 – 20 – 30 жыл өткен соң барып Ресейге дұшпандығын жоғалтып, өздерін Ресей патшасының қараушысы санамақ. Оған дейін қазақтардан әскерге адам алуды тоқтата тұрған жөн, әзірге сенімді халық емес, сондай-ақ, әскерлік қызмет етуге де даярлығы жетіңкіремейді.

Омбы кеңесінің пікірі бойынша, қазақтар әскерлік қызметті өте жек көреді, отырықшылыққа өтпей, казак-орыстыққа жазылмай жүрген негізгі себебі де осы әскери қызметтен қашқандықтан, ал қала болған қазақтарды қазірден әскерлік қызметіне алатын болсақ, жалпы қазақты қалаға айналдырамыз деген зор мақсатқа кедергі болады, жаңа-жаңа қара шекпендермен бір қатарда тәртіпке түсіп келе жатқан сот ісі, ел билеу реті һәм жер мәселесіне зиян келмек. Қазақ халқын тезірек орыстандыру үшін әкімдер, қалайда болса, кешпеліліктен шығарып қала болдыруға бар ыждаһатын салулары, қала болуға көлденең тұрған себептерді жоюға тырысулары керек.

Бұл айтылғандарға қосымша қазақ халқы саяси жағынан сенімсіз, ол бізге жаулық пиғылдағы Орта Азия, Хиуа, Бұқар мемлекеттерімен және Қытай мұсылмандарымен көрші, демек, көшпелі бұратана мұсылмандардан жыл сайын аз да болса әскерге адам алып, қару-жарақ ұстауға үйрету — саяси тұрғыдан қателік болар еді.

Торғай және Омбы кеңестерінің шешімін негізге алып, орталық үкімет патша мен Мемлекеттік Думаға баяндама дайындайды. Баяндамада қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Ресейге жаулық пиғылда

болып келгендігі, 1847 жылы өлген Кенесары Қасымұлы қазақ халқын өз алдына бөліп әкету үшін әскер жинап, қарсылық көрсетіп, қазақ даласында дүрбелең туғызып, шарасыздықтан, барар жер, басар тауы болмағандықтан басылғандығы, тек Орта Азия хандықтары біржола Ресей империясына бағынғаннан кейін барып тынышталғаны егжей-тегжейлі баяндалады. «Бұл уақытта, - деп көрсетіледі баяндамада, - Сібірде һәм Торғай облысында қазақ, жерінің артығы қара шекпенділерге алынып жатыр; және де бұратаналарды билеу ісі һәм соты езгертіліп, жер алғандары отырықшыл болғанға есептеліп жатыр. Жаңа өзгерісті қара халық жек көретін емес, бірақ байлары һәм басшылары оған қарсы. Жер мәселесіне келгенде қазақ үкіметке сенбейді, жерін алуды жаратпайды. Осы күнгі мал бағып отырған жерлерін өз мүлкі һәм атамекені деп біледі, жері алынғанға амалсыздан ғана көнеді. Әсіресе, қазақ жері алынғанды жек көретін байлар: олар барлық жақсы жерді өздері пайдаланып, кедейлерді қысып үйреніп калған».

Осы және басқа дәлелдерді келтіре отырып, ең соңында үкімет «сақтық жүзінен һәм патшалық, пайдасы үшін ыңғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Акмола, Семей һәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметке алуды кешіктіре тұруға» қаулы етеді.

Сөйтіп, 1914 – 1915 жылдары жоғарғы және жергілікті мемлекеттік биліктің ішінде бұл мәселеге байланысты жүрген пікір алысу ең соңында қазақ елінен әскерге адам алуды кейінге шегере тұрумен аяқталған еді.

Міне, осы құпия қабылданған шешімге байланысты мынадай жағдайларды ескерген жөн. Орыс билігі үшін бұл тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы өз сыры өз ішінде бейтаныс, тіптен, белгілі дәрежеде, өзіне қарсы тұрған қоғам. Сондықтан да оған сенуге болмайды. Қазақ қоғамы ішінде әсіресе сенімсіздік тудыратын әлеуметтік топ – ол байлар, ауқаттылар. Демек, орыс билігіне қарсы ұйытқы әрекетті де осы күштен күтуге болады. Жалпы алғанда, бұл тура да тұжырым болатын. 1916 жылғы көтеріліске осы ауқатты топ өкілдері жетекшілік жасап, халықты отарлық езгіден құтқаруға бастап шыққан еді. Жетісудағы көтерілістің басшыларының түгелге дерлігі қазақ-қырғыз қоғамының ауқатты, белсенді әлеуметтік топ өкілдері болғандығын мұрағат қорларында сақталған деректердегі жандармерияның жасаған тізімінен анық байқалады [174].

Үкімет орындарының мұндай құпия шешімге келгенін, ол кезде, әрине, қазақ зиялылары білген жоқ «Қазақ» газеті бетінен қазақтан солдат алу мәселесінің 1915 және 1916 жылдары да түспегендігі соған байланысты еді.

Қазақ зиялылары газетке жазған материалдарында бұл істің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылаумен болды. Мәселен, «Қазақтан солдат алу туралы» деген мақаласында Мемлекеттік Думадағы мұсылман депутаттардың ұсынысына байланысты «Қазақ»: «...қазақтан солдат алуды қуаттайтын мұсылман депутаттары мен мұсылман газеталары. Бұлардың ойлайтыны: қазақ солдат болмай тұрған кезде ала алмай отырғандарын солдат болса алады деген есеп. Солдат бермейсің деп бермей отырған земствосын берер; надансың деп бермей отырған депутаттықты берер; шамансың деп бермей отырған

муфтилікті берер; жер таңдауын басқаға беруді қойып, қазақтың өзіне берер; солдатқа барған жастар дүние көріп, жол танып, жөн біліп, ысылып келер; сөйтіп, қазақ арасында мәдениет жоғарылар» [175] деген пікірін келтіріп, «бұлардың көздегені қазаққа жамандық емес, жақсылық», бірақ бұл қазақ жайын жақсы білмегендіктен туған пікір, «орыс соғыс тұсында қазақтан солдат алғанын қуаттау – зор адасу», өйткені, қазақ елінде паспорттандыру жүйесі жоқ, ал бұл жағдай өз ретінде түрлі зорлық-зомбылыққа жол ашатындығы мәлім. Одан ары газет: «қазақтан солдат алса құқы ұлғаяды, салмағы молаяды, мәдениеті жоғарылайды деген мұның бәрі әдемі сөз. Бірақ сөзден іске қарай аяқ басқанда онша әдемі болып шыға қоймас. Қазақ тізгінін Ресейге бергелі екі жүз жылға жақын заман болды. Бұл қазақ метрикесін түзетуге жеткілікті уақыт. Қазақ Ресейге тізгінін бергенде Ресейдегі басқа жұрттармен тең болуға көніп берген. Сондықтан әскер қызметінен қазақ бас тартпайды. Бірақ мұны 20 – 30 жыл бұрын ойлап, метрике шатақ болмауыша қам қылу тиіс еді. Істелмеген соң қазақтан солдат алғаны жақсы деп айтқанда ауызға жеңіл болса да, аларда ауыр болар. Қазаққа солдаттық пайдалы деп түсіндірушілер айтқанда ғана емес, аларда да жеңіл болу жағына қам қылу керек» деген дәлелді пікірді білдіріп, ең соңында, «көздеген пайдасы, ойлаған жақсылығы қазаққа қанша қымбат болғанымен, алды-артын абайлап қарамай, асығып айтқан пікір, пайда орнына зиян келтіруі ықтимал. Сондықтан істің аңысын аңдып, өз пікірімізді айтудан әзір тоқтала тұрамыз» -деп тұжырымдайды [176].

Кейін өмірдің өзі көрсетіп бергендей, бұл қазақтан әскерге адам алуға байланысты дәл, негізді айтылған пікір болатын. Дегенмен «Қазақ» бұл саяси зәру мәселенің күрделі жақтарына қазақ қоғамының көңілін аудару үшін өз беттерінде өзара қайшы түрлі пікірлерге де кең орын берді [177]. Сол газет бетінде жарық керген түрлі пікірлерді қорыта келе М.Дулатұлы «Г. Дума һәм солдаттық мәселесі» деген мақаласында «солдаттық мәселесі туралы қазақ даласының һәр тұсынан жиналған пікір, тілек бір ауыздан шығып тұр» деп жазып, ол айтылған ойларды былай қорытады:

- «1) қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау;
- 2) солдат алудан бұрын метрике түзеу үшін муфтилікке қарау;
- 3) лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, казак-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу» [178].

Бұратана халықтардан майдан жұмысына адам алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы өлкеге шілде айының орта тұсына қарай келіп жетті. Мұны естіген жұрт М.Дулатұлы айтқандай, «сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне жетеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып жүрді» [179]. Қарапайым халыққа әсіресе ауыр тигені «қазақтарды окоп қазу жұмысына алады екен» деген сөз еді. Оларға бораған оқ ортасында жер қазу, ажал аузына өз аяғымен баратындай көрінген еді.

Шілденің орта тұсынан бастап бүкіл өлкеде өте ауыр жағдай қалыптасты. Бір жағынан, әскерге адам бермеймін деп қарапайым халық көтерілсе, екінші жағынан, қайтсем де аламын деп үкімет орындары күшке көшуге дайындалып

жатты. Ақтөбе қаласында өткен митингіде сөйлеген Торғай облысының вице-губернаторы «Бірде-бір қырғыз тірі қалмаса да, патша бұйрығы орындалатын болады» - деп сес көрсетті [180].

Мұндай жағдай Жетісу өңірінде де қалыптасқан болатын. Патша әкімшілігінің жергілікті жердегі чиновниктері де бірден «сес» көрсету әрекетіне көшкен болатын. Олар көтерілістің шығатынынан алдын-ала хабардар болғанын және оны біле тұра алдын-алуға еш әрекет жасамағаны Жетісу облысының әскери губернаторы генерал Фольбаумның көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Түркістан генерал-губернаторына жіберген мәлімдемесінен де көруге болады: «...ашық көтеріліске алып келетіндей халық бұқарасының негізгі көңіл-күйі ретінде, қазақтардың риза еместігі бұрыннан-ақ байқалды...» [181]. Осындай «көңіл-күйді» біле тұрғанымен көтерілісті болдырмау мақсатында алдын-алмай, керісінше оны одан әрі шиеленістіре түскен. Осы мақсатта Ташкенттегі жоғары басшылықтан көмекке әскер сұрап, өңірде бар әскерді көтеріліс шыға қалған жағдайда тез арада басатындай етіп орналастыруға тырысқан.

Осылайша қалыптасқан күрделі жағдайда, М.Тынышбаев атап көрсеткендей, аз ғана қазақ зиялылары екі бірдей оттың ортасында қалды [182]. Жаңа басталған ұлттық бас көтеру жағдайында ресми билік орындары қазақ зиялыларына қозғалыстың ұйымдастырушылары ретінде сезіктене қараса, ал қарапайым халық билік тарапынан көрсетіліп отырған жөнсіз зорлыққа ел болып қарсы қайрат көрсетуге зиялылардың тосырқай қарауына таңданумен болды.

Осы арада отаршыл орыс әкімшілігі өзінің дәстүрлі әдетіне басты. Көтерілістің шығу себебін ол өзінің іс-әрекетінен іздемей, «түрік және герман үгітінен», олардың «қазақ ішіндегі агенттері» ұлт зиялыларының саяси белсенді бөлігінің қызметінен және дін адамдарының астыртын жұмысынан іздеді. Әкімшілікке «Қазақ» газеті мен оны шығарушы топтың ескі дұшпандары «көмектесті».

1916 жылғы 19 шілде күні Орынбор генерал-губернаторының атына Орал губернаторынан жеделхат келіп түседі. Онда Ілбішін уезіндегі 6-ауылда 7 шілде күні Қажығалым Аулымбердиев деген молданың басқаруымен өткен жиналыста қазақтардың соғыс жұмысына адам бермеу және үкімет орындарына тізім жасатпау туралы шешім қабылдағаны, жиналыста молланың әскерге адам бермеуге шақырған Бөкейхановтың хатын оқығаны жөнінде айтылған еді. Жеделхатта, сондай-ақ аталған уездің басқа да ауылдарында болып өткен жиналыстарда «Қазақ» газетінің қызметкерлері Байтұрсынұлы мен Дулатұлының да есімдері аталып, оларға қазақтардың ылғи да кеңес алуға барып тұратыны көрсетіледі. Тура осы мазмұндағы жеделхат Ішкі істер министрінің де атына жіберіледі. М.Дулатұлының жауабында көрсетілгендей, «Қазақ» газеті қызметкерлерінен Ілбішін уезі қазақтарына ешқандай да хат түспегені анық. Оны Ішкі істер министрінің орынбасары Степановтың тікелей тапсырмасы бойынша Орынбор жандарм мекемесінің жүргізген тергеу материалдарымен танысу арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен, Орынбор

генерал-губернаторы Тюлиннің жоғарыда аталған Степановқа жолдаған № 5296 жауап хатында Байтұрсынұлы мен Дулатұлының үстінен Орынбор қаласында тұрып келе жатқаннан бері орнатылған құпия бақылаудың оларды жауапқа тартарлықтай ешқандай да нәтиже бермегендігі, ал олардың үйіне қыр қазақтары кеңес алуға келіп-кетеді деген көрсетудің дәлелсіз екендігі айтылған [183].

1916 жылғы 25 маусым Жарлығы шығып, халық наразылығы бұрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тыйып, ақылға келуге шақырды. Өйткені қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын болатын. Оның үстіне отаршыл әкімшіліктің мұндай сәтті қазақ қоғамы үстінен өзінің саяси билігін күшейте түсу, переселендерге тағы да жаңа жер алып беру үшін пайдаланып кетуі мүмкін екендігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар көтерілістің алғашқы күндерінен бастап халық арасында көтеріліске шықпауға шақырған үгіт жүргізді.

Осы мағынада белсенді жұмыс жүргізген қазақ зиялыларының бірі, Петербург дәрігерлік академиясының түлегі (1909) Сәдуақас Шәлімбаев еді. 25 маусым Жарлығы бойынша тыл жұмысына алынатын жігіттерге дәрігерлік көмек көрсету кезінде сүзек ауруын жұқтырып, содан жастай қазаға ұшыраған Шәлімбаевты жерлеу сәтінде сөйлеген сөзінде Ж.Ақбаев мынадай пікір айтқан еді: «25 июнь жарлығы шыққан соң надан жұрт әулігіп көтерілген уақытта халыққа насихат айтып, қазақты көндіруге себепкер болғанның бірі Сәдуақас еді. Басқа жерлерде қан төгілген, асылған, атылған көп, Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман болды» [184].

Бұл арада, әрине, Ж.Ақбаевтың «Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман қалды» деген сөзін сол күйінде, яғни басқа облыстарда қазақ зиялылары тарапынан үгіт жұмысы болмағандықтан қарулы көтеріліс шықты деп қабылдамау керек. Ондай мазмұндағы үгіт жұмысы Жетісу облысында да жүрген болатын.

Жетісулық зиялы И.Жайнақов Жетісудағы көтерілістің алдында қалыптасқан жағдайға байланысты Верный полицмейстеріне берген жауабында мынадай фактілерді келтіреді: «12 шілдеде Ыстық ата шипалы суынан оралған бетте жоғары мәртебелінің бұратаналарды соғыс жұмыстарына шақыруына байланысты Верный уезіндегі... қырғыздардың арасындағы толқу жөнінде естіп және соған дейін менің жерлестерім шенеунік Шегіров пен дәрігер Жакыпбаевтың жүргізген үгітінен ештеме шықпағанын біліп, мен 13 шілде күні облыстың әскери губернаторы мырзадан қырғыздарға жоғары мәртебелінің Жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін Верный қаласында үлкен Алматы облысының басшы адамдарының кеңесін еткізуге рұқсат алдым. 14 шілде күні шақырған адамдар келіп, менің үйімнің ауласында жиналыс өтті». Кеңеске жиналғандар екіге бөлініп, біразы Жайнақовтың басу айтуын дұрыс қабылдай Тоқаш Бокинді қолдаған.

И.Жайнақов өз көрсетуінде Тоқаш Бокиннің «Мұндай жауапты мәселені Үлкен Алматы болысының атқамінер жақсылары ғана шеше алмайды»,

«мұндай мәселені уездің бұқара халқы өкілдерінің кеңесінде ғана шешілуге тиіс» деген ұстанымда болғанын, ал оны 5-ші ауыл қазағы Сары деген кісінің қолдап, жиналысқа катысқан кісілердің біразының бұл екеуінің сөзіне қолдау танытқанын баяндайды. Тілмаш Шебалин И.Жайнақовқа Бокиннің өз аузынан «Қазақ зиялылары арасында өзара келісе алмаушылық бар» деген сөзді естігенін айтады. Ал келесі бір тілмаш Қайсерке Тоқсанбаев болса ел арасында Бокинге деген ризашылық сезім байқалады, «Міне, Тоқаш азамат, үміт сода, ал тілмаштар болса бірден-ақ қазақтарды кендіре салмақ ниеттері бар» [185] деген пікірді жеткізеді.

Өз ретінде Т.Бокиннің жайлаудағы елді аралап белгілі бір бағытта белсенді жұмыс жүргізгені байқалады. Ол 1916 жылы 14 тамызда штабс-ротмистр Поротиковка берген жауабында ел ішіндегі жарылыстан мынадай хабар береді: «Жұмысқа адам беруге қарсы қазақтардың басым бөлігі кедейлер, ал байлар болса жұмысшылар беруді жақтады [186].

Қарулы қарсылықтың қандай нәтиже беруі мүмкін екендігін Жетісудың басқа да зиялылары халыққа түсіндіруге күш салды. М.Дулатұлы ғасыр басындағы қазақ қоғамының белгілі қайраткерлерінің бірі Отыншы Әлжановтың қаза болуына байланысты жазған мақаласында: «Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түкпіріне айдалып барған Отыншы... 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25 маусымның қанды Жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үріккен елге тоқтау айтып, кенбесе қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды» деп көрсетті [187].

Жетісу облысында М.Тынышбаевтың да көтеріліске қарсы үгіт жұмысын жүргізгендігін байқаймыз. Ол кейін ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «...я не одобрил восстания казахов и киргизов в 1916 году против царской власти – отнюдь не из любви к царскому режиму, а из боязни, что казахи и киргизы пострадают от восстания. Тов. Асфендияров до сих пор укоряет меня, что я не был на стороне восставших в 1916 году»-деп жазған еді [188]. М.Тынышбаевтың бұл айтқан көрсетуіне толық сенуге болады, өйткені оның 1917 жылы ақпанда Жетісудағы көтеріліске байланысты сот тергеуіне берген жауабында «Ташкентке жаңа келген генерал А.Н.Куропаткиннің қабылдауында бірінші рет (10 тамыз) болғаннан соң, мен Пішпек қырғыздарын жеделхат салып, оларды тынышталуға шақырдым»-деп көрсетеді [189]. Көтеріліске байланысты мұндай пікірді Семей облысындағы Х.Ғаббасов та қолдайды. Ол 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «мен қан төгуден басқа ештеме бермейтін көтерілісті болдырмауға әрекет жасаушылар жағында болдым» [190] деп көрсетті.

«Қазақ» газетінің теңірегіне топтасқан зиялылар осы бағытты ұстанып қана қойған жоқ, дағдарыстан шығудың жалғыз жолы — ауыр болса да патша Жарлығына көніп, әскер жұмысына адам беру екендігін қалың бұқараға жеткізуге тырысты. Сонымен бірге мұндай шешімге 7 шілдеде тікелей губернатордың қолдауымен Орынборда, облыстық басқарма үйінде Торғай облысының төрт уезінің өкілдері мен ақсақалдарының, сондай-ақ Семей, Орал,

Ақмола және Сырдария облыстары қазақтарының атынан келген өкілдерінің де қатысуымен болып өткен кеңесте келген еді. Кеңеске жиналғандар төрағалыққа Ө.Бөкейхановты, хатшылыққа М.Дулатұлын және Ғ.Алмасовты сайлайды. Оның жұмысына 23 мамырдан бері Торғай уезінде іссапарда болған А.Байтұрсынұлы да қатынасады. Кеңес негізгі мәселе ретінде соғыс жұмысына адам беру мәселесін қарап, оған қарсы емес екендігін білдіріп, бірақ сонымен бірге, өкімет орындары алдына өз мүддесіне қатысты талап-тілектерін де қойды. Кеңес үкіметтен «соғыс керегіне һәм жалпы мемлекет халқына мал, ет, астық жеткізіп тұрған қазақ жұртының» да шаруасының күйзелмеуін ескеруін өтініп, «мұжық шаруасына қанша қызметкер керек болса, қазаққа да сол шамалы қызметкер» керектігін айтып, ал көптеген уездерде «мұжықтар соғысқа кеткеннен бері олардың шаруасын басқарып, егін-пішенін жиып беріп тұрған жалғыз қазақ» екендігін, бір айдан бері қазақ та пішенін шаба алмай, астығын ора алмай қалғанын баяндай келіп, мынадай талаптар қояды:

«1. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша солтүстік уездеріндегі қазақ жігіттерін келер жаңа жылға бірінші январға шейін, оңтүстік уездер халқын 1917 жылғы 15 мартқа шейін алмай кешіктірілсе екен;

2. Ең әуелі 19 бен 31 арасындағы жастардың үштен бірі ғана алынса екен; алғанда 19-дан бастап алу тиіс, өйткені бұл жастағылардың көбі үйленбегендер болады...

4. Бір үйдегі шаруа басқаратын, алынатын жастағы бір жігіт қалса екен (егер ол үйдің басқа еркектері 17-де яки 50-ден асқан болса)...

8. Әрбір елу үйге бір мұғалім қалсын. Қазақ халқы бытыраңқы отырады, одан кем мұғалім жетпейді. Орысша оқытатын учительдерге де кеңшілік беріледі, мұғалімнің керектігі де қазақ халқына учительден кем емес. Мұғалім қалдырғанда алдымен қолында шаһадатнамасы барлар қалсын, сонан кейін шаһадатнамасыздар қалсын;

9. Шаһар медреселерінде оқып жүрген шәкірттер қалсын...

13. Алынған жігіттер отыз кісіден қостас болсын. Бір қосқа бір переводчик һәм он қосқа бір молда сайлансын...» [191].

Кеңес өткеннен кейін, Ө.Бөкейханов оның негізгі талап-тілектерін баяндап Петроградқа Дума жанындағы мұсылмандар фракциясы мен депутат А.Ф.Керенскийге осы тілектерді тиісті үкімет орындарына жеткізуді өтініп жеделхат жолдайды: «Қазақ» газеті қазанның басында бұл жұмыстың барысы туралы мынадай хабар жариялайды: «Соғыс қызметіне қазақтан шақырылатын жігіттерді 15 қыркүйекте алмай, мәулет беруге сұраған екен, оған мынадай жауап алынды: «Бұратаналарды қызметке алу жұмысы әскери министрге түгел тапсырылды. Сіздің жеделхатыңыз да әскери министрге жіберілді». Бұл жауапты Керенский Ғалиханға хабарлайды [192].

25 маусым Жарлығынан кейін қазақ даласында қалыптасқан ауыр саяси дағдарыс сәтінде өмірге аса маңызды құжат Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы үшеуі қол қойып, 1916 жылғы 11 шілде күнгі «Қазаққа» жариялаған «Алаштың азаматтарына!» атты үндеу еді. Шешен тілмен, бұлтартпас қисынмен жазылған бұл үндеуде көсемсөзден гөрі шешуі қиын

сауалдар көп еді, жол көрсетуден гөрі халықтың өзімен кеңесу, ақыл қосу, жол іздеу басым еді. Өйткені бұл құжат саясаттың құбылмалы ағымында ойнаған саясаткерлердің кезекті айла-шарғысы емес, елдің қамы қабырғасына батқан нағыз ел азаматтарының ұзақ рухани күйзелістен соң біржола тоқтаған жалғыз тура шешімі еді. Сонымен, бұл үндеуде не айтылды?

Олар «ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай қараймыз», деп елге сауалмен қайырылып, көніп жұмысқа адам бергенде қандай ауырлық келмек, сондай-ақ көнбей көрсеткен қарсылық немен аяқталмақ, міне, осы екі жағын бірдей ақыл таразысына салып қарауға шақырады. Сонымен бірге мәселенің; жалғыз тура шешімін өздері ұсынады. «Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: ...Көнгенде - шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынбай үкіметтің Жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па?» — деп, дәлел ретінде Түркістан өлкесіне енгізілген соғыс тәртібін, Жетісуда болып жатқан қайғылы оқиғаларды көлденең тартып, «біздің білуімізше жеңілі – көнген» деп, ауыр да болса өз шешімдерін айтады. Шешімдерін айтып қана қоймай, оны іске асырудың сол ауыр жағдайдағы ең тиімді жолдарын да көрсетеді [193].

Тура осы сын сәтте өздерін ұлт-азаттық қозғалыстың лайықты басшылары есебінде көрсеткен үшеудің бұл үндеуі қазақ қоғамын қалыптасқан ауыр жағдайды мүмкін болғанша тура түсінуге үндейді. М.Тынышбаевтың куәлігіне қарағанда, «Қазақтың» осы үндеу жарияланған нөмірі аса маңызды хабарды жеткізуші нөмір ретінде табан астында тараған. Оқыған азаматтар газеттің осы нөмірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген [194].

Бірақ елдің отаршыл әкімшіліктің жасап келе жатқан зорлығына деген наразылығында шек жоқ болатын және бұл көңіл күй дегенін істеді. Шілде айында басталған толқулар тамызда бүкіл қазақ даласын қамтыған қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің тамызда ең өршіген, аяғы қанды қырғын мен жат елге босуға айналған ауданы Жетісу өңірі болды. Патша үкіметі көтерілісті басуға 8750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді [195]. Генерал Куропаткин губернатор Фольбаумға жолдаған жеделхатында Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың қарсылығын басуға жіберген күштерді тізіп, соңында «Черняев, Романовский, Кауфман, Скобелев Сырдария, Самаркан және Ферғана облыстарын бұдан аз күшпен жаулап алған», [196]- деп көрсетті.

Патша әскері мен переселендердің жасаған ойраны Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді, 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекейұлы

қыркүйектің 9-ы күні дарға асылды. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300 000 адам Қытай жеріне қуып тасталынды [197]. М.Тынышбаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі 44 болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асты [198].

Бұл тақырыпты зерттеуші тарихшы-ғалымдар 1916 жылғы көтерілісті антифеодалдық, отарлық езгіге қарсы көтеріліс есебінде бағалап келді. Мұндай баға 1916 жылы болған қайғылы оқиғалардың шын мазмұнына сәйкес келе бермейді. Біздің пікірімізше, көтерілістің, белгілі дәрежеде, антифеодалдық бағыт алғаны рас, бірақ оның, ең алдымен, ұлтаралық қақтығыс сипатында болғанын жасыру да қателік болар еді. Оған мынадай фактілер куә бола алады. Жетісу облысында көтерілістің ең өршіген жері переселендер көп орналасқан аудандар болды. Қарапайым халық орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан, мәселен, Пржевальск уезінде жиырма село түгелдей өртелініп, олардың тұрғындары арасынан төрт мың адам өлтіріліп, мал мен мүліктері талан-таражға түсті [199].

Көтерілістің шығуына отаршыл әкімшілік қолымен жасаған ұлтаралық араздық себепші болғанын көтерілісшілердің өздері де айтқан. Мәселен, Нарындық қырғыздардың көтерілісін басқарған Қанат Абукин сотта берген жауабында көтеріліске шейін-ақ жер мәселесіне байланысты «өзара наразылығын орыстар ашық білдірсе, қырғыздар кегін ішінде сақтады» деп көрсетті [200].

Жаркенттегі переселен мекемесінің меңгерушісі Жетісу облыстық переселен мекемесінің меңгерушісіне жазған қатынасында көтерілістің осындай ұлтаралық сипатын мойындап: «Көтерілістің орыс тұрғындарына деген жаугершілігі тура Әндіжан көтерілісіндегідей анық байқалып отыр» деп жазды [201].

Оқиғаның осындай ұлтаралық сипатын жақсы түсінген жергілікті әкімшілік орындары орыс селоларына тез арада қару-жарақ таратты, көтерілісшілерді аяусыз жазалап басу үшін сырттан әскер күштерін шақыртты [202].

Сонымен қатар Жетісуға қоныс аударып келген орыс шаруалары, кейбір басқада ұлт өкілдері көтерілісті басуға қатысқан еді. Соның барысында ұлтаралық қақтығыстар орын алған болатын.

Белгісіз автордың жазған шағын еңбегінде былай деп көрсетіледі: қырғыздар орыстарға қарсы қанша ызаланғанымен, бұрын-соңды болмаған, күтпеген, сонымен қатар жоғары деңгейде наразы болатын жағдай – Ақсу (Беловодск) селосы орыстарының Жамансарт болысының қырғыздарының үстінен жүргізген «өзіндік» соты болғанға дейін орыс селоларына ашық шабуыл жасай қоймады, тек орыс шаруаларының далада жайылып жүрген малдарын ған айдап әкетумен шектелді.

Бұл жағдай көтеріліс тарихында маңызды рөл атқарды және шаруалардың қырғыздарға қатысты сезімін бейнеледі, оны айтпай кету мүмкін емес.

Ол жағдай былай болған еді: орыс тұрғындары қырғыздардың наразылықтары мен жеке бас көтерулері туралы естіп алаңдап отырғын шақта, Ақсу (Беловодск) селосының маңындағы Жамансарт болысына қарасты бір жерде Басов деген орыс шаруасы өлтіріледі. Оның өлімі кейін белгілі болғандай оған жалданып жұмыс істейтін жұмысшы қырғыздардың өзара жеке есептерінің нәтижесінде болған екен. Ал бұл жағдайды алаңдап отырғын орыс шаруалары қырғыздардың ойластырып жатқан бас көтеруі деп қабылдаған.

Орыс шаруасының өлімін тергеп, өлімнің себебін анықтау үшін Ақсу бөлімшесінің приставы Жамансарт болысының адамдарын жіберген. Бірақ Ақсудың орыстары тергеуді аяғына дейін жеткізбей келген қырғыздарды өздері тұтқындап алған.

Тұтқындалып, салыстырмалы түрде тар бөлмеге қамалған қырғыздардың жалпы саны 700-ден аса адам болған. Біраз уақыттан кейін буланып, адамдардың демалысынан бөлмеде ауа жетпей қамалғандардың тынысы тарыла бастағандықтан олар кейбіреулері орыс шаруаларына ақша ұсынып бір жұтым су берулерін сұрап жалынған. Бірақ жалынуда, ақша беруде шаруаларды көндіре қоймаған. Осылайша шаруаларға деген соңғы үміттері үзіліп, ыстық, тар бөлмеде қамалып отыру мүмкін болмаған жағдайда байғұс қырғыздар есік пен терезені бұзып аулаға шығады. Мұны тек күтіп тұрған шаруалар қырғыздарды бас-басына ұрып-соға бастайды. Қанды қырғын күні бойы жалғасып, бұл қырғынды жасауға орыстың әйелдері мен балалары да қатысқан. Барлық өлген қырғыздарды шаруалар тырдай жалаңаш шешіндіріп бар киімдерін өздеріне алып, жалаңаш өліктерді село сыртындағы жарға апарып лақтырып тастаған. Тұтқындалғандан осы күні 517 адам өлген, ал қалған 200-дей адамды келесі күні таңертең орыс шаруаларының конвойымен Пішпек қаласына жіберген.

Бұл мезгіл өте ыстық болатын, өлімші болып таяқ жеген тұтқындар конвоирлардың қуалауымен, жолда ыстықтан шөлдеп өле бастаған. Жолда кездесе қалған арықтардан су ішуге ұмтылған жағдайда шаруалар оларды ұрып-соғып отырғын, егерде одан судан кете қоймаса, су ішіп жатқан тұтқындарды судан итеріп шығарып олардың ауыздарын топыраққа толтырып отырған.

Осындай қатыгез қатынастың нәтижесінде 200 тұтқыннан Пішпек қаласына 118 адам ғана жеткен, қалғандары жолда өліп қала берген. Бұл аман қалған 118 адамды шаруалар түрмеге қамау жергілікті әскер басшысына үшін алып келгенде, әскер басшысы бұл уезд бастығының жұмысы деп жауап қайтарған. Ал тұтқындарды уездік басқармаға алып келгенде, ондағылар қамайтын жердің жетіспеуіне байланысты қабылдай алмаймыз деп жауап берген. Басшылардың тұтқындарды қабылдамайтынына көздері жеткен шаруалар не істерін білмей ақыр соңында әдігерден құтылу үшін тұтқындардың бәрін өлтіру қажет деп шешкен. Сөйтіп Пішпек шіркеуінің алаңында

киноматографтың музыкасының әуенімен Ақсудағыдай айуандықты қайталап іске асырған.

Орыс шаруаларының бұл жасаған айуандығы ел арасына тараған соң онсызда орыс шаруалары мен биліктің әділетсіздігіне ызалы қырғыздар одан ары ызаланып, өз бауырлары үшін кек қайтаруға бел буып орыс селоларын өртеп, орыс тұрғындарын аяусыз өлтіре бастаған.

Осылайша өңірде ұлтаралық қатынас шектен шығып шиеленісе түскен [203].

Оны Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаум да мойындады. Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы оқиғаларда, көтеріліс басып шаншылғаннан кейінгі қалыптасқан шиеленісті жағдайларда ұлтаралық қақтығыс сипатында болғанын байқатады. Мына құжаттар соны куәландырып нақтылай түседі:

«Генерал-Адъютант Куропаткинге
Көшірмесі генерал Ерофеевке, Округ штабына,
Генерал-губернатор Кеңсесіне

Ташкент, 18.IX-1916 ж.

Өлке бойынша 220 нөмірлі бұйрықта айтылғандай, орыс қаны төгілген барлық жер бұратаналардың иелігінен алынатын болады. Мұндай әділ жаза орыс және бұратана тұрғындар тарапынан өте сергек қабыл алынды. Дегенмен нақты нұсқаулар қажет-ақ. Мәселен, Ыстық көлдің барлық жағасы, Кебен өңірі, Токмақ ауданындағы Александровскі жотасының солтүстік беті, Қастек бөлімшесінің өңірі, Қарқара өңірі орыс қанымен мол-ақ жуылды. Яғни, бұл айтылғандар осы кеңістік таяу арада қырғыздар үшін тыйым салынған өңірге айналды дегенді білдіреді ме? Менің пікірімше, дала қырғыздары жұмсағырақ жазалануы мүмкін, ал, бірақ Пішпек және Пржевальскі кара қырғыздарыш Токмак өңірінен, Кебен өңірінен және Ыстық көл жағалауынан біржола кетірген жөн. 3293 нөмірлі. 18/IX – 1916 ж.

Түпнұсқаға қол қойған «Фольбаум» Растаймын *Подполковник* (қолы) [204].

Осылайша орыс әкімшілігі көтеріліс нәтижесінде қалыптасқан жағдайды өз пайдасына шешу жолдарын қарастырды. Олардың пікірі бойынша ендігі уақытта билік орындары «жігерлі» әрекетке көшіп, Жетісу облысының ең шұрайлы жерлерін төгілген орыс қанының өтемі ретінде переселен орыс шаруаларының иелігіне біржолата алып беруге ойластырды. Отаршыл осындай ұстанымда болғандықтан да өңірдегі ұлтаралық қарым-қатынас одан әрі шиеленісе түсті. Өңірде 1916 жылы қалыптасқан күрделі жағдай одан кейін де жалғасын тауып шиеленісті сипатта өрбігенін көрсетеді. Төмендегі құжаттар айтылған пікірді нақтылай түсіп, ашық бейнелейді.

«Доклад Пржевальских депутатов краевому Совету

20, 21, 22 июня 1917 г.

Перевалив Басимское ущелье на ст. Кутемалды 20 мая мы зашли в стоящую там на окраине 3 роту 734 Саратовской дружины, где солдаты нам

сообщили, что киргизы очень спокойны, но голодают и просят помощи хлебом. Русское население мстит им за прошлый год, не останавливаясь перед грабежами и убийствами. Особенно отличаются солдаты уволенные в отпуск и на работы. Многие из них взяли из частей винтовки и, собираясь группами в 20-25 человек, отбирают у киргиз скот и другое имущество. 12 мая 4 солдата неизвестной пока части попросились пока сопровождать почту и на перегоне за с.Тюп встретили возчиков восточного общества, у которых эти солдаты забрали 3 кошмы и кап ячменя, что подтвердил нам командир 3 роты 734 Саратовской дружины, производивший дознание. Тот же командир роты сказал, что в Пржевальском уезде есть много дезертиров и особенно отпускных солдат, которые страшно мстят киргизам. Например один крестьянин берет себе киргиз в работники, а другой этих работников убивает. Крестьяне группами ездят собирать киргиз, не останавливаясь перед убийствами. В с.Кольцовке есть один дезертир, бывший житель Сазановки, который сообщил, что целью их является вызвать восстание киргиз для того, чтобы их перебить. В с.Григоровке крестьяне сожгли 5 киргиз, завернув их сначала в кошмы. 18 апреля около Кольцовки подвергло с этой же участи 9 киргиз. Были случаи нападения партий русских на киргиз и в с.Быстрореченской (Пишпекского у.)

...Далее солдаты еще сообщили, что в Пржевальском уезде из отпускных солдат сформированы дружины, которые по ущельям к Джаркентскому у. посты для преследования киргиз и что в с.Рыбачьем существует раздор между русскими и киргизами из-за клевера, куда мы решили заехать.

В с. Рыбачьем крестьянин Чешев сообщил нам, что Шабалинский комитет разрешил поливать клевер на киргизских землях и если не вернуться хозяева, то пользоваться им. Хозяев же до сих пор нет, они все в гор.Пржевальске. Клевер поливался, но теперь приехали киргизы Столыпинской волости и не дают поливать, хотя это не их клевер, а киргиз Семизбелской волости. Поливать клевер крестьян уполномочил Пржевальский купец Сулейманов, снявший здесь по пути почтовые станции, для которых ему нужно заготовить клевер.

...В с.Сазановке мы узнали от прапорщика сборной роты (он же был назначен начальником сборного пункта для мобилизации), что в уезде объявлено мобилизация всех отпущенных солдат, кои должны быть сформированы в роты и расставлены по поселкам и все роты, находящиеся на охране, должны прибыть в Пржевальск. Когда собрались мобилизованные солдаты, то стали говорить, что так не подходит, так как хотя их и мобилизуют, но не дают ни оружия, ни обуви и прочее и постановили пока формированием подождут несмотря на то, что поступило приказание приступить к строевым занятиям. Уездный комиссар Шебалинские и Верненские депутаты выразили им и начальнику сборного пункта неудовольствие невыполнением распоряжения уездного исполнительного и военного комитетов г.Пржевальска.

Мы прибыли в г.Пржевальск 23 мая и на другой день пошли на заседание военного комитета, где попросили разрешения устроить митинг солдат. На

следующий день, 25 мая митинг открыл т.Ястребчиков, который сказал приветственное слово и изложил цель нашей поездки, а затем приступили к чтению постановления военной секции...

В вопросе о примирении с киргизами обнаружилось два течения: солдаты – уроженцы России находят, что если местное русское население бросит месть и грабежи, то все успокоится, семиреченцы же указывают, на то, что, почему же киргизы, виновники всех несчастий, не пришли до сих пор с повинной. На наш вопрос, возможно ли примирение, если киргизы организуются, выдадут русских пленных, которые еще есть, сдадут оружие, выдадут зачинщиков и от организации изъявят покорность протестов не последовало.

На этом митинг и закончился, так как начальник гарнизона капитан Шулешко объявил, что войском нужно встречать комиссара Временного Правительства Шкапского.

...Нам заявили некоторые члены местных организаций, что Шкапский и его помощники в Пишпеке постановили выселить Пржевальских киргиз в Верненский и Нарынский районы. Видя в этом противоположность нашему наказу, мы 26 мая, утром пошли к Шкапскому – спросить, действительно ли было постановление о выселении и как теперь вести пропаганду и примирение, а также был ли извещен об этом постановлении краевой совет. На это Шкапский сказал, что имеет полномочия Временного Правительства и что краевой совет извещать было не так необходимо.

...Заседание военного комитета было открытое и собрались много публики. Сначала обсуждали действия некоего Фадеева-Сергеева, который был сначала очень хорошим организатором, но потом, сойдясь с Шапуновым, резко изменился. Послан он был на Санташ не допустить киргиз, идущих из Китая. Постановление о его посылке с отрядом в 40 человек состоялось в с.Лизогубовке, где были Шебалин и представители других сельских комитетов. Основанием послужил (по словам Шебалина) известия, что киргизы идут из Китая, ведут скот и мрут с голода, а крестьяне целой бандой бросились на них с целью мести, о чем была записка от волостей Лизогубовки и Соколовки и в этой же записке просили прислать им для руководства Фадеева-Сергеева. Сформированный отряд в 40 человек по предводительством Фадеева-Сергеева, одного унтер-офицера и Шапунова (последний был как переводчик), отобрал у киргиз 1100 лошадей, 800 каров и множество баранов, пригнал весь этот скот и разделил между крестьянами с.Сазановки, Григорьевки и Покровки. Кроме того Фадеев-Сергеев брал от каждой киргизской юрты по 2 руб., отобрал у киргиз 3 лошадей и продал их за 700 руб. Шапунову. Последний сидел в тюрьме за грабежи и избиения киргиз, освобожден в дни свободы и сразу же, выйдя на свободу, избил на улице сарта. Сведения о действиях этих лиц доставил некто Волков (вероятно крестьянин из с.Лизогубовки, о нем будет сказано дальше), но впоследствии этот же Волков стал защищать их. Есть подозрение, что Волков их соучастник. Дело решено передать в следственную комиссию уездного комитета.

Какие меры принимались против нашествия киргиз из Китая. Шебалин говорит, что как только узнали, что они идут, то сразу же поставлены были заставы в ущельях. Капитан Шулешко говорит, что это было решено в уездном исполнительном комитете коим и поручено полковнику Гейцигу сформировать отряды и он не считаясь с военным комитетом, выслан отряды солдат и казаков. Крестьяне страшно киргиз обирали. Командир 2 роты 243 дружины говорит, что рота во время не пришла, опоздала. Казак говорит, что отряд их был в 40 человек, а киргиз около 5000 человек, последних загнали в ущелье, местные солдаты и крестьяне их грабили и даже брали кошмы с завернутым в них детьми и неизвестно куда девали. Шебалин говорит, что он поехал в с.Валерьяновку, заметил, что все мужчины куда-то ушли и что в поле были видны головы спрятавшихся мужчин. В селе остались одни женщины, которые варили для казаков самогонку. Валерьяновцы отобрали от киргиз баранов на 16000 руб. Солдаты говорят, что крестьяне сразу бросились к пришедшим киргизам под предлогом взять их в работники, но были вооружены топорами, косами, вилами и камнями. Солдаты их не допускали, но Гейциг и Шебалин приказали крестьян допустить и тогда крестьяне их перебили и забрали все имущество киргиз. Остался на месте избитым даже ребенок.

Кем же выдано населению оружие. Шебалин говорит, что в январе ездил просить о выдаче оружия населению, что и было разрешено. Оружие вез один прапорщик и по дороге говорил крестьянам, что везет для них оружие. Оружие было роздано по селениям – всего 400 русских и 150 итальянских винтовок. После раздачи последовал приказ не раздавать оружия и вскоре другой приказ – отобрать выданное. Верненский губернатор прислал оружие для выдачи населению в случае надобности и вот теперь, во время мобилизации роздано населению 450 винтовок и 15000 патронов...»

Депутаты. //«Наша газета» № 47-49. [205].

«Резолюция соединенного заседания мусульманских организаций г.Ташкента, происходившего 20 августа 1917 года по вопросу о положении дел в Семиреченской области.

В дни когда Россия сбросила с себя иго произвола и бесправия, когда лучшие и честные сыны ее проповедают идею равенства и братства, мы, мусульмане, являемся свидетелями ужасных, жестоких и позорных насилии, грабежей и убийств, совершаемых над мирным и безоружным киргиз-кайсацким населением Семиреченской области. Это кровавая вакханалия, начавшаяся при представителях старой власти, проводивших свою преступную политику разъединения народностей и натравливания их друг на друга, была эта понятна, но не понятно ее продолжения теперь, когда у власти стоят лучшие люди свободной России. Если считают, что киргизы в чем то виноваты, то нам кажется, что для искупления своей вины было достаточно тех десятков тысяч жизней, которые они принесли в жертву. Если же озверевшие люди считают что этого мало, и новая революционная власть не примет немедленных мер, изложенных ниже, то тогда пусть знают, что киргизы и вместе с ними

многомиллионное мусульманство до конца жизни не забудут этого зла и завещают его своим потомкам...

Председатель заседания: Т.Норбутабеков.

Секретари: 1) И.Сейфульмулюков, 2) Б.Баязидов.» [206].

«Копия телеграмм, поступающих в Министерство Внутренних Дел

Из Верного от 28 августа 1917 года

Председателю Совета Министров

Семиречье до сих пор еще крестьянское население производит насилия, грабежи, убийства над киргизами; принятые краевыми и местными властями меры не дали никаких результатов, ибо крестьяне никакого не признают, реальной силы области нет. Случай убийства, грабежи бывают почти ежедневно. Обсудив этот вопрос, происходящий Верном областной Мусульманский Совет постановил сообщать таком положении высшим властям и общественным организациям, приложив для иллюстрации копию последней телеграммы из Кутемалдов Пржевальского уезда от 27 августа, гласящую следующее: «13 августа на возвращающихся из сыртов местности Учтык напали 20 человек вооруженных Покровских, Барскаунских крестьян, убили 42, ранили 15 киргиз, оставшихся живых часть возвратились обратно, а часть прибыли Тонский Комитет, отобрано скота 2100 баранов, 30 лошадей, 10 верблюдов, ограблено имущество, обобрано 10 кусков серебра джамбы, 300 зер. серебра 7600 рублей деньгами. Прошу Вашего содействия оградить всех нас от нападения шаек грабителей. За председателя Тонского Комитета Байгазы Кунтуев». Съезд просит Вас принять экстренно энергичные меры прекращению бесконечных насилий, убийств, грабежей крестьян. Киргизы Пржевальского, Джаркентского уездов и без того мрут от голода, ибо крестьяне категорически не дают хлеба в отместку за прошедший мятеж.

1108. Председатель съезда Джайнаков (Перед Нач. Ком. Канц. Министра председателя 30 августа с.г. за № 4909)» [207].

«В Семиреченский Областной Киргизский Комитет

Уполномоченных киргиз Пржевальского уезда

Ишеналы Арабаева и Касыма Тельтаева

ПРОШЕНИЕ

27 октября 1917 года.

г.Верный.

Киргизское население Пржевальского уезда, искренно желая через посредство должностного авторитетного лица исправить свое отношение с русскими крестьянами, которые носит прошлогодних печальных события, имеют к ним неприязненное отношение, исходатайствовало открытии

должности Временного Участкового Комиссара. Желание и стремление киргиз сблизится с крестьянами и урегулировать отношение, пока безрезультатно и надежды на успех нет, так как наш Тонский районный участковый комиссар гр.Тюков несколько не пользуется среди крестьянского населения авторитетом и в добавок к этому даже боится посещать крестьянские селения и вести агитацию по умиротворению отношения.

Вопрос продовольствия тесно связан с умиротворением отношения киргиз и крестьян, а потому, киргизы уже потеряв всякую надежду на существование ждут поголовной неизбежной смерти от голода и холода.

Гражданин Тюков проживая в селении Кольцовском не совершает разъезды по своему району, а потому не может видеть тех бедных киргиз, которые уже голодают, находятся на краю голодной смерти и для спасения жизни просят поспешной помощи.

Полагая, что отношение киргиз с крестьянами может сблизить лицо, знающее нравы и обычаи киргиз и крестьян, так же пользующееся авторитетом или способное приобрести авторитет постепенным общением с народом, просим ходатайство киргизского областного Комитета об освобождении гр.Тюкова от обязанности Участкового Комиссара и о назначении на его место прапорщика В.З.Зломанова в котором мы видим весьма талантливого, опытного и авторитетного человека.

И.Арабаев, К.Тельтаев.» [208].

Көтерілістің соңын ала империяда қалыптасқан аумалы-төкпелі саяси жағдай Жетісу жеріне байланысты ұлыдержавалық күштердің көздеген мақсатын іске асырмай тастады. Бірақ олар бұл арманын тез арада ұмыта да қойған жоқ-тын.

Момақан «бұратаналардан» мұндай қарсылық күтпеген патша үкіметі кез келген басқа облыстардан шыққан бас көтерулерді аяусыз жаншып басуға әзір тұрды. Міне, осындай жағдайда отаршыл әкімшіліктің қанды қимылына шек қоятын әрекеттер жасау керек болды. Сол тұстағы қалыптасқан саяси жүйе шеңберінде ондай істі Мемлекеттік Дума арқылы жүргізу мүмкін еді. Сол жылдың қыркүйегінде Ә.Бөкейханов Петроградта «қазақ арасында болған көңілсіз оқиғалар жайынан мағлұмат жинап, соларды депутаттарға қорытып беріп, үкімет орындарына, яғни бас министрге, соғыс және ішкі істер министріне Түркістан мен Дала облыстарында патша Жарлығын орындау барысында жіберілген заңсыздықтарды түзету үшін қандай істер атқарылып жатқандығы жөнінде сұрау салып, 30 депутат қол қойған (мұсылман фракциясы мен кадет партиясы атынан) депутаттық сауалнама түсіртеді. Сондай-ақ бұл мәселені Дума мәжілісінде қарауға даярлық барысында Ә.Бөкейханов Түркістанға Мемлекеттік Дума мүшесі Шәкір Мұхамедияровтың келіп қайтуын ұйымдастырады [209].

Бұған дейін Дума мүшесі А.Ф.Керенский мен Думадағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелев Думаның тапсырмасымен «көтеріліске байланысты оқиғалармен болған жерінде танысу» үшін қыркүйектің ортасында

Түркістанға келіп қайтады. Ал Мемлекеттік Дума Түркістан мен Далалық облыстардағы болған қайғылы оқиғаларды 13 желтоқсандағы жабық (құпия) мәжілісінде қарайды. Мәжілісте баяндамамен сөйлеген А.Ф.Керенский Түркістан мен Далалық облыстарда 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деп мәлімдейді.

Осы арада кезінде қазақ саяси тобының көтерілістен көп бұрын-ақ айтып ескерткен жағдайын, қазақ елінің ұлттық мүддесінен алыс тұрған Керенскийдің де объективті факті есебінде мойындауға мәжбүр болғанын айта кеткеніміз жөн. Керенский мобилизация кезінде 60 жастағы кедей егде адамдардың 30 жастағы жас болып жазылып, керісінше 25—30 жастағы бай балаларының 50 жастағы адам болып жазылып кеткенін, мұны істеп отырған орыс шенеуніктері мен паракор қазақ пен қырғыз атқамінерлері екендігін айтады.

Сонымен, 16-жылғы аласапыран оқиғалар қазақ қоғамында империялық озбырлықпен күресте екі көзқарас және ұстанымның бірдей бой көрсеткенін байқатты. Олардың бірі батырлар бастаған қол жасақтап, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау әрекеті еді. Өткен ғасырлардан келе жатқан бұл белгілі әдіс 16-жылғы қиын-қыстау заманда тағы да өзін білдіреді. Басқа жол, басқа әдісті әлі танып білмеген қарапайым халықтың басым бөлігі өз батырларының соңына ергенде мұндай әрекеттің арты немен аяқталатынын әуелде жақсы түсіне алмады. Олардың өз арасынан хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың әлі де болса күшінде екендігінің көрінісі еді.

1916-жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ пен қырғыз қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарас және ұстанымның қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Оны ұстанушы ұлттық саяси топ Жетісу жеріндегі билік пен этносаралық қатынастардың ашықтан-ашық келімсектердің пайдасына шешіле бастағанын, сондай-ақ қарсы тұрған жүйенің күші мен айласы да бұрынғыдан мүлдем басқа екендігін ескере отырып, күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттігін, мұндай мақсатты әрекеттің базалық негізі ұлттық саяси тұтастық болып, сол арқылы ұйымдасқан әрі жүйелі әрекетке көшу екендігін халыққа жеткізуге тырысты.

Оқиғалар ағымы екінші көзқарастың сол тарихи кезеңдегі ұлт мүддесіне сәйкес келетіндігін көрсетіп берді. Ұлттық саяси топ өз ретінде жаңа заман, жаңа өзгерістердің келе жатқанын түсіне отырып, енді белсенді әрекетке көшті.

3 ОТАРШЫЛ ЖҮЙЕНІҢ КӨТЕРІЛІСШІЛЕРДІ РЕПРЕССИЯЛАУ ШАРАЛАРЫ. КӨТЕРІЛІСШІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ БОСҚЫНШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

3.1 Оккупациялық режим мен қоныс аударушылардың көтерілісті басу шаралары

Көтерілісінің бет алысынан қатты қаймығып, шошынған Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбоум шұғыл шаралар қолдана бастады. Осы шаралардың барысында көтерілісті басу үшін Фольбаумның басшылығымен «Әскери сойқан» операциясы ұйымдастырылды. Осы шұғыл шаралардың нәтижесінде көтерілісшілердің қандай қырғынға ұшырағанын, патша жендеттерінің халықты аяусыз жазалап, тонаушылыққа салғанын Верный округтік сотының ерекше маңызды істері жөніндегі тергеушісіне Қарқара мен Қарақолдағы (Пржевальск) жазалау шараларын тікелей жүргізген казак жүздігінің хорунжиі Фон-Берг пен ротмистр Кравченконың берген жауабынан анық байқауға болады: «... Түп өзенін құлдилап жүрдім. Түнгі сағат үш жарымда, 8-10 шақырым жүрген кезде жолдың оң жағында қаптаған отты көрдім. Онда қазақтардың орналасқанын бірден біліп, оларға шабуыл жасау үшін таңның атқанын күттім. Таңғы сағат бесте менің отрядым дыбыс шығармай өзеннен өтіп шабуылға ұмтылды. Ең әуелі екі күзеттегі қазақты өлтірдік. Оның айғайынан ояңған қазақтар киіз үйлерінен атып шығып, жөн-жосықсыз ата бастады. Соған қарамастан «Ура» деп шабуылға бастадым да ереуілшілерді қылыштауға кірістім. Бұл ауылда 50-ге тарта адам өлді, қалғандары мал-мүлкін тастап тауға тығылды ... Бұл ауылдың шаруасын бітірген соң, таңғы сағат 8-де ары қарай жүріп кеттім. Түп өзеннің оң жағалауында төрт шақырымдай жүргенде мен екінші ауылға тап болдым ... Мен командалды екіге бөлдім: бірі жазықпен жүрді де, екіншісі сайды құлдыйлай алға ұмтылды Қоян – қолтық ұрыс басталып кетті. Ұрыстың соңында біз 80 адамның өлі денесін, 12 жаралыны санадық. Қалғандары тауға қашып кетті. 2 берденка винтовкасын, 6 азиат мылтығын және 4-мыңға жуық малды қолға түсірдік ... Киіз үйлерін, баспаналарының дымын қалдырмай құртып, бұл ауылдың да шаруасын бітірген менің отрядым Түп өзеннің оң жағалауынан орманға кіріп, Қарқараға бағыт алдық. Жол бойында мен тағы да 4 қазақты атып өлтірдім, олардан “Смит-Вессон” үлгісіндегі Башариннен ұрланған револьвер табылды. 10 киіз үй өртелді”. Бұл оқиғалар 10-шы тамыздың кешінен 11-ші тамыздың кешіне дейін бір тәулік ішінде болған еді. Мұндай оқиғалар тамыздың 12-13-інде де жалғасты. “ 1916 жылдың 12-13 тамызы күні таңертеңгі сағат 10-да Қарқара жазығының оңтүстік-батыс жағын ала, жар қабақтан 8 шақырымдай жерге қазақтардың қалың тобы жиналды. Сантас жақтан және жақын маңдағы ауылдардан қазақтар жамырай шықты. Алыстан ақ туы желбіреп, маған 5 мыңнан аса топқа қарсы шығып, тосқауыл қою бұйырылды ” ... деп ары қарай оқиғаларды қалай өрбігенін айта келіп: “ ... Менің көзіме ақ ту көтерген кәрі атқа

мінген қазақ, әсіресе, оның үстіне күнге шағылысқан күміс жүгені мен ертоқымы оттай басылды. Оның ерекше маңызды адам екенін аңғардым да, винтовкамды алып, қарауылын “8”-ге қойып басып қалдым. Қазақ қолын бұлғаң еткізді де туын құлатып алып, таудан төмен қарай домалай жөнелді. Одан барып қарасам болыстың белгісігі. Александр III-нің алтын медалы бар екен, қалтасынан мөр мен документ табылды. Адам өлімін көрген қазақтарды үрей биледі де қаша жөнелді, қашқындарды қуып жетіп, қылышпен кескіледі. Ұрыс нәтижесінде мен 10 мың малды, 40 қамданған түйені жүгімен, әрқайсысы 100 бастан тұратын, 2 үйір жылқыны, бірнеше мылтықты тартып алып, ротмистр Кравченкоға табыс еттім”, –дейді өзінің рапортында Фон Берг [210]. Кравченко мен Фон-Бергтің айтқандарынан осындай көтерілісшілерді қырып-жойған, талан-таражға салған оқиғалардың талайын хабар алуға болады. Олардан патша үкіметінің көтерілісті басуға бар мүмкіндіктерін пайдаланғанын және көтерілісшілерді ешқандай аяушылықсыз, «шаш ал десе бас алатын» патша жендеттерінің жазалауға білек сыбана кіріскенін байқаймыз.

Жетісу облысындағы, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азияның басқа аймақтарындағы көтерілістің кеңінен етек жаюы патша әкімшілігін қатты абыржытты. Түркістан өлкесі соғыс жағдайында деп жарияланды. Өлкенің генерал-губернаторы Куропаткин «ешқандай амалдардан тартынбай, көтерілісшілерді дереу тұншықтырды» талап етті. Жетісу облысындағы көтерілісті басып-жаншу үшін патша үкіметі 8 750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 казак-орыс жүздігін, 16 зеңбірек пен 47 пулеметтермен жасақталған жазалаушы әскери бөлімдер әкелінді [211]. Мұның үстіне Жетісуға көшіп келген орыстарға Куропаткин мен Фольбоум таратып берген 2 мың мылтықты қоссақ, қаруы жоқ көтерілісшілердің мүшкіл халін жазбай тануға болады [212].

1926 жылы көтерілістің 10 жылдығына жазған еңбектерінде Шестаков пен Ә. Бөкейханов: «Қырғыз патшаға кісі бермей де төбелесе береді. Ташкеннен, Самарқаннан, майданнан зеңбіректі, оқ жаудырғышты әскер бөлімдері қырғыз жеріне ағылады. Майданнан атты казактарды қырғыз үшін қайырады. Құр қол қырғыз қарулы әскермен қарыса алмайды, қашады. Алай өтеді, Қытай өтеді. Қырғыз қашқанда орыс та жауынан кекті алады. Ыстықкөлдің қабағында патшаның әскері мың қырғызды бауыздайды, қашқан елдің бар малын олжалайды, нәрсесін үлеседі, қорасын өртейді. Тоқмақтың аймағында 200 қырғызды өлтіреді, 388 кісіні құлданады да, қашып бара жатыр деп 200-ін атып салады. Келімсектің қаласы Белоботта 100 қырғызды ұстап алып, Пісбекке алып жүріп жолда атып-атып тастайды. Қырғызды бауыздап, қорасын өртеп, жақсы іс қылып жүрмін деп жанарал патшасына білдіреді. «Қырғыздың малын, мүлкін барын таладық» деп те жазып қояды. Қырғыздан жарты миллион сиыр тартып алады да қалай бағарын білмейді. Патша өкіметінің Қарақол, Пісбек уезінде шапқан қырғыздың 53 мың үйі болады. Бұл қырғыздың үштен бірі»-деп көрсетеді [213]. Қыркүйектің соңы мен қазан айында Жетісу көтерілісшілерінің негізгі күші жеңіліске ұшырады. Патша жендеттері

көтерілісшілерді ғана емес, сонымен қатар жай бейбіт халықты да аяусыз жазалады. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, оған қатысушыларды, олардың басшыларын енді қайтіп бас көтерместей етіп “сабақ” беру үшін жазалаушы отрядтарға арнайы тапсырма беріліп, олар халықты бұрынғыдан да қатты, аяусыз қырып-жоюға кірісті. Ондай нұсқауды Жетісу әскери губернаторы Фольбоумның жазалаушы отрядтың бастықтарына берген телеграммаларынан байқауға болады: «...Считайте малейшую группировку киргизов кучами уже за мятеж, подавляйте таковой... наведите на эти волости панику: при первом признаке волнения арестуйте хотя второстепенных главарей, передайте полевому суду и немедленно повестье. Никакие гражданские суды в этих случаях не должны действовать ... Ну, поймайте кого-нибудь из подозрительных и повесьте для примеру. Я уже такое распоряжение сделал всем ...» [214].

Осылайша көтерілісші қазақ-қырғыздар «ес жимастай» етіп жазаланды. Отаршыл жүйенің жіберген арнайы дайындығы бар жазалаушы әскерлерінің дені дұрыс қаруы да жоқ көтерілісшілерді қалай қырғынға ұшыратып қазақ-қырғыз ауылдарына ойран салғанын «Семиреченская жизнь» газетінің 1916 жылдың 4 қыркүйегінде авторы белгісіз, «Казак» деген бұркеншік атпен жариялаған мына бір өлең жолдарынан көруге болады. Сондай-ақ қазақ-қырғыз көтерілісін басуға орыстан басқа да ұлт өкілдерінің қатысқанын байқауға болады.

Хроника о казаке
"К освобождению Сантаса"

Вот Нек капитан
Двинул роту на Сантас
Разогнать киргизский стан
Дай ему приказ
 Под командой у него
 Рота в сто штыков
 И пол сотни дунганов
 Вот отряд каков!
Утром рано в 5 часов
Выступил в поход
Выслан конных дунганов
И сам шел в перед.
 Он пришедшии в Кенбулак
 Кои о чем узнал
 И обходя ряды солдат
 Словом подбодрял.
Вы ребято о знай дно
Пути береги
Подберемся мы к нему
И пойдем в штыки
 Враг не выдержит штыка

Бросится бежать.
А у нас смекалка та:
Пулей догонять
Знаю, что не устоять
Дикая Орда,
И от пули побежить
Где и кто – куда.
Я писал это на память
Своим казакам
Но, вернувшись с боя.
Расскажу и вам.

"Казак"

// Семиреченская жизнь. 4 сентября 1916 г. № 50 [215].

Окупацыйлық режимнің ұйымдастырған «Әскери сойқан» операциясын іске асыру барысында көтерілісшілерді асқан қатыгездікпен «жазалау шаралары» жалғаса берген болатын. Оған шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне ауа көшуге мәжбүр болды. Ол жаққа өткенде де оларды күтіп тұрған «жұмақ» жоқ еді. Бір жағынан жазалаушы әскер мен екінші жағынан Қытай әскерінің қарсылығына тап болған халық көрмеген қорлықты көріп, қос империяның қыспағына түскен қазақ-қырғыз азып-тозып, балаларын құлдыққа, қыздарын күндікке сатып, мал-мүлкінен айырылып талан-тараж болды.

Олардың көрген адам айтқысыз қиындықтарын мына бір деректерден анық байқауға болады. Қырғыз зиялыларының бірі Мәмбетәлі Мұраталинның 1920 жылдың 27 қаңтарында Түркістан Орталық Атқару Комитетінің Президиумына жазған хатында былай дейді: «Время Николая для нас служило тяжелее времени бывшего Египетского фараона, описать все тяжести невозможно. Когда изнуренном положении от подборов и других тяжестей в добавок было объявлено всеобщая мобилизация молодежь от 18-40 лет и реквизиции скота. Мы заявили на это, что для нас, как беднейшему населению войны не нужны и от мобилизации отказались, то тогда было объявлено военное положение с угрозой расстрела виновных и многих убивали и посадили в тюрьму. После чего для спасения как самих себя, так и скота бежали в Китай. Из уездов: Пржевальского, Нарынского 27 000 кибит. Пишпекского, Токмакского 8 000 кибит. Копальского, Джаркентского, Верненского уездов 10 000 кибит. Всего 45 000 киб. При бегстве нас преследовали вместе с крестьянами карательные отряды, который до Китайских пределов у нас отбили 3/4 всего состояния, при этом преследований ими много население было перебито; а у тех волостей, которым не удалось перебежать Китайские пределы, путь которых в таковые пределы были захвачены русскими войсками, все достояние их как в имуществе, так и в скоте отобраны крестьянами на пополнение убытков. А киргизы остались голые и босые без скота части которые с голода перемерли, а часть были разогноты по уездам, земля которых самовольно заселены русскими поселками, как то Кегетинскою, Озерною, Столыпиную, Сергиевкою, Атайкою,

Кара-Кемер, Акджол и хуторами. Волости эти разоренные как в земельном, так и в хозяйственном отношении, следующие: Шамсинская, Буранинская, Тынаевская, Нурмамбетовская, Байсеитовская и Иссygатинская, Кулболдинская, подобные разорения произведены по всей Семиречьи, особенно в Пржевальском и Токмакском уездах. Обещание правительства о пополнение разорения не сбылось, а крестьянам убытки по бунту гораздо в несколько раз большем размере удовлетворены, как отказны, так и самовольном отобранием от киргиз.

В пределах Китая в гор. Тянь-Шаня за отсутствием корма для скота и топлива и пищи для самих половины населения беженца вместе со всем скотом перемерли. В пределах Кульджинского района встретили калмыки, которые также нападениями разорили беженцев отобрав много жен и дочерей.

После лишения скота и имущества прибегали к продаже дочерей, сыновей и жен по самой скудной цене от 25-200 руб., этим путем разбредясь по восточно (Китайскому) Туркестану отыскивали себе пропитание, продано и отобрано всего до 4 000 душ приблизительно. 1917 году когда распространился слух о низвержении Николая и наступлений всеобщего гражданского права свободы и амнистирования обвинения по бунту беженцы в числе 40 000 кибиток вернулись обратно в русские пределы по своим местам, а в пределах Китайцев остались до 5 000 юрт и до 4000 душ, как вышесказано отобрано и продано.

По возвращению из Китая нас встретило русское население со злобною мстью, причем всецело отобрано остальные пожитки и несколько тысячи беженцев убили. Мы беженцы лишены пожитки прибегали к розыску своего добра, которых при бегстве зарывали и упрятали. Но к сожалению таковых не оказалось все они были отысканы и увезены оставшимся здесь жителями. Таким образом, не имея никаких поддержки к существованию из 40 000 вернувшихся беженцев до 20 000 перемерли, а какие остались в живых из боязни русских, чтобы не быть убитыми разбежались по Семиреченскому, Ферганскому и Сыр-Дарьинскому областям; Причем также продовали с голода дочерей, сыновей и жен за цену от 1- до 2-х пудов хлеба...» [216].

Сонымен катар, кыргыз көтерілісшілері жетекшілерінің бірі Мұқыш Шабдановтың баласы Камалетдин Шабдановтың Ферғана облыстық Атқару комитетінің мүшесі М.Т. Хохловқа Қытай жерінде тұрып жатқан босқын кыргыздардың атынан сенімді өкілі ретінде жағдайды баяндап жазған өтініш хатында:

«Члену Ферганского областного Исполнительного Комитета М.Т.Хохлову.
Доверенного киргиз беженцев после
событий 1916 года в Семиречии
проживающих ныне пределах
Китайских владений
Камалетдина Шабданова

ПРОШЕНИЕ

Политика Николая II и его чиновников, направленная к обездолению и обезличению киргизского населения Семиречья, планомерно проводимая в течение долгого периода времени, поставила киргиз в безвыходное положение. Народ, выведенный из терпения, взялся за оружие, 1916 г. вспыхнул народное восстание, которое было подавлено правительством Николая с необыкновенной жестокостью.

Часть киргизского населения главным образом Пржевальского и Пишпекского уездов было перебито, остальная часть дабы избежать этой участи вынуждено было бежать, просив насиженные места и часть имущества в пределы китайских владений.

В виду того, что та часть китайских владений, которые примыкает к Семиречью и в коей поселились беженцы киргизы очень бедно, земля совершенно ни пригодна не для земледелия и не для скотоводства, условия жизни для беженцев создались крайне тяжелые.

Самая бедная часть населения, бросившая имущества при бегстве из Семиречья, вынуждена была та часть же обратиться к эксплуататорам, кои пользуясь безвыходностью их положения обратила их полное рабство – этого мало. Часть киргиз, припертая к стене и поставленная в необходимость так или иначе искать выхода вынуждена была продать своих детей в полное, вечное рабство.

Такое бедственное положение продолжалась до 1917 года, когда киргизы услышали радостную весть, что царству Николая наступил конец, что объявлена общая свобода и все преступники против правительства Николая II амнистированы. Была объявлена амнистия и нам.

Обрадовавшим этим киргизы в апреле 1917 года тронулись к своим покинутым жилищам на свои старые места в Семиречье, но по дороге были встречены крестьянами, которые отобрали у них скот и оставшееся имущество, часть более заметных из киргиз расстреляли.

Так как кроме всего зима 1917 года в Семиречьи была очень суровая, наблюдался сильный недород хлеба, киргизы же прибывшие из Китая и оставшееся в Семиречьи были лишены как одежды, так и имущества и не имели своего хлеба, а крестьяне Семиречья намеренно не продавали им ничего, то большая часть возвратившихся умерла от голода и холода, а остальная до сих пор влачит жалкое существование неуверенная в завтрашнем дне.

Неудачный кончившийся так печальный первый опыт переселения киргиз обратно в Семиречье сильно повлиял на оставшихся в Китае беженцев и убедили их, что не смотря на широкие обещания Правительства путь в Семиречье для них зарыт.

Тем не менее киргизы не теряли надежды так или иначе добиться от Правительства гарантий для свободного возвращения в Семиречье.

В 1918 году узнали, что власть перешла в руки большевистского народного Правительства, которое более справедливо чем предыдущее. Это опять окрылило их надежды и по примеру 1917 года часть киргиз вместе со своими главарями двинулись в Семиречье.

Надежда на свободное возвращение, свободный пропуск и на этот раз не оправдались, более заметные руководители были снова, как и в 1917 году арестованы и часть их повешена.

Киргизы, привыкшие на все смотреть глазами своих руководителей окончательно растерялись не зная к кому обратиться и кому верить, не имея возможности дальше остаться в Китае, где им грозит поголовное вымирание и не смея вернуться в Семиречье, где им грозит смерть.

Положение ухудшается тем обстоятельством, что киргизы боятся послать своих представителей похлопотать за них, так как думают, что их арестуют и расстреляют. И в то же время представители Советского власти в Китае не бывают.

Что касается до русского Консула, то мы не обращались к нему ибо знаем, что он является представителем Правительства Николая, а не Советской власти, и потому помочь нам ничем не может, а на оборот.

Три года невольного путания в обстановке почти невозможной для жизни совершенно сравняли нас: среди нас нет баев и богачей, все мы одинаково бедны и несчастны.

Но среди нас остались люди, бывшие руководителями нашими, возврат кои на Родину в сопряжен с большим риском для их жизни...»-деп жазады [217].

Ал жалпы Түркістандағы және Оңтүстік Қазақстандағы көтерілісті басып-жаншып, жазалау үшін, 14,5 батальон, казак-орыс әскерлерінің 33 жүздігі, 69 пулемет командасы жіберіліпті [218]. Мұндай бақайшағына дейін қаруланған әскери күшпен қақтығыстарда өздерінің азаттығы үшін күреске шыққан халқымыздың тағдырының қаншалықты қымбатқа түскенін байқау да қиын емес шығар...

3.2 Көтерілісші халықты тарихи атамекендерінен көшіру шаралары

Көтерілістің шығуының басты себептердің бірі жер мәселесі болып табылады. Жер мәселесін жаңа деректер негізінде қайта қорыту, оның осы көтерілісте ғана емес жалпы геосаяси мәселелерде алатын орны мен маңызы зор болып саналады. Тарихшы-ғалым М. Қойгелдиевтің пікірінше «Жаңа жерді өзіне қосып ала отырып Ресейлік билік екі бірдей мақсатты шешуді көздеді. Жаңа аумақ империяның жер ресурстарын молайта отырып, біріншіден, арзан табиғи байлық көзіне айналуға тиіс болса, екіншіден, қазақ жері империяның Орталық Азияға, Шығысқа тереңдеп ену жолындағы дәліз міндетін атқару үшін қажет еді. Батыста Ұлыбритания, ал Шығыста Цзинь империяларымен бәсекелестікке түскен Ресей үшін Қазақ жері, міне, осы екі бірдей міндетті орындай алатын аса қолайлы әрі пайдалы аумақ болатындығы хақ» [219].

Осы тұрғыдан алғанда Ресейдің геосаясатында қазақ даласының, оның ішінде Жетісу қаншалықты саяси-стратегиялық маңызды орын алатынын аңғару қиын емес. Ал жер мәселесінің Ресей үшін ғана емес кез-келген халық үшін де, мемлекет үшін де, олардың қатарында біздің ел үшін де мәні зор. Оның 1916 жылғы көтерілістің қарсаңында қатты шиеленісуі, отаршыл

саясаттың салдарынан жергілікті халық қазақ пен қырғыздың империялық езгіге қарсы шығуында бірден-бір негізгі себептердің бірі болуы да осыдан болатын. Өйткені әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі жермен байланысты екені дау тудырмаса керек.

Сондықтан да Жетісудың 1916 жылғы көтерілістің ірі ошақтарының бірі болған еді. Жетісудағы азаттық көтеріліске қазақ және қырғыз халықтары бірдей шықты. Көтеріліс сол кездегі Жетісу облысының Верный, Жаркент, Пішпек және Пржевальск уездерінде күшітірек әрі шиеленісті болды, ал Қапал мен Лепсі уездерінде аталған уездерге қарағанда баяулау жүрген болатын. Отаршыл империя озбыр саясатына қарсы тұрып, бостандыққа ұмтылып көтеріліске шыққан халықтарға бақайшағына дейін қаруланған арнайы жазалаушы әскер жіберілді. Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің 1917 жылдың 22 ақпанында империяның патшасына жасаған мәлімдемесіндегі деректерге сүйенсек Жетісудағы көтерілісті басу үшін «...өлкенің басқа облыстарынан Жетісуға үш бағыттан: Әндіжаннан – Нарын бекінісіне, Черняевтен – Пішпек және Токмақ бағытына, темір жол арқылы айналма жолдармен – Семейге, одан ары – Сергиополь – Лепсі – Верный бағытына 3½ дружина, запастағы полктардан 7 атқыштар ротасы, 5 казак жүздігі және 14 зеңбірекпен қаруланған әскер келген. ...Одан басқа, қызметтегі армия қатарынан казак батареясымен қоса 2 пулемет командасы және 2 казак полкы жіберілген». Бұл әскерге қосымша отаршыл жүйенің жергілікті жерлердегі «әлеуметтік тірегі» саналатын келімсек орыс шаруаларынан құрылып қаруландырылған халық жасақтары жазалау операцияларына қатысты. Бірлескен жазалаушы күштің «орыс қаруының күшін» көрсетете отырып жүргізген «қызу» шараларының барысында көтеріліс аяусыз, қатыгездікпен басып-жанышталды. Губернатордың айтуынша «бұл жазалаушы әскер келгеннен соң көтерілісшілер аздаған қарсылық көрсеткеннен кейін азық-түлік пен малдан тапшылық көріп, кедейшілік күй кеше отырып шекаралық аймақтарға ығысып, кешірім сұрауға мәжбүр болған» [220].

Жазалаушылар жүргізген репрессиялау саясатының салдарынан көтерілісші халық босқыншылыққа ұшырап, тарихи атамекенін тастап көршілес жатқан Қытай жеріне қоныс аударып, киерге киім, ішерге асы болмай, аштық пен індеттен қырылып, адам айқысыз аянышты күй кешіп, бастарынан небір қиын-қыстау азапты өмірді өткерді.

Олар отаршыл империяның көтеріліске шыққан халыққа «сабақ беретін» жазалау саясатының нәтижесінде асқан қатыгездікпен репрессияланған көтерілісшілер осындай халге түсті.

Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің Ресейдің «Ұлы мәртебелі Императорына» берген мәлімдемесіндегі мәліметіне қарағанда «...көтеріліс кезінде Жетісудың орыс тұрғындарынан Верный уезі бойынша 16 адам өлген, Жаркент уезінен 32 адам өлген және 20 адам із-түзсіз жоғалып кеткен, Пішпек уезінен 98 адам өлген және 65 адам із-түзсіз жоғалған, Пржевальск уезінен 2179 адам өлген және 1299 адам із-түзсіз жоғалып кеткен, ал әскерлерден 3 офицер,

52 төменгі шендегі солдат өлген, 41 адам жараланған және 75 төменгі шендегі солдаттар із-түзсіз жоғалып кеткен» [221].

Генерал-губернатор осы жасаған мәлімдемесінде жазалаушы әскердің жүргізген «әскери сойқан» операциясының барысында көтерілісші халықтардан қанша адамның шығын болғаны туралы мәлімет келтірмейді. Оның бұл ұстанымы үстемдік етуші империяның жергілікті халыққа бұратана ретінде менсінбей қарайтын сұрқия саясатының тағы бір көрінісі болса керек. Көтеріліске шығып зардап шеккен жергілікті халықтың шығынымен салыстырған бұл тұрғысыз еді. соған қарамастан отаршыл жүйе орыс қаны төгілген барлық жерлерді бұратаналардан босатып тартып алуды көздеген еді.

Осы мақсатта 1916 жылдың қыркүйек айында мынадай мағынада жеделхат жер-жерлерге жолданған болатын:

«Генерал-Адъютант Куропаткинге Көшірмесі генерал Ерофеевке, Округ штабына, Генерал-губернатор Кеңесіне

Ташкент, 18.IX-1916 ж.

Өлке бойынша 220 нөмірлі бұйрықта айтылғандай, орыс қаны төгілген барлық жер бұратаналардың иелігінен алынатын болады. Мұндай әділ жаза орыс және бұратана тұрғындар тарапынан өте сергек қабыл алынды. Дегенмен нақты нұсқаулар қажет-ақ. Мәселен, Ыстық көлдің барлық жағасы, Кебен өңірі, Токмақ ауданындағы Александровскі жотасының солтүстік беті, Қастек бөлімшесінің өңірі, Қарқара өңірі орыс қанымен мол-ақ жуылды. Яғни, бұл айтылғандар осы кеңістік таяу арада қырғыздар үшін тыйым салынған өңірге айналды дегенді білдіреді ме? Менің пікірімше, дала қырғыздары жұмсағырақ жазалануы мүмкін, ал, бірақ Пішпек және Пржевальскі кара қырғыздарыш Токмақ өңірінен, Кебен өңірінен және Ыстық көл жағалауынан біржола кетірген жөн. 3293 нөмірлі. 18/IX – 1916 ж.

Түпнұсқаға қол қойған «Фольбаум» Растаймын *Подполковник* (қолы) [222].

Түркістан губернаторы Куропаткиннің патшаға жасаған мәлімдемесінде көтерілісші халықтар келешекте «естен шығармас үшін» оларға қатаң шара қолданылып, «орыс қаны» төгілген алақандай жер болса да көтерілісшілерден тартып алынатындығын айтып, «...необходимо, чтобы туземное население твердо усвоило, что пролитая русская кровь карается не только казнью непосредственных виновников, но и отобранием земель у туземцев, оказавших недостойными влечь ею, как то было поступлено с виновниками Андиганского восстания» деп көрсете келіп, «...В виду необходимости особо строго покарать туземцев за мятежное восстание в Андигане, сопровождавшееся пролитием русской крови, ВАШЕ ИМПЕРАТОРСКОЕ ВЕЛИЧЕСТВО соизволили повелеть, чтобы земля, на которой была пролита русская кровь, была изъята из владения туземцев, как недостойных того доверия, какое было оказано им русским правительством, оставившим эту землю во владение туземцев после завоевания ее силою русского оружия...»- деп орыс қаруының күшімен жаулап алынған жерлерді бұратаналардың қолында қалдыруға болмайтындығын атап айтқан болатын [223]. Ал, өткен тарихта Андиган көтерілісі 1898 жылы болғаны белгілі. Бұл көтерілісті

басқаннан кейін империя көтерілісшілерден мемлекеттік қазынаға 2 954 десятина жер тәркілеп алып, кейін ол жерлер жаңа орыс селоларына айналдырылған да, кейін орыстың ірі байлары (зажиточное русское село) тұратын 200 үйлі елді мекен құрылып, оған «Русское село» деген ат берілген еді. Ол туралы генерал Куропаткин: «Кроме того ВАШЕ ИМПЕРАТОРСКОЕ ВЕЛИЧЕСТВО соизволили утвердить представление туркестанского генерал-губернатора о сносе с лица земли трех туземных селений, где возник заговор, и о конфискации в казну принадлежащих этим селениям 2 954 десятин земли и обращение этой земли на образование русского селения. Воля ВАШЕГО ВЕЛИЧЕСТВА была приведена в исполнение и на этих землях в настоящее время находится обширное (в 200 дворов) и зажиточное русское селение, носящее название «Русское село» - деп көрсетеді [224].

Ал, 1916 жылғы көтерілістен кейін Ресей империясы осы мақсатта тағы да сол саясатын жалғастырып: «...Тяжкие преступления, совершенные в прошлом году туземцами Туркестана, забывшими свой верноподданнический долг и перед ВАШИМ ИМПЕРАТОРСКИМ ВЕЛИЧЕСТВОМ, и перед общею для всех народов, населяющих Россию, великою Родиною, требовали и тяжкого наказания»-деп 1916 жылғы көтерілісшілердің жазасы ауыр болатындығын тағы бір нақтылап, «...Этот принцип, твердо проводимый в жизнь при каждой вспышке туземного населения, имевшей в результате пролития русской крови, должен заставить благоразумную часть населения удерживать неблагоразумную от попыток бороться против русской власти силою оружия. Эти начала были проведены и при наказании туземцев Туркестана за преступления против русского правительства в прошлом году» [225] - деп атап өтіп, Түркістандағы мемлекеттік тәртіпті сақтау мақсатында көтерілісшілердің жері тағы тартып алынатындығын: «...2) Конфискация земель у туземцев Туркестана в целях охраны Государственного порядка мною признана необходимостью в двух районах : а) в Джизакском уезде Самаркандской области и б) в Пржевальском, Пишпекском и Джаркентском уездах Семиреченской области.»-деп мәлімдейді [226].

Осы айтылған саясатты іске асыру үшін көтерілістің ірі ошағы болған Жетісуда тағыда бір «Орыс селосының», дәлірек айтсақ кіші-гірім орыс селосы емес, бүтіндей бір орыс уезін құру немесе басқаша айтқанда **«Орыс автономиясын»** құрудың жобасы жасалған болатын. Бұл жоба көтеріліс басып-жанышталғаннан кейін 1916 жылдың 15 қазанында Түркістан өлкесінің бірінші басшысы генерал-губернатор А.Н. Куропаткиннің төрағалығымен өткен Жетісу облыстық басқармасының мәжілісінде қарастырылған. Мәжіліске облыстағы барлық мекемелердің өкілдері қатысып, онда «мемлекеттік мүддеге сай», яғни отаршыл империяның мүддесіне сай келетін ғана саясатты ұстанып көтерілістен зардап шеккен орыс тұрғындары мен қырғыздарды жерге орналастыруға байланысты облыстың уездерін қайта құру туралы мәселесі талқыланады. Нәтижесінде **«Таза орыс тұрғындары орналасатын Пржевальск уезін құру» («Проект образования Пржевальского уезда с чисто русским населением»)** жобасы жасалынды [227].

Жобада: – «На областном совещании, состоявшемся 15 октября 1916 г. под председательством Главного Начальника края генерал-лейтенанта А.Н. Куропаткина, было решено все бунтовавшие киргизские волости Пржевальского уезда переселить в Нарынский край, а киргизские волости Джаркентского уезда рода Албан, выселяемые с долины Текеса и Чолкуде-су поселить так, чтобы не нарушит их хозяйства, сейчас не намечая определенных мест выселения.

Все пригодные освободившиеся земли по выселению бунтовавших киргиз должны быть обращены исключительно под заселение казаков и русских, а не пригодные пока к заселению передать в ведение казны.

Из всей территории, намеченной Совещанием под водворение казаков и русских переселенцев, т.е. части Джаркентского уезда (долина Текеса, Чолкуде-су, Каркаринского плато), части Пржевальского уезда (северное и южное побережье озера Иссык-куля включительно до бывшего селения Столыпинского), образовать особый уезд Пржевальский с чисто русским населением, (астын сызған – Т.Ш.) с двумя приставствами: одно в бывшем селении Столыпинском, другое – в казачьем выселке Охотничьем.» [228] - деп көрсетілді. Ал, «ерекше орыс уезінің» шекарасы төмендегідей белгіленген болатын: - «Границы же Пржевальского уезда намечаются следующие: от перевала Керке-бас на с.-в. По Александровскому хребту до реки Чу, пересекая реку Чу в Баумском ущелье между пикетами Джель-арык и Кок-майнак, по перевальным точкам хребта Кунгей-Алатау /отроги Тор-айгыр/, до верховьев реки Ир-су, западнее перевала Сан-таш, вниз по реке Ирсу до впадения ее в Каркару, по Каркаре до впадения в реку Кегень, пересекая реку Кегень на горы Кучук-тау, по логу Кучук-тау и далее на восток по перевальным точкам Кетьменских гор до Китайской границы /перевал Будуты/, по государственной границе с Китаем до пика Хан-тенгри. От Хан-тенгри по границе предполагаемого Нарынского уезда до еревала Турук и Тюп, по перевальным точкам хребта Терескей-тау до перевала Укок, от перевала Укок по хребту между речками Кара-коджир и Укок до пикета Кумбел-ата, от пикета на горы Айгыр-джас на реку Мухан около 7 вер. Выше западной границы надела сел. Столыпинского, далее спускаясь в долину Кочкар и по южным склонам Александровского хребта на перевал Керке-бас.». Бұл уездің жер көлемі 2 168 507 десятина, ал мұздақтар мен жартастарды және құздарды (крутизнами) қосқанда 2 500 000 десятина немесе 20 817 шаршы шақырымды құрады [229].

Мәжілістің мұндай шешіміне империяның Жер істері министрлігі 1916 жылдың 11 желтоқсанында берген № 995 пікірінде қолдау көрсеткен [230].

Ал, көтерілісшілерден босаған жерлерге переселендерге берілетін көлемі 10 десятинадан тұратын бөліктен есептегенде 20 мың ер адам немесе 10 мың орыс қожалығы қоныстандырылады деп жоспарланды. Егер де Генерал-губернатордың өкімін орындау үшін бұл уезге казактар (казак-орыстар) орналастырылатын болса және бір ер адамға 30 десятинадан есептегенде, 10 десятина әскери запасқа деп есептегенде онда 5 мың ер адам немесе 2 мың қожалық орналастыру жоспарланған болатын. Жобада – «Вторая задача – это

скорейшее заселение русскими всех освободившихся киргизских земель. Как указывалось выше, земель, пригодных к немедленному заселению, т.е. пахотных, сенокосных и частью пастбищных для выпасов, не считая земель, которые до мятежа уже были заняты русскими, в Пржевальском уезде находится сейчас около 200 000 десятин. Если считать по 10 дес. Надел на душу, как дается переселенцам, то можно поселит 20 000 душ мужского пола, или около 10 000 хозяйств. Если же, во исполнение распоряжения Генерал-Губернатора, заселять этот уезд казаками и считать надел на мужскую душу 30 десятин, да 10 дес. В войсковой запас, то можно поселить 5 000 душ мужского пола или 2 000 хозяйств.» - деп белгіленген еді [231].

Ресей үшін жобаланған жаңа уездің маңызы зор еді. Келешекте Қытаймен арақатынас шиеленісіп жатса бұл өңір империяның мықты тіректерінің бірі болады деп ескеріліп «Кроме того, сразу же были бы использованы освободившиеся земли Текесской долины и по границе с Китаем из ряда вновь образованных станиц создавался бы крепкий оплот на случай осложнений с Китаем» [232].

Осылайша Ресей империясы Андижан көтерілісін басқаннан кейін құрған «Русское селосының» кеңейтілген нұсқасын жасау мақсатында «...что пролитая русская кровь карается не только казнью непосредственных виновников, но и отобраением земель у туземцев,...» - деген саясатты ұстана отырып Жетісуда «таза орыс халқының өкілдері тұратын ерекше уезін» немесе «Жетісудағы орыс автономиясын құру» жобасын жасаған еді. Бірақ 1917 жылғы өзгерістерден кейін бұл жоба толық іске аспаған болса керек. Бұл жасалған жобаның мұрағатта сақталған нұсқасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» сериясы бойынша жарық көрген көптомдықтың «Жетісу. 1916 жыл» атты 11 томында жарияланды [233].

Сондықтан өткен тарихымыздың белгісіз болып келген осындай тұстарын жаңа концептуалды тұрғыдан қайта қорыту, одан сабақ алу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің қатарында деп білеміз.

Мұрағат қорында сақталған осы жобаны қосымша ретінде беріп отырмыз.

Выписка из проекта образования Пржевальского уезда с чисто русским населением и в связи с этим переустройство границ Верненского и Джаркентского уездов

На областном совещании, состоявшемся 15-го октября 1916 г. Под председательством Главного Начальства Края Генерал-лейтенант Н.А. Куропаткина, было решено все бунтовавшие киргизские волости Пржевальского уезда переселить в Нарынский край, а киргизские волости Джаркентского уезда рода Атбань, выселяемые с долины Текеса и Чолкуде-су, поселить так, чтобы не нарушить их хозяйстваб сейчас не намечая определенных мест выселения.

Все пригодные освободившиеся земли по выселению бунтовавших киргиз должны быть обращены исключительно под заселение казаков и русских, а непригодные пока к заселению передать в ведение казны.

Из всей территории, намеченной Совещением под водворение казаков и русских переселенцев, т.е. части Джаркентского уезда (долина реки Текеса, Чолкуде-су, Каркаринское плато), части Пржевальского уезда (северное и южное побережье озера Иссык-куля включительно до бывшего селения Столыпинского), образовать особый уезд Пржевальский с чисто русским населением, с двумя приставствами: одно в бывшем селении Столыпинском, другое в казачьем выселке Охотничьем.

Чтобы исполнить предположение Областного Совещения и распоряжение Генерал-Губернатора о том, что бунтовавших киргиз Джаркентского уезда рода Атбань (Албан) переселить, не нарушая их на земли тоже бунтовавших киргиз Верненского уезда волостей Кызылбургской и Сюгатинской и на земли киргиз Джаркентского уезда волостей Чиликской, Сарытогайской, Меркинской и Турайгырской, в пользовании которых находится земель: пахотных – 6.253 дес., сенокосных – 5.930 дес., пастбищных призимовочных – 819.444 дес. Пастбищных летовочных – 124.739 дес., а всего – 956.366 десятин. (Данные взяты по статистическому обследованию произведенному Переселенческим Управлением под руководством П.П.Румянцева).

По последнему переучету кибиток в Кызылбургской Сюгатинской волостях было 2.887 хозяйств, да предположено к смещению из Джаркентского уезда волости: Ивановская – 791 хоз., Баянкольская – 859 хоз., Курмановская – 927 хоз., Кегенская – 974 хоз., Айтовская – 912 хоз., Альджановская – 903 хоз., Меркинская – 1.169 хоз., Адильбековская – 788 хоз., а всего 7.323 хозяйства. Кроме того, на тех местах где предположено разместить киргиз вышеперчисленных волостей, живут киргизы волостей . Чиликской – 1.106 хоз., Сарытогайской – 677 хоз., Турайгырской – 777 хоз., а всего вместе со смещаемыми будет 12.770 хозяйств. Конечно, при том условий, если все хозяйства выперчисленных волостей вернутся из китайских пределов, куда они бежали после мятежа.

Следовательно, в этом районе на одно хозяйство придется: земель пахотных – 0,5 дес., сенокосных – 0,4, пастбищных призимовочных – 58, пастбищных летовочных – 9, а всего 67,9 десятины.

По нормам же земельного обеспечения киргиз, выработанных Переселенческим Управлением и утвержденных Советом Министров, для данного района в Верненском уезде на 1 хозяйство приходится от 48 десят. До 71 дес., считая в том числе земли пахотные и сенокосные. Кроме того, волости Кызылбургская и Сюгатинская будут еще пользоваться тем же джыйлявными площадями, что пользовались и раньше на уроч.Асы, которое будет считаться в Верненском уезде.

При условии переселения бунтовавших киргиз Джаркентского уезда в пределы Кызылбургской и Сюгатинской волостей Верненского уезда является необходимым всю площадь этих волостей изъять из Верненского

уезда, и так огромного по территории и населению, и присоединить к Джаркентскому уезду, который, за изъятием Текесской долины, долины Чолкуде-су и каркаринского плато к Пржевальскому уезду, остается небольшим и по территории и по населению.

При намеченных изменениях границы Верненского и Джаркентского уездов будут следующие: от горного узла Талгар, разделяющего Чилик от Кебена, граница Верненского уезда с Джаркентским пойдет по перевальным точкам хребта Ала-тау до верховьев в реку Чилик, вниз по большому Чилику до впадения его в реку Или против границы Джаркентского уезда с Копальским на правом берегу Или.

Границы Пржевальского уезда. Границы же Пржевальского уезда намечаются следующие: от перевала Керке-бас на с-в. По Александровскому хребту до реки Чу, пересекая реку Чу в Буамском ущелье между пикетами Джель-арык и Кок-мойнак, по перевальным точкам хребта Кунгей-Алатай (отроги Тур-айгыр), до верховьев реки Ир-су, западнее перевала Сан-таш, вниз по реке Ирсу до впадения ее в Каркару, по Каркаре до впадения в реку Кеген, пересекая реку Кеген на горы Кучлук-тау, по логу Кучлук-бастау, от Кучлук-бастау по перевальным точкам Кучлук-тау и далее на восток по перевальным точкам Кетменьских гор до китайской границы (перевал Будуты), по государственной границе с Китаем до пика Хан-тенгри, от Хан-тенгри по границе предполагаемого Нарынского уезда до перевала Турук и Тюп, по перевальным точкам хребта Терескей-тау до перевала Укок, от перевала Укок по хребту между речками Кара-коджир и Укок до пикета Кумбель-ата, от пикета на горы Айгыр-джас на реку Мухан около 7 вер. Выше западной границы надела сел. Столыпинского, далее спускаясь в долину Кочкар и по южным склонам Александровского хребта на перевал Керкебас.

Пространство. В рамках вышеописанных границ будет заключаться следующая площадь (по данным статистического обследования Переселенческого Управления). Земель бывших киргизских волостей: пахотных – 82.303, сенокосных – 57.467, пастбищных призимовочных и летовочных – 1.656.153, а всего – 1.795.923 десятины. Земель старожильческих селений удобных 42.473 дес., неудобных – 8.207 дес., а всего 50.954 десятины. В образованных переселенческих участках, заселенных и Пржевальском, хуторах и казенных оброчных статьях имеется земель: удобных – 239.406 дес., неудобных – 82.224 дес., а всего – 321.630 дес. Всего же по уезду площадь земли будет – 2.168.507 дес., а с ледниками скалами и крутизнами около 2.500.000 дес. Или 20.817 кв.версть.

Рельеф. Вновь переформированный Пржевальский уезд будет представлять собою чашку с озером Иссык-Кулем по середине, окруженную горами со всех сторон. На севере хребтом Кунгей-Алатау, на юге хребтом Терескей-тау, далее же на востоке невысокими горами Сан-ташскими, за которым и пойдет высокогорные Каркаринское плато и долины Текеса и Чолкуде-су, разделенные сравнительно невысоким хребтом Кара-тау.

Орошение. Орошение Пржевальского уезда, в общем, будет очень значительным, но крупных рек не будет, все реки носят характер горных, берущих начало с ледников Кунгей-тау и Терескей-тау. Кроме рек Текеса и Чолкуде-су и притоками, все они впадают в озеро Иссык-куль. Так как все речки, впадающие в озеро Иссык-куль, берут начало с ледников и имеют очень большое падение к озеру, они легко могут быть используемы для орошения земель при иссык-кульской долины и кроме того многие из них могут быть использованы, как огромная бесплатная механическая сила (белый уголь). Южные притоки озера вообще значительнее северных. Наиболее значительны восточные притоки Тюп и Джергалан, берущие начало в вечных снегах Терескей-тау. По выходе из гор оба они поворачивают на запад и текут почти параллельно, разделенные невысоким хребтом Тасма. Река Джергалан за последние годы была значительно использована под орошение ряда переселенческих поселков, по так называемому Сухому логу. Тюп же только кое-где был использован для полива киргизских пашень.

С южной стороны в озеро, считая от Джергалана, впадают: Караколь, орошающий город Пржевальске, Джеты-огузе, Кызыл-су, Заука, Барскауне, Тоне, Конур-олене, Улахоле и др., а с северной, считая на востоке, будут: Талды-булаке, Тур-айгыре, Чолпан-ата, Малая и большая Ак-су, Кутурга, Курмекты и др.

Река Текес берет начало с ледников Терескей-тау по соседству с высочайшим пиком Хан-тенгри и сперва течет в северо-восточном направлении, а потом круто поворачивает на востоке и протекает по значительной долине, носящей название Текесской. Река Текес есть начало реки Или; в китайских пределах Текесе, соединившись с рекой Кунгесе, уже носит название Или. С правой стороны в Текесе впадают значительные притоки: три Кокпака, Нарын-коль с Баян-колом, с левой же стороны притоки незначительны. Все притоки Текеса могут легко быть использованы для орошения полей и частью были использованы русскими переселенцами на вновь образованных переселенческих участках, ныне уничтоженных киргизами.

Река Чолкуде-су, протекающая по долине того же названия, берет начало у китайской границы в Кетменских горах, и течет на запад, впадает в реку Кеген, имеет массу притоков с той и другой стороны, но незначительных. Чолкуде-су в нижнем своем течении была используема для полива киргизских пашень.

Почва. Почва во вновь формируемом Пржевальском уезде в зависимости от высоты места и обилия орошения так же как и во всем Семиречье, разделяется на несколько полос, начиная от ледников и скал горных хребтов. Первой полосой, пригодной к использованию, будет полоса нагорная черноземная, идущая ниже скал. Полоса эта соответствует полосе распространения лиственного и хвойного леса, но местами спускается и до самого озера.

Вторая полоса – это лессовые земли, примыкающие к нагорной полосе.

Земли эти тоже местами спускаются до самого озера составляют плодороднейшую часть всего уезда, хотя и черноземах во многих частях уезда были богарные посевы и у русских, и у киргиз.

Ниже лессовой, а местами идут полынные степи неширокой полосой, а местами щебневатые полупустынные полосы, тоже частью, доходящие до берега озера. Местами вдоль берега тянется неширокая полоса торфяных почв болотистых то же деление почв и в долине реки Текеса. По долине же реки Чолкуде-су до ее среднего течения идут сплош черноземные земли, ниже встречается полынная полоса и сазоватая (болотисто-торфяная).

Почвы Каркаринского плато сплош черноземные.

В общем, площадь земель пригодных для земледелия Пржевальского уезда далеко не исчерпывается той цифрой пахотной земель, которая указана выше в отделе «пространство», т.е. около 400.000 десятин, а может быть еще сильно увеличена, так как почвы почти всюду пригодны для земледелия там, где это позволяет высота местности. Воды для орошения пашен имеется тоже в достаточном количестве.

Растительный покров. Первый исследователь Семиречья, покойный П.П.Семенов-Тяньшанский все Семиречье по растительному покрову делить на пять полосе или зон: первая полоса степная, лежащая на высоте 2.000 фут. Над уровнем моря, вторая полоса культурная зона высотой приблизительно до 5.500 фут. Третья зона на высоте до 9.000 фут.будет лесная, четвертая зона альпийских лугов и пятая полоса – вечных снегов.

Все пять полосе или зоне имеются в Пржевальском уезде. Отметим здесь только, что Пржевальский уезд богат хвойным лесом, так как все северные склоны хребта Терескей-тау покрыты еловым лесом, все северные склоны гор, спускающихся к Текесу, сплош почти покрыты могучим лесом и хребтом Кара-тау, разделяющий долину Текеса от долины Чолкуде-су, тоже покрыт лесом и свое название черных гор получил от сплошной черной ленты лесов, опоясывающей его.

Полоса альпийских лугов лесная, имеет богатую травяную растительность, которая особенно хороша в культурной полосе ближе к озеру, здесь у подошвы хребтов, за редким-исключением, идут сплошные сенокосные места.

Минеральные богатства. Минеральными богатствами Пржевальский уезд богат, но как и все Семиречье, в этом отношении совершенно не изучен, а о залежах тех или иных минералов известно только по случайным находкам.

Так известно, что есть залежи каменного угля в горах Кунгей-ала-тау, есть свинцово-серебряные руды, ртуть. Железные руды встречаются во многих местах Кунгей-ала-тау и Терескей-тау. В Кетменских горах есть золото и даже существует золотой прииск, но добыча золота не велика, был золотой приис и в долине реки Текеса, но по каким то причинам прекратил свое существование несколько лет тому назад.

Имеются в Пржевальском уезде и целебные минеральные источники; в 8 верстах от Пржевальска в ущелье Аксуйском – горячие источники, а в 40 верстах по южному берегу озера Джеты-огузовские и еще несколько других.

Близ Каркаринской ярмарки протекает соленый источник Туз-кайнар, из которого киргизы вываривают в казанах соль, которою снабжают город Пржевальск и окрестные села. Залежи каменной соли имеются в горах на востоке озера Иссык-куля.

Население. По данным статистики Переселенческого Управления на 1-е августа, т.е. к моменту восстания киргиз в Пржевальском уезде и отходящей к нему части Джаркентского уезда числилось населения:

	Хозяйств	Душ обоего пола
Городского	-	12017
Русского старожильческого	1826	13649
Казаков	209	1524
Переселенцев	3231	17662
Киргиз	22784	120593
Оседлых туземцев	1419	1647
ВСЕГО	29469	173092

Все киргизские волости Пржевальского Уезда, а также киргизы рода Атбань Джаркентского уезда при подавлении мятежа войсками бежали со своих мест частью в китайские пределы, а частью на «сырты» и по возвращении будут переселены в Нарынский край частью в Верненский уезд, а частью расселены в Джаркентском уезде.

Русского же населения во время мятежа погибло около 3000 душ обоего пола. Полностью уцелели только два селения: Преображенское и Теплоключинское, все же остальные так или иначе пострадали, а некоторые и совершенно уничтожены.

Таким образом, во вновь формируемом Пржевальском уезде всего населения исключительно русского имеется: 5266 хозяйств, около 43 тыс. Душ обоего пола.

Неотложные нужды вновь формируемого уезда. Первой и самой неотложной нуждой для уезда будет восстановление полностью ржевальск русских хозяйств, для чего необходимы крупные ассигнование от казны. Правда, в возмещение убытков, причиненных мирному населению мятежем киргиз, будут выданы денежные суммы из так называемых контрибуционных средств, полученных от ликвидации отбитого у киргиз скота и имущества, но средств этих будет далеко недостаточно для восстановления хозяйств.

Вторая задача – это скорейшее заселение русскими всех освободившихся киргизских земель. Как указывалось выше, земель, пригодных к немедленному заселению, т.е. пахотных, сенокосных и частью пастбищных для выпасов, не считая земель, которые до мятежа уже были заняты русскими, в Пржевальском уезде находится сейчас около 200.000 десятин. Если считать по 10 дес. Наделе на душу, как дается переселенцам, то можно поселить 20.000 душ мужского пола, или около 10.000 хозяйств. Если же, во исполнение распоряжение Генерал-Губернатора, заселять этот уезд казаками и считать надел на мужскую

душу 30 десятин, да 10 дес. В войсковой запас, то можно поселить 5.000 душ мужского пола или около 2.000 хозяйств.

Исчисление эти делаются при том условии, если бывшие селения Пржевальского уезда и части Джаркентского будут полностью восстановлены и только на количество земель пахотных, сенокосных и выгонных, которые были использованы киргизами, как сельско-хозяйственные угодья, а не как пастбищные. При грубом исчислении земель пригодных под заселение русскими, можно предполагать, что и сейчас найдутся земли пригодные к немедленному заселению без крупных затрат на мелиорацию на 10.000 душ мужского пола или около 5.000 хозяйств, кроме вышеисчисленных.

Полагаю, что для скорейшего заселения долины Текеса и Чолкуде-су казаками возможно бы было переселить туда казаков Верненского уезда. В настоящее время при идущем землеустройстве казаков Верненского уезда приходится прирезать им крупные земельные площади из киргиз занятых земель, более или менее используемые как сельско-хозяйственные угодья, а взамен изымаемых у других земель давать им земли не орошенные, требующие крупных затрат на мелиорацию. Если же часть верненских казаков переселить на земли Текесской долины, то тьма самым разрешилась бы трудная задача землеустройства казаков в Верненском уезде. Кроме того, сразу же были бы использованы освободившиеся земли Текесской долины и там на границе с Китаем из ряда вновь образованных станиц создавался бы крепкий оплот на случай осложнений с Китаем. И наконец, самое важное не были бы обижены изъятиями земель для казаков не бунтовавшие киргизы Верненского уезда.

Но весь тот земельный фонд, который образовался в Пржевальском и части Джаркентского уездах с уходом киргиз, использован быть не может для сельско-хозяйственных пахотных целей, так как огромное количество земель по берегу озера, в долинах рек Текеса и Чолкуде-су и особенно по Каркаринскому плато может быть использовано только под скотоводческое хозяйство, а потому полагаю, что немедленно же надлежит начать выделять земли, на которых нельзя вести зернового хозяйства под скотоводческие участки и сдавать их в долгосрочную аренду или на как их других условиях для ведения культурного скотоводства. Тем более считаю это неотложным и необходимым, так как скотоводческий баланс области сильно нарушен в сторону преуменьшения скота – с одной стороны мятежем киргиз (масса скота угнано в Китай, масса пало брошенного, невыпасавшегося, масса погибло при усмерении), с другой стороны и вследствие усиленного вывоза из области для нужды армии.

Административное устройство Пржевальского уезда. По протоколу совещания 15-го октября 1916 г. Намечено было во вновь формируемом Пржевальском уезде образовать два приставства: одно в бывшем селении Столыпинском, другое – в выселке Охотничьем.

В виду того, что в настоящее время вся западная часть уезда, где было селение Столыпинское, совершенно не заселена, казалось бы более правильным образовать приставство в селении Преображенском (Тюп), где сосредоточена вся масса беженцев и в округе этого селения начинают

восстанавливаться бывшая разрушенные селения. К этому приставству отнести всю территорию серьезного берега озера Иссык-куля и восточную часть уезда до перевала Санташ по правый берег реки Джаргалана.

Второе приставство образовать в той части Джаркентского уезда, которая отходить к Пржевальскому уезду и пребывание пристава пока сделать в казачьем выселке Охотничьем, но при дальнейшем большем заселении Тексской долины пребывание пристава необходимо будет перенести в одну из новых казачьих станиц к западу, чтобы пребывание пристава было в центре всего участка, а не на окраине, как это будет в выселке Охотничьем.

Кроме того, совершенно необходимым является иметь в Пржевальском уезде и третье приставство – пригородное, к которому должны быть отнесены все поселки по левому берегу реки Джаргалана от перевала Санташ и все поселки южного берега Иссык-куля. Пристав, живущий в селении Преображенском или впоследствии в селении Столыпинском не в состоянии будет обслуживать поселки того и другого берега, ибо сообщения через озеро нет и не будет, пока не будет поставлено на озеро пароходство.

Образование приставства в Джаркентский уезд. В связи с переформированием Пржевальского уезда как это указывалось выше, приходится часть территории Верненского уезда прирезать к Джаркентскому уезду и переселить туда бунтовавшие киргизские волости рода Атбан. Таким образом, в юго-западном углу Джаркентского уезда будет сосредоточено около 13.000 киргизских хозяйств, вследствие чего является необходимым в этой части Джаркентского уезда образовать самостоятельное приставство с прибыванием пристава в станиц Джаланашской. Границ этого приставства будет следующая: с западной стороны Верненский уезд, с южной – Пржевальский, а с северной и восточной – река Чарынь.

Пристава же, который в настоящее время живет в станице Подгорной, перевести в таранчинское селение Калоджат и участком его сделать всю остальную часть Джаркентского уезда по левому сторону реки Или.

[234] ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 5073-іс, 7-12 пп.

3.3 Көтерілісшілердің Қытай жеріне асуы және оларды тарихи Отанына қайтару шаралары

1916 жылы қазан айының аяғында және қараша айының басында Жетісудағы қазақ пен қырғыз көтерілісі қатаң түрде басып-жаншылды. Көтеріліс кезінде қажып-қалжырап, қиналып біткен олар, енді туған өлкелерінде “барар жер, басар тауы” қалмаған соң бүкіл елімен Батыс Қытайға кетуге мәжбүр болды.

Әрине, ол жақта оларды “құшақ жая” қарсы алған ешкім жоқ. Керісінше “тозған қазды, топтанған қарға жейді” дегендей олардың патша жендеттерімен қалған мал-мүлкін жергілікті Қытай үкіметтері тонап, тартып алған болатын.

Батыс Қытай жеріне үрке қашып кетуге себепші болған патша үкіметінің жазалаушы отрядтарының көтеріліс басылып болғаннан кейінгі іс-әрекеттері. Олар көтеріліс басылғаннан кейін, оған қатысушыларды, сонымен қатар бейбіт халықты да жекелеп де, топтап та қырып-жойған еді.

Жазалаушы патша жендеттерінің халықты айуандықпен қырғынға ұшыратып, тонағанын сол оқиғаларды көзімен көрген куәгер Іргебай Дәлденбайұлының естеліктерінен көруге болады: “... орыстар қазақтарды өлтіріп Тәте деген асудағы шанышқан ағашқа байлаған, ер адамдардың астын кесіп, аузына тығып кеткен. Қарқарадан Нарынқолға келе жатқан әйелдерді өлтіріп, балаларын құшақтатып кеткен. Сол тәріздес шабуыл жасаушы казак-орыстар малды талап, үйлерді өртеп, киім-кешекті алғаннан басқаны білмеді. Өз білгендерімен іс істеді. Сонымен ел Қытай шекарасы Текес-Байынқол өзенінің бойындағы “Абылайша” жаппа үйлер тігіп, қытаймен сөйлесе бастады. Қытай ұлықтары тоғыз қара жорға, тоғыз арғымақ, он екі жамбы барсең жол беремін дейді. Бір жағынан патшаның әскері келіп қалама деп болыс – болыстан кісі келіп, Тоғай-Толағай деген. Байынқолдың Текеске құйған жерінде, қос деңнің астында сөйлетті [235].

Осындай ел әбігерге түскен, екі ортада не істерін білмей сергелдең болған шақта патша жазалаушылары елге “арғы бетке” өтпеу туралы талап қояды. Ол жөнінде жоғарыда айтылған кісі былай деп еске алады: “... Сарыжазға мың казак-орыспен, зеңбірек құрамымен Кравченко деген пристав орыс келді. “Ел қашпасын, қашқанымен Қытай өткізбейді. Ішіндегі айыпты кісілерді ғана аламыз ... Басқасына тимейміз. Өз жерлеріне барып отыра берсін. Егерде екі күннен қалса әскерге алмау жағына ерік беріледі” деген, бір-бір т жапырақ қағаз келіп, елге таратты. Елдің тұқымы құрып қалса да тоқтайтын болмады. Бұл патша жендеттерінің жасаған айла-шарғысы еді. Өйткені қашқан елмен біраз дүние мүлік ары өтіп кететінін біліп қайткен күнде оны алып қалуға тырыспақ болды, сонымен бірге, бері жақта қалса “сендер көтеріліске қатысқан кінәлісіндер” деп одан әрі қанауға салуды көздеген саясат болды.

Осылай шекараға жақын жерде ұйлығып тұрған албан елінің үстіне Қарақол уезінің қырғыз бұғы руы келіп қосылады. Осы кезде алдыңғы қойған шартқа көнбеген халықты күшпен қалдыруға тырысқан жазалаушы отрядта келіп жетеді. Екі арада тағы да қақтығыс болып қарусыз, қорғансыз халық қырғынға ұшырайды. Бұл оқиға жөнінде куәгер Жазылбек Серікбайұлы былай деп еске алады: “Бірнеше күн өткеннен кейін үш-төрт жүз әскері және әскер басшыларымен Кравченко келді Албан, бұғының бірнеше көтерілісшілері Құрқақпақтың аузы, Текес суының жағасында патша әскеріне қарсы ұрыс болдыртты. Әскер зеңбіректі күпілдеткен соң көтерілісшілер шен-маңдайларына бара алмайды. Күн кеш кіріп, түн болған соң Кравченко әскері Қақпаққа келіп қонады. Қолында жабдығы жоқ албан, бұғы қатын-бала мүліктерімен

түнде жасырынып қашып, шекараға барады. Алдарынан Қытай әскері тосып, өткізбейді. Үріккен ел таң атқанша ат үстінде болады. Таң атқан соң Кравченко әскері Қақпақтан шығып, зеңбіректі күпілдетіп Нарынқолға келеді. Қазақ-қырғыздан көп адам шығын болады. Зеңбіректің жалындаған оғын көрген соң қытай әскерін тыңдамай, албан, бұғы қытай шекарасынан өте шығады. Үріккен ел жолшыбай қалмаққа малын аяусыз талатып алады” [236].

Осылайша сор айдаған қазақтар мен қырғыздар қытай шекарасынан да өтеді. Барған жерлерінде қалған-құтқан мал-мүліктің қытайлар түк қалдырмай тонап алып, өздерін кері қайта қуады. Жан сауғалап барған халық екі жақты азапқа түсіп, екі айдаһардың ортасындағы көжекей болды. Осы кездегі халықтың дәрменсіз, мүшкіл хәлін Жаркент уезінің бастығы полковник Стутиннің жоғары басшыларға берген мына бір мәліметімен анық көруге болады: “Кравченко отряды қырғыздарға қарсы соғыс ашқаннан кейін Сүмбедегі Албандар Қытайға өтіп кетті. Қытай өкіметі оларды тонап, кері қуды. Қазақтар аштықтан, сүзектен өліп жатыр. Егерде оларды қыстауға жібермесе, халық қырылады, мал жұтайды. Албандар шыдамды. Мал басы құрып бара жатыр. Армияға ат алу қиындай түсті. Нұсқау күтемін” [237]. Стутиннің бұл айтқанына қарап “қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы” деген мәтел осындайда айтылған болар деп ойға қаласың.

Туған жер, ескен өлкесінен амалсыздан зар илеп қашқан Қарқара халқы Қытай жерінен де береке таппай, көздерінен қанды жасы сорғалап жүріп елге қайтуды армандаған еді. Осындай аласапыран, аумалы-төкпелі заманда халқының көңіл-күйін деп басатын ақын-жыраулардың көкірегіне небір запыран жыр-өлеңдер құйылатыны белгілі. Соның бірін Қарқара көтерілісінің куәгері **молда Қойшыбай Қосалыұлының** сол заманды бейнелеген «Мұң зарындағы» мына бір өлеңінен анық байқауға болады: ...

Шақырған бері жүр деп бір адам жоқ
Жылаймын кемсеңдетіп иегімді.
Қайта айналып келетін заман қайда
Дәулет құс қолымдағы жіберілді.
Біздің жұрт баяғыдай бола ма екен ...
Бірігіп Қарқараға қонар ма екен.
Ұрық-туған бір жерге басын қосып,
Көңіліміз раушан боп толар ма екен.
Ат сұлу, айғыр көркем-жалыменен
Бай шешен, батыр көсем малыменен
Тар жерде өз өлтірмес, жат жарылқап,
Әркімді алсын құдай табыменен.

.

Басында әуре бізді қылмасашы
Сүм дүние опасы жоқ, боқтан сасық.
Ел жұртым, көк майсалы кен Қарқара

Бұл күнде бір көруге болдым асық [238].

Қытай жеріне барып қорлық үстіне қорлық көріп күйзеліске ұшыраған халық енді Қытайдағы Ресей консулына өтініш айтып, кері қайтпақ болады. Ондай өтінішті және бері өткен соң халыққа қойылар талапты Жаркент уезінің бастығы полковник Стутин өз мәліметінде былай дейді: “Дәл қазір албандар консул арқылы тағы да бағыныштылықты мойындайтынын білдіріп, Россияға қайтуға рұқсат сұрап отыр. Олар егер мынадай талапты орындаса ғана қайта алатыны жөнінде жария етілді, атап айтқанда: “Бүлікшілердің басшыларын ұстап беру, тұтқындарды, қару-жарақты қайтарып беру, жұмысшылар мен армия үшін 200 жылқы беру, орыстардың қаны төгіліп барлық жер қазына қарамағына өтеді, яғни учаскенің барлық болыстары Нарын ауданына жылжытылады, ол үшін Охотничий қыстағына тексеруден өткізу орны тағайындалады. Оларды көктемге дейін қайтып оралады деп күтуге болмайды. Қыстаулары жермен-жексен етіліп құлаған, қар қалың. Сондай-ақ олар, өздеріне қойылған талапты (көтеріліс көсемдерін ұстап беру- Ш.Т.) өзгертуді өтінеді ...” [239].

Осындай сорақы да озбыр талаптарға көне отырып «кінәлі» халық 1917 жылдың көктеміне қарай қайтты. Әрине, барғандардың бәрі аман қайтпады, олардың көпшілігін шекарадан өткенде Қытай әскері қырды, одан кейін ашаршылықтан, аурудан біршама адам өлді. Қалғандары көп қиыншылықпен аш-жалаңаш, жаяу-жалпы есеңгіреп еліне жетті. Осы туралы Әріпбай Алыпбайұлының естелігінде былай дейді: “Шұбырынды босқын ел ашаршылықтан, аурудан қырылды, қыс қиыншылығын мал да, жан да көтере алмады. Аштан өлгендерін, аурудан өлгендерін қытай жеріне тастап, малын алдырып, «мойны ырғадай, биті торғадай» болып Албан елі келесі жылы өз жеріне қайта оралды. Бұларды «босқындар, аштар» деп қорлап атады” [240].

Қытай жеріне барып көптеген малмен жан шығынына ұшырап, арып-аршып келген халыққа патша үкіметі жоғарыда айтылған талаптарға қосымша тағы талаптар қойып, елді одан ары тонаушылыққа салды. Оған да көнбіс болған “сорлы ел көнген еді. Бұл жайында: “Ол жылы Қытай жерін қаптап шығып. 1917 жылы мамыр айында шыққан салымдай болып, Байынқол елінен орта есеппен есептегенде 10 000 қой, 4 000 жылқы, 300 сиыр, 80 000 сом құнына баратын үй дүние мүлкінен айырылып қара халық өз ата қонысына қайтып келді. Бұл жерге қайтып келгенде поселкінің орыстары: “өткен жылғы қалай мақанда қазақ бар малымызды талап алып, үйлерімізді өртеп кетті” деген жартылай жала әңгімелер қозғалып, сол үшін Жаркенттен өкіметті жақтайтын өкілдер келді. Сонымен бес-алты поселкенің орыстарымен амалсыздың күнінен бітім жасасып, исі албан ортасынан жинап, түтін басына: екі ат, екі бұзаулы

сиыр, он қойдан бітім беріп ең сорлылыққа жеткен келісім жасасты” деп еске алады Жазылбек Серікбайұлы [241].

Осындай озбырлық көріп, сорақы келісімдерге бара отырып қайтып келген қазақтар мен қырғыздар жоғарыда патша үкіметі тарапынан қойылған талаптарға сәйкес бұрынғы қоныстарына бара алмады. Жәнеде олар Қытай асып кеткенде Жетісудағы қазақтармен қырғыздардың 2,5 миллион десятина жерін патша үкіметі казачествоға кесіп берген болатын [242]. Сондықтан бұл жерлерді енді Нарынқолдық казачество меншіктенді.

Осынау ел басына күн туған заманда, ел жанды ерлер әрқашан табылатыны белгілі.

Туысқан екі халықтың азаттық жолындағы көтерілісін басуға отаршыл жүйе арнайы жазалаушы әскер жіберіп, олар қоныс аударып келген орыс шаруаларынан құралған жасақтармен бірлесе отырып жүргізген "белсенді" шараларының барысында көтеріліс қатыгездікпен, адам айтқысыз айуандықпен еш аяусыз басып жаншылып, Жетісудың жергілікті халқына бұрынды – соңды болмаған қасірет әкелді. Жазалаушылардың қысымына шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне (шамамен 300000 – дай адам) [243] ауа көшіп босқыншылыққа ұшырады, азып – тозды, тауқыметті тағдыр кешті. Босып Қытай жеріне өту барысында бер жағынан орыс әскері ар жағынан қытай әскері қыспаққа алып тағыда қырғынға салған болатын. Қос империяның қыспағына түскен қазақ – қырғыздың бергі жақта қалғандары да босып Қытайға өткендері де адам төзгісіз ауыр халде күй кешті. Осындай азып – тозып, тонаушылыққа тап болған жетісулық қазақ – қырғызға қол ұшын беріп, құтқаруға ұмтылған алғашқылардың бірі қазақ пен қырғыздың оқыған, көзі ашық – көкірегі ояу, озық ойлы зиялылары болатын. Олардың ішінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаев, Ибраһим Жайнақов, Қайсерке Тоқсанбаев, Иса Тергеусізов, Әубәкір Жақыпбаев, қырғыз зиялылары Ишаналы Арабаев, Дүр Саурамбаев, Қасым Телтаев, Байзақ Мәмбетов, Мәмберәлі Мұраталин, т.б., көптеген зиялылар бар еді. Тарихшы академик М. Қозыбаев ұлт зиялыларының қайраткерлігі туралы: «...ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы оқиғаға қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды»- деп ерекше атап көрсетеді [244].

Ал, кеңестік тарихнамада олардың бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметін тар таптық идеология тұрғысынан бір жақты ғана бағалап немесе мүлде айтпауға тырысты. Ол жөнінде көрнекті тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев былай деп дұрыс ғылыми негізді пікір айтады: «... Брайнин мен Шафиро іргетасын қалаған кеңестік тарихнама ұстанымы соңғы жылдарға шейін өзгеріссіз келді. Мәселен бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томында құрамында бірде-бір қазақ болмаған большевиктер партиясының соғыс жылдарындағы қызметі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығын байқаймыз.» [245].

Ал қазіргі тәуелсіздік жағдайында олар туралы бірталай зерттеу еңбектер жарық көрді. Дегенменде әліде болса зиялыларымыздың қызметін тереңірек

зерттеу, олардың қызметінің жаңа қырларын ашу заман талабы деп білеміз. Ұлтының болашағы үшін алаңдап, ұлы мұраттарға қызмет еткен олардың еңбегіне тарихи объективтілік тұрғысынан лайықты әділ баға берілуі тиіс.

Осы тұрғыда ұлт мүддесін ұлықтаған зиялылардың 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліс тұсында босқыншылыққа ұшырап, қиыншылық көрген көтерілісші халықты ажал тырнағынан арашалауда атқарған қызметінің кейбір кезеңдеріне тоқталмақпыз.

Ел басына күн туған күрделі кезеңде Алаш зиялылары босқыншылыққа ұшыраған қазақ пен қырғызды ажал тырнағынан арашалап қалу үшін қолынан келгенінің бәрін жасауға тырысқан болатын.

Зиялы қауым өкілдерінің босқыншылыққа ұшыраған қазақ-қырғызды құтқару жолында көрсеткен қызметтерін «Қазақ», «Сарыарқа» т.б., газеттерде жарияланған материалдардан-ақ байқау қиын емес. Ал газет бетіндегі материалдардың деректік маңызы зор екендігін дұрыс түсінгеніміз жөн. Оның 1917 жылғы 231 нөмірінде Алаш елін босқындарға араша түсуге шақырып мақала жариялады. Бұл жарияланған А. Найманқожа баласының мақаласында: «27 май 1917 ж. Құлжа қ.

Бытырғы 25 июнь жарлығы салдарынан Қытай жері Іле губерниясына (Құлжа сахарасына) Пржевал уезінен 9000 үй босып барған. Қашқар жағына бастығы Шабден балалары болып жиырманың ішінде болыс босып кеткен екен. Өзім 25 апрельде Қапалдан Құлжаға келіп едім. Құлжадағы көзім көрген босқын қырғыздардың халын газетке жазып, Алаш азаматтарына білдіруді борыш көрдім. Бұл Құлжа алабына босып келген қырғыздар орыс әскерінің талауынан қалған малдарын Қытай жеріне өткен соң, Қытай шерігі (әскері), қалмақ, Құлжа ақсақалы Нұр-Ахун, консул бәрі компания болып, орыс жеріне қайта айдаймыз деп, қорқытып, талап алған. Ақсақал қырғыздарға: бұл малдарың қолдарыңда тұрса, қытай кісілері талап алады. Менің атыма шығарып беріңдер, сақтап беремін» - деп 9000 жылқыны Нұр -Ахун ақсақал Текеске сентябрьде айдатып жіберген екен. Осы күнге дейін жылқыдан да, Нұр - Ахуннан да дерек жоқ. Нұр - Ахунның 9000 жылқыны алғанын не қылайық. Бірақ Қытай жеріне азғыртып, өткізіп алып орысты мынадай қылып келген қырғыз Қытайға келіп не ондырады. Онан да құртыңдар деп, қалмақ Қытай әскеріне сөз беріп талатқаны – адам баласы түгіл, хайуанда аярлық болды деседі. Сөйтіп, үйден, малдан айрылған соң, қытай қазақтарының жері Текес Күнеске барып, Қытай қазақтарымен сыбайлас қыстайды. үй, тамақ, киім жоқ. Жергілікті қазақтар жәрдем, жылу сияқты нәрсені бермеген көрінеді. Аштықтан, суықтан босқын қырғыздардың жүзден 3 есенің екісі өлген.

Қазір де топалаң тиген қойдай аштан өліп жатыр. өлгенін көмуге де халдары келер емес. 3-4 мыңдай кісі Құлжа, Көз шаһарына келіп, тіленшілікпен күн көріп, аштан өлуден аман қалып, осы уақытқа дейін тіленшілік етіп, аз-аздап болмаса, көп өлім жоқ. Құлжадан 130 шақырым жерде аштан өлу көп.

Бостандық болған соң, Қытай хүкіметі қалған босқындарды өз жерлеріне айдап салуға шерік (әскер) шығарып, айдатқанда көбі аштан қырылыпты. Айдап бара жатқандағы жай-күйлерін баяндап консулға мұсылманша жазып

арыз беріпті. Арыздардағы сөздерден адам баласы жыламай, естіп отыра алар емес.

Қазір 27 апрельде Пекиннен 3 айға Қытай жерінде тұра тұруға мәулет келді. Бұл мәулетті естіп, купие алып, айдап бара жатқан Қытай шерігіне кісі шапты. Бұл мәулет Құлжаға Ғарыф-Ғабидовтың Петроградта Сыртқы іс министріне берген телеграммы арқасында болса керек.

Қырғыздардың осы халын көзі көрген жігіт мұғалім Молдағалы Құлжа мұсылманының Исполнительный Комитетінен телеграф арқылы мұсылман көп болған қалалардан аш қырғыз халын баян етіп, жәрдем сұрауын өтінді. Комитет мақұл көріп, телеграф үшін қырғыз болысынан 80 сом алып, қырғыздардың халын баян етіп діндес, қандас туысқандары бар қалалардағы Мұсылман комитетінен жәрдем сұрап, Құлжа комитетінің председателі Садық Ювашев телеграмм берді.

Келген жәрдемді дәптерге тіркеп «Уақыт», «Қазақ» та есебін беріп тұру – қырғыздарды аштан өлтірмес үшін Құлжадан, қырдан бөлімдер Ашу, жалаңаш тіленші әйелдерге киім алып беру һәм басқару үшін Құлжа мұсылман комитеті әр қайсысына кісі сайлады.

Бұл босқын қырғыздардың қатын-қыздарын Қытай солдатты, қытай, дүнген, қашқарлық сарт, қытай қазағы қатынданып алған. Қайсы бір байы тірі тәуір қатын-қызды қытай солдатты тартып зорлық қылып алған. Құлжаның көшелерінде қырғыз тіленшілерінен кісі жүре алатын емес. Тіленшілік еткен қырғыз әйелдерінің киімдері тозғандықтан, құрым киізден денесін жабарлық лыпа жамылып жүр. Қырғыз халін көзімен көрген қазақ жігіті болса, шыдай алмайды, жылайды: қайсы біреулері көшеде шалқасынан жығылып өлейін деп жатқаны. Қайсы біреулері шаһардың тысында далада ауырып өлейін деп жатқаны.

Бұл қырғыздардың халы кәріс мұсылмандардың халынан нашарырақ. өйткені, кәріс мұсылмандарының аштық, жалаңаштық күйін газеттерге ерте жазып, бүтін Россия мұсылмандары жылу жиып, көптеп, көмектеп аштық, жалаңаштық өлімінен құтқарды. қырғыздардың 6-7 ай аштық, жалаңаштық өліп жатқанын ешкім білмеген. Бостандық туған соң, Құлжадағы оқыған білімді ноғай ағайындардың қырғыз халын газеттерге жазып, ешкере қылып, жәрдем жиюға ертерек ұмтылғандарына іш ауырғандай болды. Бәрі бір дін қандас осындай өліп жатқанда пайда тигізбегенде, қайда тигізбек керек еді» - деп жазады [246].

Аш – жалаңаш босқын елдің жай – күйінен хабар алған ұлт зиялыларының белсенділігінің арқасында «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті» құрылып, сол арқылы елден ақша жиып, басқада түрлі көмектерін көрсетіп, ұйымдастырып отырған еді. Ол туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 3 маусымдағы санында мынадай мәлімет жарияланды: «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті»

3 маусым 1917 ж.

Былырдан бері 10 болыс қырғыз, орыс жерінде орыстан, қытай жерінде қытайдан таланып, Құлжа алабында топалаң тиген қойдай аштықтан қырылып

жатқанын көріп, Құлжа исполнительный комитетінің председателі Ювашев мұсылманы бар қалаларға телеграмм соғып, білдіріп еді; мынадай жәрдемдер келді: Алматы қазақтарының комитетінен 10 000 сом, «Уақыт» басқармасынан 598 сом 22 тиын, Ырғыз уезі комитетінен 251 сом 65 тиын, Павлодар мұсылмандары комитетінен 275 сом, Ақтөбе мұсылмандары бюросынан 300 сом, Семей мұсылмандары комитетінен 1000 сом, Түркістаннан Нәсіровтан 100 сом, Омбы имамы Пономаревтан 117 сом, Троискіден Яушовтан 835 сом, Құлжа мұсылмандарынан 1240 сом, - бәрі 14 716 сом.

Мұндай жәрдемдер келген соң, председатель Ювашев Құлжа мұсылмандарын жиып, ертерек ескермей, қараспай жатқандарын айтып, енді жәрдем көрсетпей отырсақ – бүтін Россия мұсылмандарының алдында ұятты болармыз деп, аш қырғыздарға азық беру комитетін ашалық деді. Жиылған жұрт сарты, ноғайы бар, даяр екендігін білдіріп, 38 кісі ағза сайлап, «босқын қырғыздарға жәрдем комитетін» ашты. Председателі Ювашев, қазнашы Фетчалилин, хатшы Сабиров болды.» [247].

Алаш ардақтылығының бірі Міржақып Дулатұлы болса отарлық езгіге түсіп, қаналған қазақ қоғамын «ұйқыдан» оятып, еңсесін көтеріп есін жидыруға шақырып жазған «Оян қазақ» деп аталатын өлеңдер жинағының кезінде отаршыл үкіметтің жазалаушы органы жандармериядан жасырып қалған 1000 данадайының ақшасын босқындарға көмекке аударатындығы туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы санында «ОЯН ҚАЗАҚ!» (босқан қырғыз бауырларыма арнадым) атты мақала жариялап былай дейді: «Оқушыларға мағлұм, «Оян қазақ» атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, «Қазақ оянып кетеді!» деп қорқып, 1911-нші жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. «Оян қазақ» халық арасына тарамасын деп, үкімет үкім салды. Сонан кейін, қолға түспеген 1000 дана шамалы «Оян қазақ» алты жылдан бері бір орында жасырынып жатыр еді. Енді, құдайға шүкір, азаттық таңы атты, ескі үкімет мүрдем кетті, шағымшы «бауырларымыздың» да көзі жоғалды.

Жауыз үкіметтің жауыздығымен былтырғы 25-нші июнь жарлығы тақырыпты қазақ халқы қан жылады, бәрімізден артығырақ қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады. Күні бүгінге шейін сол қырғыз бауырларымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қырғында. Жас балаларын бір шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын-қыздарын бір қойдың пұлына айырбастап, естиярлары мойындарына дорба салып, тіленші болып кеткендігі мағлұм болып тұр.

Сондықтан сақтаулы мың дана «Оян қазақтың» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым. Бұрынғы құны 20 тиын еді, енді бұл мұндай қайырлы іске жұмсалатын болған соң, алушыларға бағасы 50 тиын болсын деп мөлшерледім, пошта хақы кітап басы 2 тиын. Скидка жоқ. Бір кісіге 50 кітаптан кем сатылмайды. Ақшасы төменгі адрес бойынша күні бұрын жіберу керек. Бұлай деуімнің себебі – тезірек етіп, ақшасы ашаршылықтағы бишараларға тезірек тапсырылсын деген. Мың дана кітап тез сатылса, сонан өнген 500 сом шамалы ақша, көп пұл болмаса да, ел-жұрт, жер-су, мал-

мүлкінен айрылып, бұл күнде бір тілім нанға зар болып тұрған сорлыларға аз да болса қорек болар еді. Бұл бишара бауырларымызды ескеру, өлімнен-қырғыннан құтқару алаш азаматының адамшылық борышы!

«Оян қазақты!» жоғарғы шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларына жаны ашыған азаматтар мына адресітегі Жұмағали Тілеулиннен алдырсын, адресі: г. Петропавловск, Акмол. Обл., уездная больница, фельдшеру Джумагалию Глеулину.» [248].

Кейінірек М. Дулатов «Мадияр» деген бүркеншік атпен 1918 жылғы «Сарыарқа» газетінде «Аш-жалаңаш қазақ-қырғызға жылу жинайтын комитет ашылғандығын» жазып, 1916 көттерілістен кейін ауыр жағдайға тап болып, босқын күй кешкен, аштықтың азабын тарқан жетісулық қазақ-қырғызға қол ұшын беруге шақырып: «...Атқа мінген азамат сендерге ЕЛ керек болса, ЖҰРТ керек болса, басшылық қылып АЛАШТЫ аман сақтау қамына кірісіңдер! – Намыстан АЛАШ! Жігерлен АЛАШ! Тас бауыр болма АЛАШ!» деп үндеу жариялаған [249].

Осылайша ұлт зиялылары босқыншылыққа ұшырап, тағдыры тәлкекке түскен бауырларын құтқару мақсатында елдік дәстүрді есте ұстап, бүкіл елді босқындарға көмек көрсетуге шақырып, елінің ертеңі үшін бар ынта-жігерімен қызмет жасады. Осы мақсатта «АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА» атты үндеу жазып, ол үндеуді 11 маусымдағы «Қазақ» газетінде жариялаған болатын. Ол үндеудің мазмұны мынадай еді: «25 июнь жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231- номерінде жазып отыр. Әр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен номерден жазып көрсетіп отырмыз. Беріліп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейханов сол комитеттің ағзасы (Жетісу облысының комиссары) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграм берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп. Сондай бірден берілетін молырақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей тапшылық қыла бермекші.

Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құралмақшы.

Аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай аз-көп демей әркім әліне қарай жәрдем ету әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш.

Бұл айрықша етіп алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз: қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай өтеулері тиіс дегеніміз.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтәзім Кәдірбаев, Имам Әлімбаев, Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров» [250].

Босқын елге көмек көрсеткендердің ішінде Торғайдағы 1916 жылғы көтерілістің жетекшілері, Торғай өңірінің халқы хан сайлаған Әбдіғапар Жанбосынов пен сардарбек Амангелді Имановта бар болатын. Олар туралы «Қазақ» газетінде жарық көрген Жәрдем комитетінің мәліметінде айтылады: «Әлихан Бөкейханов 100 сом, Ахмет Байтұрсынов 30 сом, Сейдәзім Кәдірбаев 25 сом, Имам Әлімбеков 5 сом, Жанұзақ Жәнібеков 3 сом, Ахмет Мәметов 3 сом. Барлығы 166 сом.

Әбдіғапар Жанбосынов пен Амангелді екеуі 25 сом. Қалдыбай Ғабдалиев 3 сом, Ғабділмәжит Мұқашев, Қазі Абаев 1 сомнан.

1-ші ауыл болысының граждандарының фельдшері Құрманғалиев һәм Якуда Ақтаевтардың дәулеті бойынша жиылған 300 сом.

Ақбұлақта қазақ моллаларының сиезінде Имам Ғабдалрахман Мұртазин арқылы 200 сом.

Мұхамедзариф Сыдықов 20 сом, Оразымбет, Нәуен, Бейсемұрат 5 сом.

Барлығы 621 сом. Бұрынғыларымен 976 сом 83 тиын.

Басқарма – 1 июньде 22 номерлі расписка алынып телеграфпен 800 сом Құлжадағы комитет басы Ювашевқа жіберілді.» [251]

Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы Ибраһим Жайнақов пен қырғыз зиялысы Қасым Телтаев еш қиындықтарға қарамастан аштыққа ұшыраған Ыстықкөл өңірінің қырғыздарына ат арбалармен бірнеше рет азық-түлік жеткізіп, басқада көптеген үлкен көмектер көрсетеді [252]. Көрсеткен көмектері үшін И. Жайнақовқа қырғыз зиялысы Ишанғали Арабаев «Қазақ» газеті арқылы «Бишара қырғыз бауырдарыңды ұмытпаңдар» атты жолдаған хатында «тәңірі жарылқасын» айтып, алғыс білдіреді: «...Бұл жақтағы босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харекет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегімізден тәңірі жарылғасын айтамыз һәм бүкіл киіз туырылықты қазақ баласынан бишара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз!

Комитет бастығы Ишанғали Арабаев» [253].

Ұлт зиялыларының елі үшін атқарған сан-салалы қызметінің бір бағытына біршама ғана тоқталдық. Қорыта келе айтарымыз ұлт зиялыларының ұлтын азат етіп, ел қатарына қосуды мақсат тұтқан ерен еңбегін, қажырлы қайраткерлігін бүгінгі ұрпақ лайықты бағалап, келер ұрпаққа аманат етуі елін сүйген әр азамат үшін парыз деп білеміз.

Сондай ердің бірі Әубәкір Жүнісов деген азамат болды. Ол Қытайдан бері өтіп шұбыра-босып келген елге үлкен көмек көрсетіп, қамқорлыққа алып, қолынан келгенін аямады. Бұл азаматтың адамгершілігі жөнінде Әріпбай Алыпбайұлы мынадай жылы лебіздер білдіреді. “ Осындай халықтың басына ауыр күн туып, күйзеліп тұрған кезде кешегі өз қонысына қолы жетпей тұрған кезде Донбастан қайтқан Әубәкір Жүнісов Жаркенттегі “ Босқындарға жәрдем комитетіне ” жұмысқа орналасты. Оны жұмысқа жұмсаушы Тоқаш Бокин еді. Әубәкір кедей шаруаларға жер-мал,

жұмыс беріп босқын елді қоныстандыруды жүзеге асырды, аштың тамағын тойғызып, жалаңаштың етегін жапты, жаяуына ат мінгізді” [254].

Осындай халқына жанашырлық көрсетіп, қамқор болған Әубәкір Жүнісов кім еді деген сұраққа Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы былай деп жауап жазады: “Жүнісов Әубәкір / 1886-6. 12.2. 1939 / - 1916 ж. Ұлт-азаттық қозғалысына, Жетісудағы Совет үкіметін орнатуға белсене қатысушы. Қазіргі Алматы облысының Кеген ауданында Суықторғай селосында шаруа семьясында туған. Жаркентте ауылшаруашылық мактебін бітірді. 1916 жылғы Қарқарадағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалып, өлім жазасына кесілді, бұл жаза ауыстырылып, майданның алдыңғы шебіне жіберілді. 1917 жылғы февраль революциясы Жүнісовты революция легіне қосты. Майданнан оралған соң Жаркент қаласындағы босқындарға көмек көрсету жөніндегі Түркістан комиссиясында істеді. Жаркент уездік-қалалық милиция бастығының орынбасары ретінде, 1921 жылы атаман Дутовты жою әрекетіне белсене қатысты. Бұл оқиға “Атаманның ақыры” атты фильмде бейнеленген. 1922-1924 жылдарда Түзген /қазіргі Райымбек ауданы / халық сотына судья болды. 1924 жылдан Алматы облысының мүшесі, обладвокатура коллегиясының председателі. Суықторғай селосында оған ескерткіш орнатылған” [255]. Мінекей, Әубәкір Жүнісов осындай азамат болған.

Сонымен қатар, 1917 жылы Қытайдан қайтып келген халық қиыншылық көріп жатқан кезде, оларға жанұшыра көмек көрсетіп, қарлығаштай қанатымен су сепкен Ибрагим Жайнақов, Тоқаш Бокин сияқты асыл азаматтардың еңбегі зор болды.

Осылайша Жетісудағы қазақ пен қырғыз халықтары небір қилы-қилы заманды бастан өткерді. Бір айтатын жайт Қарқара көтерілісіне қатысқан албан елінен патша үкіметінің қара жұмысына ешкім бармаған сияқты. Ол туралы әлі мәлімет кездеспеді. Бұл ойымызды мына бір дерек толықтыра түседі: “1916 жылындағы 19 бен 45 жас арасындағы “мобилизован” деген тізімді пісірлер ұлық пен болыстардан басқа ешкімге көрсеткен жоқ, есебін білмейміз. Патша сұраған жұмыс әскеріне албан елінен ешкім барған жоқ. Сол уақыттағы сот тілмашы Әубәкір Жүнісұлы ұйғыр жұмыскерлеріне бас болып, барып келген [256] – Жазылбек Серікбайұлының естелігінен. Ол кісінің айтып отырған Әубәкір Жүнісұлы жоғарыда айтылған азамат.

Енді көтеріліс барысында және көтерілісшілердің Қытай асу кезінде болған мал-жан шығындарына біраз тоқталып, шолу жасайық.

Ол үшін отаршыл үкіметтің көтерілісті басу және жазалау барысындағы адам және материалдық шығынына алдымен тоқтолып өтейік. Жаркент уезінің бастығы полковник Ступиннің 1916 жылы 23 желтоқсанда Жетісу әскери губернаторына жолдаған рапортынын: “ ... Тәртіпсіздіктер салдарынан болған шығындар: а) /чиновник/ орман кондукторы /, 4 орманшы, сақшы, мал дәрігерлер, 2 шекарашы, 1 десятник, 2 болыстың пәсірі, 24 шаруа және саптағы емес 9 казак өлтірілген.

б) 11 шаруа, саптағы емес екі казак жарақаттанған.

в) 41 адам хабар ошарсыз кеткен. Тұрғылықты әкімдер арасынан зардап жоқ.

Барлық қыстақтар мен казак бекетінде шалғайдағы жекеленген шаруашылықтарды қосқанда 500-ге жуық шаруашылық зардап шекті, оның ішінде 400-дей үй өртенген, 3000 десятинаға жуық егін жойылған, 1500-дей жылқы, 5000-дай сиыр, 15 мыңдай қой, 1500-дей шошқа, 2500-дей мүйізді уақ мал, 3000-ға жуық құс, құны 2 миллионға жететіндей түрлі мүлік тоналған.

Осынау шығындардың орнын толтыру үшін 14 мың қой, 500-ге жуық өзге мал тартып алынды: оның үстіне Қытайдың өкімет орындары таяу күндерде 31 490 қой, 3079 жылқы, 1785 сиыр, 20 түйе қайтармақ болып отыр.

Мұның үстіне 504 дүкен товарларымен және қазыналық құрлыстарымен жалпы сомасы бір жарым миллион сомнан кем емес Қарқара жәрмеңкесі өртелген” [257].

Ал Чеканинский өзінің 1926 жылғы еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді: «Жаркент уезінде: 17-поселка, 500-шаруашылық, 400 үй, 504 дүкенші, 3000 десятина егіндік жойылды және зардап шекті, жалпы сомасы 444 0007 сом зиян келді дейді. Жәнеде жалпы Жетісу облысы бойынша 67 поселка, 5345-шаруашылық, 2748-үй, 504 дүкенші, жалпы сомасы 20724087 сомның зияны келді: - Адам шығынына келетін болсақ, облыс бойынша орыстардан бары: казак медан және шаруалардан 2094-і өлген, 41-і жараланған, 1163-і хабар – ошарсыз жоғалған: соның ішінде 3 офицер, 53 солдат өлген, 41 солдат жараланған, 74 солдат хабар-ошақсыз жоғалған: - бұл цифрлардың дәл екенін айту қиын, бірақ көтерілістің ауқымы мен ресми материалдардың санын қарап, бұл цифрларды шындыққа жақын деп айтуымызға болады»–дейді [258]. Бұған қарағанда уезд бастығы Ступиннің берген мәліметі мен Чеканскийдің зерттеуінде көп алшақтық жоқ. Сондықтан, отарлаушы елдің шығынын көтерілісшілермен салыстырғанда шамалы ғана деп есептейміз.

Ал енді қарсы жақтың шығындарына тоқталсақ төмендегідей мәліметтерді байқауға болады.

Уезд бастығы Ступин: “ Жаркент уезінің халқы бүлікке дейін 20 болыстан: 6 суан, 14 албан болысынан тұратын еді. 1916 жылғы 1-қаңтарда оларда 17 712 түтін болушы еді, олардың құрамы бұрынғыдан былайша өзгерді:

Көтеріліске дейін	Қазіргі кезде 1916ж. желтоқсан	Көтерілістен соң Қытайға ауғандар
17 712 түтін	5 099 түтін	12 612 түтін

Бұл болыстардың ішінен албандардың барлық 14 болысында, бірқатары түгелімен болмаса да, бүлікке қатысты” [259].

Чеканинский өз еңбегінде Жаркент уезіне қатысты мәліметтерді былай деп береді: [260].

1916 жылғы көтеріліске дейін	1917 ж. 1 қаңтарында қалғаны	Қытайға ауып кеткені
17 096 / 100 /	4 318 /25,62 /	12 718 /74,38 /

Сонымен уезд бастығы Ступинмен зерттеуші Чеканинскийдің мәліметтерінің арасында біраз айырмашылық бар, олар: біріншіден – көтеріліске дейінгі түгін санының сәйкессіздігі. Ступин 616 түгінді кемітіп көрсетеді; екіншіден – қытайға ауғандар санында Ступин 106 түгінді кемітіп көрсетеді. Енді олардың айырмашылығының салдарына тоқталсақ Ступин өзінің жалпылай берген мәліметінде патша жазалаушыларының жауыздығын жасыруға тырысқан немесе дұрыс есептемеген. Ал Чеканинский болса мүмкіндігінше мәліметті ғылыми тұрғыдан зерттеп дәл беруді мақсат тұтқанболса керек. Оны Чеканинскийдің өз ойымен нақтылай түсуге болады: «И так, цифра разоренных, совершенно уничтоженных и перекочевавших в китайские пределы кибиток, выражается следую ими данными: Джаркентский уезд 78,38 /. По этим же цифрам не трудно определить и приблизительную убыль кочевого населения, считая, что на каждую кибитку, по данным переписи, в общем приходилось 5,1 душ обоого пола, что составляет: до восстания 87 190 человек, а к I-му январю 1917 года 22 328 человек, убыло 64 862 человек» [261].

Енді Мұқамеджан Тынышбаевтың мәліметтеріне көз жүгіртіп көрелік: «Қазақтың» 237-ші номерінде Қытайға босқа қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді. Енді бұл туралы анығырақ есеп-қисапқа көшейік. Бұл төменгі көрсетілген есеп шын мөлшерден аз болмаса, көп емес, Піспек, Пржевал уездерінен қашқандардың бәрі қырғыз, Жаркент, Верный уездерінен қашқанның бәрі қазақ / үйсіннің албаны /, барлығы – 238 795 адам, қашқан жан 201 250 адам, қырылғаны 95 200 адам. Жоғарғы 44 болыс елде /қырғыз-қазақ болыстарын қосқанда –Ш. Т. / барлығы 47 мың 759 түгін, сонан қашқаны 40 мың 250 түгін қырылғаны 95 мың 200 жан болды. Бұл есепке қарағанда бұл елдердің босқындарынан жартыға астамы қырылған” [262].

Мұқамеджан Тынышбаевтың есебіне сүйенсек көтеріліске дейін, албан тайпасында – 69 440 жан болған, соның ішінде Қытайға қашқандар – 56 950 жан, қырылғаны – 35 100 адам болып шығады. Қалай десекте, көтеріліс кезінде және одан кейінгі уақытта отаршыл өкіметтің шығынымен салыстырғанда олардың қарсыластарының шығыны әлдеқайда көп екені белгілі. Соның ішінде мал - мүлік шығыны да айтарлықтай көп болды.

Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақовтың 1919 жылы 17 наурызда өткен үшінші Жетісу облыстық қазақ съезінде жасаған баяндамасында: «... бұратаналарды қара жұмысқа шақыру туралы жарлыққа қарсылық барысында қазақтардың 15 мыңға жуық отбасы жойылып, 60 мыңнан

астамы талқандалып олардың көпшілігі Қытай жеріне ауып кетті...»-деп көрсетеді [263].

Чеканинскийдің дерегі бойынша Жаркент уезінде көтеріліске дейін- 67 800 жылқы, 51 261 ірі қара, 2 612 түйе, 568 488 қой-ешкі, 7 577 десятина егіндік болса, көтерілістен соң жылқының – 78,59 %-і, ірі қараның – 63,97 %-і, қой-ешкінің – 81 ,19 %-і, егіндіктің – 22,28 %-і жойылған немесе тартып алынған [264]. Бұған қарағанда көтерілісшілер бар игіліктің 3-тен 2-сінен айырылған. Оның басым көпшілігін отаршыл өкіметтің иеленгені түсінікті. Сапарғалиевтің зерттеулеріне сүйенсек, Жетісу облысындағы қазақтар мен қырғыздардан тартып алынған заттарды сату нәтижесінде 1 миллион 300 мың сом қаржы түскен. Самса және Боранды болыстарынан 1,5 миллион сомның мал-мүлкі тәркіленген [265].

Талай қиыншылықтарды бастан өткерген қазақ және қырғыз халықтары алдағы келер күндерінде ойлап алаңдағаны да, Кеңес үкіметіне күдікпен қарағаны белгілі. Мына бір өлең жолдарынан сондай бір сәтті аңғаруға болады:

Әлі келген кісілер өз жерім деп
Бұрынғы қара орнына барып жатыр.
Жүрегіміз орыстан шошып кеткен
Білмейтін осы күнде неғып жатыр.
Менің көңілім сенбейді кәпіріңе
Бекер сөзге біздің жұрт нанып жатыр
Өзді-өзінің шатағы басылған соң
Бұған да жұрттың бәрі нанып жатыр ...

.
Адасып ақылымен осы күні
Білмеймін қалай қарап жүрерімді,
Өзі қуат бермесе жаппар ие
Жалғаннан үзіп тұрмын күдерімді.
/ “өзді-өзі ... деген ақ пен қызыл” /[266].

Мұндай көңіл-күй өлкегі қазақ-қырғыздың бәріне тән болған еді. Олардың күдігі бекер болмады.... Олардың болашаққа артқан үміті ақталмаған сияқты....

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі түгелімен Ресей империясының отарына айналып, арзан және таусылмас шикізат көзі ретінде қанау мен тонауға түскен болатын.

Сонымен бірге, бауырлас қазақ-қырғыз халықтары да отар ел ретінде саяси, әлеуметтік-экономикалық еркінен айырылып, рухани, ұлттық езгіге ұшырап, ұлт ретінде үлкен күйзеліс ұшырады.

Сонау, ХҮІІІ ғасырдың ортасында басталған Ресейдің империясының өңірдегі отарлау саясаты XX ғасырдың басында өзінің шарықтау шегіне жетті.

Десекте, қазақ пен қырғыз халықтары Ресей империясының отарлау жүйесіне тек қана мойын ұсынып отырмай, ауық-ауық ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып, азаттық үшін күреске шығып тұрды. Бұлардың барлығы да кезінде отаршыл елдің озбыр саясатына білдірген қарсылықтары.

XX ғасырдың басында патшалық Ресей Түркістан өлкесін қанауын одан әрі күшейтті. Өлкеде жер мәселесі шиеленісті, саяси, әлеуметтік-рухани, ұлттық езгі тереңдеді. Халық тұтынатын товарлардың бағасы күрт өсті, салықтың мөлшері көбейді, тұрмыс деңгейі төмендеп кетті. Экономикалық күйзеліс қатты байқалды.

Осындай ел күйзеліске түсіп отырған шақта 1916 жылы маусымда «бұратана» халықтарды қара жұмысқа алу туралы жарлық шығып, оған наразылық білдірген халық билікке қарсы ашық көтеріліске көшті. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстанның көптеген аймақтарында халық көтеріліске шыққан болатын. Жетісудағы қазақ пен қырғыз да ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Оның шығуына өңірде іске асырылғын отаршылдық саясат негіз болды.

Оның басты қозғаушы күші халық бұқарасы. Көтеріліске мүлкітік жіктеліске, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан ауқатты топ өкілдері де бірдей шығып басым көпшілігі жетекшілік жасады. Оған қазақ пен қырғыз қауымының басқа да әлеуметтік топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық сипат алды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің елдің жаппай жерін алуына, ұлттық, саяси-әлеуметтік, рухани езгіге қарсы бағытталды. Көтеріліс барысында ұлтаралық қақтығыс орын алды. Ондай жағдайдың орын алуы патшалық отарлық биліктің жүргізген саясатының бір бағыты халықтарды бір-біріне қарсы қоюының нәтижесі болатын.

Көтеріліс барысында өңірде қалыптасқан жағдай шиеленісті сипат алып, ұлтаралық қақтығысқа ұласты. Патшалық билік тарапынан көтеріліс қатыгездікпен басып-жаншылды. Көтерілісші халық босқыншылыққа ұшырап тағдыр тауқыметін тартты. Қиындыққа тап болған елді құтқарып сақтап қалу мақсатында ұлттық саяси қайраткерлер жанкештілікпен қызмет жасады.

Сонымен, 16-жылғы аласапыран оқиғалар қазақ-қырғыз қоғамында империялық озбырлықпен күресте екі көзқарас және ұстанымның бірдей бой

көрсеткенін байқатты. Олардың бірі батырлар бастаған қол жасақтап, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау әрекеті еді. Өткен ғасырлардан келе жатқан бұл белгілі әдіс 16-жылғы қиын-қыстау заманда тағы да өзін білдіреді. Басқа жол, басқа әдісті әлі танып білмеген қарапайым халықтың басым бөлігі өз батырларының соңына ергенде мұндай әрекеттің арты немен аяқталатынын әуелде жақсы түсіне алмады. Олардың өз арасынан хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың әлі де болса күшінде екендігінің көрінісі еді.

1916-жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ пен қырғыз қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарас және ұстанымның қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Оны ұстанушы ұлттық саяси топ Жетісу жеріндегі билік пен этносаралық қатынастардың ашықтан-ашық келімсектердің пайдасына шешіле бастағанын, сондай-ақ қарсы тұрған жүйенің күші мен айласы да бұрынғыдан мүлдем басқа екендігін ескере отырып, күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттігін, мұндай мақсатты әрекеттің базалық негізі ұлттық саяси тұтастық болып, сол арқылы ұйымдасқан әрі жүйелі әрекетке көшу екендігін халыққа жеткізуге тырысты.

Оқиғалар ағымы екінші көзқарастың сол тарихи кезеңдегі ұлт мүддесіне сәйкес келетіндігін көрсетіп берді. Ұлттық саяси топ өз ретінде жаңа заман, жаңа өзгерістердің келе жатқанын түсіне отырып, енді белсенді әрекетке көшті.

1916 жылғы көтерілістің тамыры тереңде жатты. Алдымен жерін алып, онан соң малын алып, енді «жанын» аламыз дегенде, адам айтқысыз қанауға түсіп шыдамы таусылған халық көтеріліске шығып, патша отаршыл жүйеге қарсы тұрып саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани езгіден құтылу үшін ұлттық тәуелсіздік жолында күреске шыққан болатын және бұл сөзсіз бұған дейінгі болған ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қозыбаев М.Қ. 1916 жылғы ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. – 1992, сәуір – 3.
- 2 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. / отв. ред. А.В. Пясковский, Т.Е. Елеуов и другие. - М.: АН СССР, 1960. – С. 694.
- 3 Семиреченские областные ведомости. – 1917, октябрь - 19.
- 4 Тілеубаев Ш. Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облысы қазақтары өкілдерінің кеңесі // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. - Т. 1. - 191 б.
- 5 Рыскулов Т. Из истории борьбы за освобождение Востока (Восстание туземцев Туркестана против царизма в 1916 году) // Новый Восток. – 1924. - Т. 6. – С. 267.
- 6 Миклашевский А. Социальное движение 1916 года в Туркестане // Былое. – 1924. - № 27-28. – С. 255.
- 7 Бройдо Г.И. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году // Новый Восток. – 1924. – Кн. 6. - С. 434.
- 8 Божко Ф. Восстание 1916 года в бывший Туркестане. К 10 – летию восстания. – Ташкент, 1926. – С. 11.
- 9 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кзыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 135.
- 10 Қыр баласы. (Ә. Бөкейхановтың бүркеншік есімі – Ш.Т.) Шестаков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына. 1916 – 1926. – М., 1926.
- 11 Дулатов М. 1916 жыл // Еңбекші қазақ. – 1926. - № 145. – 5 б.
- 12 Сарымолдаев К. Мое воспоминание о восстании казаков Меркенского района в 1916 году // Красный Казахстан. – 1926. - № 2-3. - 70 б.
- 13 Жүргенов Т. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық // Еңбекші Қазақ. – 1926, сентябрь – 30.
- 14 Шестаков А.В. Спорные вопросы восстания в Средней Азии в 1916 году // Коммунистическая мысль. – 1927. - № 4. – С. 12-14.
- 15 Рыскулов Т. Восстание туземцев в 1916 году: в 2 ч. – Кзыл – Орда: Издание комиссии при КазЦИК-е, 1927. – С. 71.
- 16 Абдрахманов Ю. Незабываемая годовщина // Советская Азия. – 1931. - № 5. – С. 27.
- 17 Восстание 1916 года в Средней Азии // Тез. культпропа Средазбюро ЦК ВКП(б) и САНИИР к 15-й годовщине восстания. – Ташкент, 1931. – С. 3-11.
- 18 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 2-5 п.
- 19 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 18 п.
- 20 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 24 п.
- 21 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 35 п.
- 22 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 43 п.
- 23 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 44 п.

- 24 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 752-іс, 70 п.
- 25 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі //Шоқай М. Тандамалы шығармалар: 3 т. – Алматы: Қайнар, 2007. – Т. 1. - Б. 192-193.
- 26 Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарыхы. – Бишкек: Учкун, 1993. – К. 2.
- 27 Брайнин С., Шафиро Ш. Восстание казахов Семиречья в 1916 году. Алма-Ата – М.: Казахстанское краевое изд-во, 1936. – С. 40.
- 28 Сулейменов Б. Основные вопросы истории восстания 1916 года в Казахстане // Известия АН КазССР. Серия историческая. – 1948. - № 49. – С. 6-10.; Кулиев О., Якунин А. Восстание 1916 года в Средней Азии //Вопросы истории. – 1953. - № 3. – С. 18-20.; Народно-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-Ата, 1955.
- 29 Материалы Объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. – Ташкент, 1955. – С. 271.
- 30 Тұрсынов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент, 1962.; Үсенбаев К. Восстание 1916 года в Киргизии. – Фрунзе, 1967.; Сүлейменов Б., Басин В. Восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-Ата, 1977.
- 31 Омурбеков Т.Н. Участие народностей Семиречья в национально-освободительном движении в начале XX века: автореф. ... канд. истор. наук. – Фрунзе, 1986.
- 32 Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ) // Матер. Всесоюзного «круглого стола». – Целиноград: аль – Фараби.– 1991.
- 33 Кенжебаев Н.Т., Бисенбаев А.К. Проблемы восстания 1916 года. // Вестник АН РК. – 1992. - № 1. – С. 80-81.
- 34 Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. - 1992, сәуір - 3.
- 35 Қозыбаев М. Тағы да Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы туралы //Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 126 б.
- 36 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.; Соныкі. Алаш қозғалысы. /Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы/. – Алматы: Мектеп, – 2008. - 480 б.;
- 37 Аманжолова Д. Партия Алаш: история и историография: учебное пособие /Семипалатинский педагогический институт им. Шакарима. – Семипалатинск, 1993. – 137 с.
- 38 Қасымбаев Ж. 1916 жылғы июнь жарлығы – заңсыздық //Егемен Қазақстан. - 1996, сәуір - 16.
- 39 Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки: матер. Междунар. науч.-теоретич. конф. - Алматы, 1996, октябрь - 18.
- 40 Ермұқанов Е.Н. 1916 жылғы көтеріліс тарихының кейбір мәселелері (Ақмола және Семей облыстарының материалдары бойынша): тар. ғыл. канд. ...

автореф. – Алматы, 1993. - 30 б.; Құрманбеков Б. Н. 1916 жылғы көтеріліс тарихының мәселелері (Батыс Қазақстан облысының материалдары бойынша): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. - 28 б.; Ибрагимов Ж.И. 1916 ұлт-азаттық көтеріліс. Хандық биліктің жаңғыруы. (Сарыарқа өңірі материалдары бойынша): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Қарағанды, 1999. - 27 б.; Бекмағанбетов Ө.Ж. Жезқазған – Ұлытау өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және оның тарихи сабағы: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2001. – 27 б.

41 Төлекова М. Жетісу халқы (1897-2000 жж.). – Алматы, 2002.

42 Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.) – Астана: Елорда, 2004. – Б. 171-189.

43 Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы: Қазақпарат, 2000. – Б. 206-248.; Мұқаметханұлы Н. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – Б. 118-166.

44 Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 276 б.; Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі): тар. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 246 б.

45 Новейшая история отечества XX века: учебник для вузов: в 2 т. - М., 1999. - Т. 1. - С. 16-17.

46 Россия. Полное географическое описание нашего отечество.– СПб., 1913. – Т. XIX. - С. 345.

47 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи. Семиреченская область. – СПб., 1897. - Т. 35. – С. 4.

48 ӨР ОММ. - И-1-қ., 20-т., 1753-іс., 14 п.

49 История Узбекистана. – Ташкент, 1995. – С. 145.

50 История и историография национально-освободительных движений второй половины XIX – XX вв. Средней Азии и Казахстане. – Ташкент, 1989. – С. 219.

51 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т.1. - 267 б.

52 ӨР ОММ. - И-1-қ., 29-т., 77-іс., 17 п.

53 ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5572-іс., 2 п.

54 ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5587-іс., 12 п.

55 Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (исторический очерк). – Ташкент, 1926. – С. 5.

56 ҚР ОММ. - 41-қ., 1-т., 252-іс., 340 п.

57 ӨР ОММ. - И-1-қ., 1-т., 17654-іс., 58 п.

58 ӨР ОММ. - И-1-қ., 2-т., 124-іс., 18-19 п.

59 ӨР ОММ. - И-1-қ., 2-т., 124-іс., 15-п.

60 Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. – Алматы, 1996. – С. 73.

61 ҚР ОММ. - 124-қ., 1-т., 7-іс., 28-30 п.

- 62 Зайнчковский П.А. Кризис самодержавия на рубеже 1870 – 1880 годов. – М., 1964. – С. 402.
- 63 ӨР ОММ. - И-1-қ., 27-т., 659-іс., 22-49 п.
- 64 ӨР ОММ. - И-1-қ., 27-т., 659-іс., 77 п.
- 65 Кривков А.Л. К вопросу о террористической деятельности революционеров Южного Казахстана // Отан тарихы. - 2000. - № 1- 2. – С. 158.
- 66 Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – С. 27.
- 67 Перегудова З.И. Политический сыск России (1887–1917). – М.: РОССПЕН, 2000. – С. 123-124.
- 68 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1026-іс., 26 п.
- 69 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1026-іс., 5-6 п.
- 70 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1026-іс., 85-87 п.
- 71 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1025-іс., 5-6 п.
- 72 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1172-іс., 246 п.
- 73 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 2 а -іс., 195-196 п.
- 74 Галузо П.Г. Туркестан – колония: очерки истории колониальной политики царизма в Средней Азии. – Ташкент, 1926. – С. 199.
- 75 ӨР ОММ. - И-461-қ., 1-т., 1319-іс., 31-196 п.
- 76 Тынышбаев М. Ұлы мәртебелі мырзаға //Қазақ әдебиеті. – 1990, қазан - 26.
- 77 РФ ММ. - 102-қ., 146-т., 7-іс., 65-66 п.
- 78 РФ ММ. - 102-қ., 146-т., 7-іс., 66 п.
- 79 Восстание 1916 года в Средней Азии: сб. докум / под ред. П.Г. Галузо. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1932. – С. 147.
- 80 ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты. - 6-қ., 011494-іс., 98-99 п.
- 81 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Б. 100-101.
- 82 Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алматы, 1960. – Т.1. - С. 395.
- 83 Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алматы, 1960. – Т.1. - С. 395-396.
- 84 Қазақстанның территориялық тұтастығы мәселесіне // Жетісу. – 1990, қазан - 3.
- 85 Леденев Н. История Семиреченского казачьего войска. – Верный, 1908.; Обзор Семиреченской области за 1912 год. – Верный, 1913. – С. 34.
- 86 Покровский С.М. Победе Советской власти в Семиречье. – Алма-Ата, 1961. – С. 19.
- 87 Рабочее и аграрное движение в Казахстане // Сб. докум. и матер. – Алма-Ата, 1957. – С. 461.
- 88 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – С. 165.
- 89 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – С. 203.

- 90 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – С. 205.
- 91 Рабочее и аграрное движение в Казахстане //Сб. докум. и матер. – Алма-Ата, 1957. – С. 519.
- 92 Муқанов М.С. Этническая территория казахов в XIX – в начале XX вв. – Алма-Ата, 1991. – С. 29.
- 93 Рабочее и аграрное движение в Казахстане //Сб. докум. и матер. – Алма-Ата, 1957. – С. 84.
- 94 Шкапский О.А. Переселенцы и аграрный вопрос в Семиреченской области // Вопросы колонизации. – СПб., 1907. - № 1. – С. 19-52.; Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. – СПб., 1907. – С. 97.
- 95 Покровский С.М. Победе Советской власти в Семиречье. – Алма-Ата, 1961. – С. 22.
- 96 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 180 п.
- 97 Рабочее и аграрное движение в Казахстане //Сб. докум. и матер. – Алма-Ата, 1957. – С. 87.
- 98 Юсупов И.И. Участие дунган в установлении Советской власти в Семиречье. – Фрунзе, 1959. – Б. 8.
- 99 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – С. 274.
- 100 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965. – С. 274-275.
- 101 Омурбеков Т.Н. Участие народностей Семиречья в национально-освободительном движении в начале XX века: дис. ... канд. истор. наук. – Фрунзе, 1986. – С. 114.
- 102 Омурбеков Т.Н. Участие народностей Семиречья в национально-освободительном движении в начале XX века: дис. ... канд. истор. наук. – Фрунзе, 1986. – С. 117.
- 103 Турсынбаев А. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата, 1967. – С. 25.
- 104 Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ) // Материалы Всесоюзного «круглого стола». – Целиноград, аль – Фараби, 1991. – С. 104.
- 105 Восстание 1916 года в Туркменстане: докум. и матер. – Ашхабад, 1938. – С. 218.
- 106 Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-Ата, 1977. – С. 57.
- 107 Усенбаев К. Восстание 1916 года в Киргизии. – Фрунзе, 1967. – С. 84.
- 108 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 8 б.
- 109 РФ ММ. - 1701-қ., 1-т., 35-іс., 38-п.
- 110 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане / отв. ред. А.В. Пясковский, Т.Е. Елеуов //Сб. докум. – М., 1960. – С. 37.
- 111 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы, 1992. - 30 б.

- 112 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 8 б.
- 113 ӨР ОММ. - 461-қ., 1-т., 1888 а -іс., 24-28 п.
- 114 Николай II и великие князья (родственные письма к последнему царю). – Л. – М.: ГИЗ, 1925. – С. 37.
- 115 Рыскулов Т. Из истории освободительной борьбы Востока // Новый Восток. – 1924. - Т.6. – 273 б.
- 116 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 757-іс., 18 п.
- 117 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20070-іс., 162 п.
- 118 Бройдо Г.И. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году // Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек, 1991. – 111 б.
- 119 Қыр баласы. Шестаков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына 1916 – 1926. – М., 1926.
- 120 ҚР ПМ. - 141-қ., 1-т., 948-іс., 6-п.; Т. Рыскулов. О восстании казаков и каракиргиз в 1916 году //Красный Казакстан. – 1926. - № 1. – С. 14.
- 121 ҚР ОММ. - 797-қ., 1-т., 50-іс., 45 п.
- 122 ҚР ОММ. - 797-қ., 1-т., 50-іс., 79 п.
- 123 Донесение Военного губернатора Семиреченской области генерала Фольбаума Туркестанскому генерал-губернатору А.Н. Куропаткину в конце 1916 года //Красный архив. – М., 1926. – Т. 3 (16). - С. 68.
- 124 Донесение Военного губернатора Семиреченской области генерала Фольбаума Туркестанскому генерал-губернатору А.Н. Куропаткину в конце 1916 года //Красный архив. – М., 1926. – Т. 3 (16). - С. 70-71.
- 125 Орынбор, 1 январь //Қазақ. – 1918. - № 258. – 1 Б.
- 126 ӨР ОММ. - И-1-қ., 31-т., 1139-іс., 1-2 п.
- 127 Восстание 1916 года в Средней Азии /под ред. П.Г. Галузо //Сб. докум.– Ташкент: Госиздат УзССР, 1932. – С. 126.
- 128 Восстание 1916 года в Средней Азии /под ред. П.Г. Галузо //Сб. докум. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1932. – С. 144-145.
- 129 Восстание 1916 года в Средней Азии /под ред. П.Г. Галузо //Сб. докум. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1932. – С. 126.
- 130 ҚР ОММ. - 427-қ., 1-т., 154-іс., 4 п.
- 131 ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5149-іс., 3-9 п.
- 132 ҚР ОММ. - 109-қ., 1-т., 6-іс., 5-6 п.
- 133 ҚР ОММ. - 427-қ., 1-т., 166-іс., 2 п.
- 134 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20055-іс., 3-4 п.
- 135 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 614-615 п.
- 136 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 6 п.
- 137 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 443 п.
- 138 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 445 п.
- 139 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 303п.
- 140 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 356-373п.
- 141 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 223-п., 625 п.
- 142 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20034-іс., 11п.

- 143 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20045-іс., 2 п.
- 144 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 443 п.
- 145 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 623-п., 627 п.
- 146 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 625 п.
- 147 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 3 п.
- 148 1916 жыл. – Алматы, 1940. – 326 б.
- 149 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 175-177 п.
- 150 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 17-п.
- 151 ҚР ОММ. - 19-қ., 1-т., 623-іс., 157-158 п.
- 152 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 19370-іс., 1 п.
- 153 Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.) – Астана: Елорда, 2004. – Б. 188.
- 154 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 17 б.
- 155 ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 2086-іс., 2-п.
- 156 Восстание 1916 года в Казахстане: докум. и матер /под ред. Б.С. Сулейменова. – Алма-Ата, 1947. – С. 50-51.
- 157 ҚР ОММ. - 76-қ., 2-т., 204-іс., 10-11-п.
- 158 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане /отв. ред. А.В. Пясковский, Т.Е. Елеуов //Сб. докум. – М., 1960. – С. 323.
- 159 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 13 б.
- 160 Қарқара айбат: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 19 б.
- 161 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 30 б.
- 162 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 31 б.
- 163 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кзыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 22.
- 164 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 191 б.
- 165 Тынышбаев М. Босқын қырғыз-қазақ жайы // Қазақ. – 1917. - № 254. – 2 Б.
- 166 ҚР ОММ. - 13-қ., 1-т., 1-іс., 6 п.
- 167 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 230 б.
- 168 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы, 1979. – Т. 3. - Б. 455-456.
- 169 Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. - 1992, сәуір - 3.
- 170 Қазақтан солдат алу // Қазақ. – 1915. - № 153. – 1 Б.
- 171 Қазақтан солдат алу туралы // Қазақ. – 1915. - № 153. – 2 Б.
- 172 Известия Всероссийского Мусульманского Совета. – 1915. - № 15. – С. 16.

- 173 ӨР ОММ. - 461-қ., 1-т., 1887-іс., 308-311 п.
- 174 Қазақтан солдат алу туралы // Қазақ. – 1915. - № 154. – 1 Б.
- 175 Қазақтан солдат алу туралы // Қазақ. – 1915. - № 154. – 2 Б.
- 176 Дулатұлы М. Г. Дума һәм солдаттық мәселесі //Қазақ. – 1915. - № 166. – 1 Б.; Солдаттық мәселесі // Қазақ. 1915. - № 168. – 2 Б.; Қазақ әскерге алыну мәселесі // Қазақ. 1915. - № 177. – 1 Б.
- 177 Әскер алса //Қазақ. – 1915. - № 168. – 3 Б.
- 178 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 247 б.
- 179 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 248 б.
- 180 ҚР ОММ. - 797-қ., 1-т., 50-іс., 79 п.
- 181 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Санат, 1993. - 42 б.
- 182 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 250 б.
- 183 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 251 б.
- 185 ҚР ОММ. - 51-қ., 1-т., 98-іс., 14 п.
- 186 185 ҚР ОММ. - 51-қ., 1-т., 98-іс., 16-17п.
- 187 Қазақ ұлт – азаттық қозғалысы. Жетісу – Ыстықкөл қасіреті: құжаттар мен материалдар жинағы. –Астана: Ел-Шежіре, 2007. – Т. 2. – Б. 32-36.
- 188 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 253 б.
- 189 ҚР ОММ. - 797-қ., 1-т., 46-іс., 401-410 п.
- 190 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 253 б.
- 191 Тілеубаев Ш. Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облысы қазақтары өкілдерінің кеңесі // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. - Т. 1. - 191 б.
- 192 Ғалихан, Ахмет, Міряхұп. Алаштың азаматына //Қазақ. – 1916. - № 192. – 1 Б.
- 193 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 254 б.
- 194 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Санат, 1993. - 42 б.
- 195 Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961. – С. 110-112.
- 196 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 257 б.
- 197 Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 году //Сб. воспоминаний и материалов. – Алматы, 1937. – С. 290.
- 198 Тынышбаев М. Босқын қырғыз-қазақ жайы // Қазақ. – 1917. - № 254. – 2 Б.

- 199 ҚР ОММ. - 9-қ., 1-т., 34-іс., 17-п.
- 200 ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты. - 6-қ., 04727-іс., 299-301-п.
- 201 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 258 б.
- 202 ҚР ОММ. - 19-қ., 1-т., 623-іс., 157-158-п.
- 203 Мятёж киргиз Семиреченской области в 1916 году. (Его причины, течение и постепенная ликвидация). ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 692-іс., 31-32-пп.
- 204 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 19370-іс., 1-п.
- 205 Доклад Пржевальских депутатов краевому Совету //Наша газета. - № 47-49.; ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 140-іс., 55-57-п.
- 206 ҚР ПМ. - 811-қ., 20-т., 73-іс., 1-п.
- 207 РМӘСТМ. - 71-қ., 34-т., 1488-іс., 14-п.
- 208 ҚР ОММ. - 9-қ., 1-т., 27-іс., 4-п.
- 209 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - 260 б.
- 210 Жұртбаев Т. 1916 жыл. «Әскери серуен сойқаны» // Қазақ әдебиеті. - 1990, қыркүйек - 28.
- 211 Қазақ ұлт – азаттық қозғалысы. Жетісу – Ыстықкөл қасіреті: құжаттар мен материалдар жинағы. –Астана: Ел-Шежіре, 2007. – Т. 2. - 5 б.
- 212 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 14 б.
- 213 Қыр баласы. (Ә. Бөкейхановтың бүркеншік есімі – Ш.Т.) Шестаков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына. 1916 – 1926. – М., 1926.
- 214 Брайнин С., Шафино Ш. Восстание казахов Семиречья в 1916 году. Алма-Ата – М.: Казахстанское краевое изд-во, 1936. – С. 53.
- 215 Хроника о казаке // Семиреченская жизнь. – 1916, сентябрь – 4.
- 216 ӨР ОММ. - Р-17-қ., 1-т., 236-іс., 10-п.
- 217 ӨР ОММ. - Р-17-қ., 1-т., 236-іс., 17-18-п.
- 218 Рыскулов Т. Восстание туземцев в 1916 году: в 2 ч. – Кзыл – Орда: Издание комиссии при КазЦИК-е, 1927. – С. 96.
- 219 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - Б. 36-37.
- 220 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 176 п.
- 221 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 184 п.
- 222 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 19370-іс., 1-п.
- 223 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 176-п.
- 224 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 183-п.
- 225 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 184-п.
- 226 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 185-п.
- 227 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 5073-іс., 7-п.
- 228 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 5073-іс., 8-п.
- 229 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 5073-іс., 8-9-п.
- 230 ҚР ОММ. - 380-қ., 1-т., 1-іс., 186-п.

- 231 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 5073-іс., 10-п.
- 232 ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 5073-іс., 11-п.
- 233 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы // Жетісу. – Астана, 2008. – Т. 11. - Б. 70-80.
- 234 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 5073-іс., 7-12 пп.
- 235 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 31-32 б.
- 236 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 38-39 б.
- 237 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 166 б.
- 238 ҚР ОММ. - 427-қ., 1-т., 166-іс., 2-10 п.
- 239 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 167 б.
- 240 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 117 б.
- 241 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 39 б.
- 242 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 23 б.
- 243 Қазақ ұлт – азаттық қозғалысы. Жетісу – Ыстықкөл қасіреті: құжаттар мен материалдар жинағы. –Астана: Ел-Шежіре, 2007. – Т. 2. - 5 б.
- 244 Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. - 1992, сәуір - 3.
- 245 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – Т. 1. - Б. 31.
- 246 А. Найманқожа баласы. Босқын қырғыз жай-күйі // Қазақ. 1917. - № 231. – 2 Б.
- 247 Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті // Қазақ. 1917. - № 232. – 1 Б.
- 248 Дулатұлы М. Оян қазақ! // Қазақ. 1917. - № 233. – 1 Б.
- 249 Дулатұлы М. Аш-жалаңаш қазақ-қырғызға жылу жинайтын комитет ашылғанды // Сарыарқа. 1918. – 33. 1 Б.
- 250 Алаш азаматтарына // Қазақ. 1917. - № 233. – 1 Б.
- 251 Жәрдем комитетінің мәліметі //Қазақ. 1917. - № 233. – 2 Б.
- 252 Байзак Мамбетұлы и его современники: сб. документов и материалов /Сост. Қойгелдиев М.К., Тлеубаев Ш.Б., Оразов Р.Е., - Алматы: л-Шежіре, 2008. С. 7.
- 253 Арабаев И. Бишара қырғыз бауырдарыңды ұмытпаңдар // Қазақ. 1917. - № 23. – 1 Б.
- 254 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 117 б.
- 255 Жүнісов Ә. // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. - Т. 4. - 177 б.

- 256 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 39 б.
- 257 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кызыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 25.
- 258 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кызыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 45.
- 259 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 167 б.
- 260 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кызыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 25.
- 261 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кызыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 41.
- 262 Тынышбаев М. Босқын қырғыз-қазақ жайы // Қазақ. – 1917. - № 254. – 2 Б.
- 263 РФ ММ. - 1701-қ., 1-т., 35-іс., 38-39-п.
- 264 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – Кызыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана, 1926. – С. 47.
- 265 Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. – Алматы, 1996. – С. 364.
- 266 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991. – 81-82 б.